дірген болатын. Осылайша исламдық дискурсты және оның Қазақстан қоғамындағы діни сананы қалыптастырудың мәнін объективті ашып зерттеу мен ортағасырлық Қазақстандағы тәңіршілдік кеңістігінде ханафи мазхабын қабылдаудың рөлі және маңызды тарихи факторларын ашып көрсетудің қажеттілігі шынайы туындаған болатын. Азаматтық қоғам мен зайырлы мемлекеттің дінмен сұхбаттық стратегиясын құру мақсатында қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени, құқықтық және діни саясатының дұрыс бағдармен жүргізілуі өзекті әрі маңызды болып саналады. Бұл сәтте ханафи мазхабына ерекше мән берілуде. Өйткені ханафиттік мазхаб өзге мазхабтармен салыстырғанда, ислам дәстүрі мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен үйлесе алады. Мысалы белгілі бір аймаққа тән жергілікті халық дәстүрін үйлестіре отырып, заманауи өзекті мәселелерді де назарынан тыс қалдырмауға тырысады. Сонымен қатар заманауи дискурсқа түсе алатын сұхбаттық исламдық доктрина екендігін де ескерді.

Әрине ханафи мазхабы туралы кеңінен қозғауға болады. Бұл мазхабқа деген сұраныс исламистер, яғни түрлі радикалдық топтардың өкілдері қатысып, олардың әрекетінен кейін орын алған бірқатар жарылыстардан кейін өзекті бола түсті. Өйткені ханафи мазхабының идеологиясы біртекті толерантты исламдық бағыттың дамуына оң әсер етеді.

Мұндай сұхбаттық консенсус пен «конструктивті қатысу» және мәдени плюралистерді жақтаушылармен қатар, ғасырлар бойына келе жатқан ханафи мазхабы таралған елдердегі діни ахуалды өзгертуге тырысқан радикалды исламдық топтардың өкілдері қызығып отыр. Сол себепті де болар деструктивті ислами дискурс тарапынан ханафи мазхабының идеологиясын жоюды қарқынды түрде жалғастырып келеді. Өйткені ханафи мазхабы таралған ұланғайыр территорияларда исламға бет бұрғызу, дұрыс жолдағы дінге оралу идеясын бүркеніп, жалпы әлемдік исламдық идеологиясымен қатар, жаңа тәртіпті орнату «дәстүрлі емес» исламдық топтардың мақсаты болып отыр.

Мұндай қауіпті үдеріс исламдық идеологияны төменнен жоғарыға емес, жоғарыдан төмен жүргізіліп келеді. Демек азаматтық қоғамның орнауына кері әсер етіп отырған топтардың артында үлкен күштер жасырынып отырғаны белгілі болып отыр. Себебі жекелеген мемлекеттік саяси құрылымдардың өзіне де радикалды-исламдық идеология еніп кеткендігі болып отыр. Өкінішке орай мұндай әлемдік үдеріске айналып отыр. Сондықтан ханафи мазхабына деген сұраныс, оның құндылықтарын сақтау өзімізге тін дәстүр мен дінімізді сақтап қалудың негізгі жолы болып табылып отыр.

Жалпы Қазақстандағы азаматтық қоғамның орнауына тікелей әсер етуі тиіс ислам діниндегі мазхабтар исламдық ғылымның қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Өйткені теориялық ойлауды, сенім мен ақыл мәселесін еркін талқылап, адамның әрекеттерін исламдық құқық тұрғысынан пайымдауды дамытады. Ал қазақстандық азаматтық қоғамды орнатуда ерекше мән берілген ханафи мазхабы өзге мазхабтарға қарағанда, әлеуметтік өмірдің барлық саласында өзінің ақыл мен ойға жүгінетін көзқарасымен, өзге діни сенім мен мәдениеттерге толерантты қарайтындығымен ерекшеленеді. Тәжірибе көрсеткендей ортағасырлық исламдық қоғамдағы өмір сүру салтының ханафилік үлгісі білім, ғылым мен тәрбиеге негізделді. Өнегелі істерге негізделген исламдық құқықтық база мұсылман үмбетінің адамгершілік және құқықтық заңдылықтары үшін әзірленген. Осы бағытта ханафи мазхабы заңға сәйкестілікті, жауапкершілікті және категориялық адамгершілік пен исламдық императивтерді дамытуға ден қойды.

Азаматтық қоғам орнатуға тырысқан зайырлы Қазақстанның ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, мәдени тұтастықты қалыптастыруға ұмтылуы, шынайы еркіндікке қол жеткізуге тырысушылығы және ең бастысы «Мәңгілік ел» құруға ұмтылуы бүгінгі жаһандану жағдайында дамып отыр. Жаһандық бәсекелестік тек саяси, әлеуметтік-экономикалық саламен қатар, рухани тәуелсіздік тұрғысынан да аса маңызды. Осы себепті де дін негіздерін терең теориялық зерттеу мен әлемдік діндердің рухани-адамгершілік қуаты мен гуманистік бағытын айқындау ерекше маңызды мәселе. Өйткені осы зерттеулер арқылы қазақстандық азаматтық қоғам мен дін арасындағы қарым-қатынастардың бағыты мен бағдарын дәл анықтауға болады. Мемлекетіміздегі діни жағдай үшін тарихи ретроспектива мен тарихтың тағылымы мен тәжірибесі аса маңызды. Еліміздің тарихи және рухани сондай-ақ мәдени дамуындағы діннің рөлін дәстүр мен қазіргі заман арақатынасында қайта бағалауы тиіс. Бұл осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының еншісіндегі мәселе. Өйткені азаматтық қоғам мүшелерінің қазақы болмыс пен діни үлгісін реконструкциялау арқылы ислам дінін тек сөз жүзінде емес, рухымен қабылдаған қазақы діни сананың дискурсивті үлгілері мен құндылықтықтарды бойына сіңіріп, күнделікті өмірінің

өзегіне айналдыра алуы – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Әсіресе ғылыми-зерттеу жұмыстары рухани дәстүр мен «дәстүрлі» діндердегі негізгі парадигмалық контекстерін белгілеу, «дәстүрлі» діндердегі толеранттылық пен сұхбаттасудың жолын әлі де болса ғылыми тұрғыдан тұжырымдау аса қажет. Жатжерлік діни идеологияның қазақстандық азаматтық қоғаммен бірегейлігіне теріс әсерін ғылыми тұрғыда дәлелдеудің қажеттілігі сезілуде.

«Тілі мен діні сақталмаған ұлт өз болмысын сақтай алмайды. Болмысынан айрылған ұлттың дүнияуи құндылықтарын қорғауға да қабілеті қалмайды. Ұлттық құндылықтар мен дін қағидалары бір-бірінен бөлек қарастырылса, тарих сахнасынан алдымен тұтастай буын, соңынан біртұтас ұлт жоғалады» [7, 8 б.]. Ал біздің пікірімізше ұлттың жойылуына алғышарттар жасалса – азаматтық қоғамның қалыптасуындағы олқылықтар туды деген мәселенің ұшы.

Біздің еліміздің ұлттық құндылықтары дәстүрлі діни құндылықтарымен біте қайнасып кеткен. Кеңес билігі жылдарында жетпіс жыл ұрпақтар арасындағы бұл сабақтастық үзілгенімен, рухани ізденістегі жастар өз мұқтаждықтарын басқа жақтан іздеуге мәжбүр болуда. Бұл сөзсіз азамттық қоғамның қалыптасуындағы діннің теріс әсерін білдіруде.

Діннің қазіргі әлем мен қоғамда алар орны және қызметі туралы біржақты баға беріп, оның азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамуына қосар үлесін дәл анықтау мүмкін емес немесе өте қиын мәселе болып табылады. Өйткені діннің қоғамдағы орны мен оның қоғам дамуына әсерін дәл анықтап айту өте қиын мәселе. Мысалы мұндай тәжірибе ғасырлар бойына адамгершілік пен изгіліктің көзі болып келген исламның XXI ғасырда лаңкестік пен қорқыныштың бастамасы сияқты осындай күй кешетіндігін дәл болжау қиын еді. Міне сондықтан дінге қатысты да біржақты пікір білдіру ісі оңай емес. Дегенмен бір анық болғаны дін қоғамда ерекше қызмет атқарады. Оның басты себептері ретінде соңғы жылдары адамзат баласының дінге бет бұрып, діндар бола бастауымен байланыстыруға да болатын шығар. Өйткені зерттеушілердің пікірінше, жер шарының 2/3 өзін дінге немқұрайлы қарамайтындықтарын білдірген екен. Олардың қатарында дінді басқару үшін ойлап табылған құрал ретінде де бағалайтындар да кездеседі.

Діннің қазіргі қоғамдағы алар орнына қатысты бірқатар сыртқы факторлар әсер етіп отырады. Соның бірі – саясат. Қазіргі әлемдік саясат пен діннің даму үрдісіне мән берсек, саяси жымысқы ойындар нәтижесінде әлемдік діндер өздерінің негізінен айрылып, қазіргі заманда жаңа келбетке де ие бола бастағанын байқауға болады. Әрине XXI ғасыр – технократтар заманы болып табылатыны анық. Нарықтық экономикамен ұштасып келген технологиялардың өсуі және заман талаптарының да күшейе түсуі діннің қоғамдағы атқаратын қызметін азайта алған жоқ. Мұны осы саланың танымал зерттеушілері Юрген Хабермас сынды ғалымдары да мойындаған. Ол дінді мәні жоғалып бара жатқан әлемнің баламалы қоры деп санаған [8, 33 б.]. Тіпті дін мен руханилық әлемдегі ақыл мен санаға негізделген рационалды түсініктердің артуына қарамастан үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұл дегеніміз қазіргі замандағы әсіресе ғылым мен техника саласындағы ғалымдардың жетістігі дінді қоғамның аса бір маңызды бөлшегі болып қалудан ажырата алмады.

Қазақстан Республикасының егемендік алуы – азаматтық қоғамды қалыптастыру үдерісін басталуына түрткі болды. Дәл осы түрткі өз кезегінде діннің де қайта сұранысқа ие болуына жалғасқан болатын. Әрине бұл істе барлығы сәтті болды деп айту да асығыстық болар. Өйткені тәуелсіз Қазақстан Республикасы жаңа әрі бұрын-соңды кездеспеген қиындықпен бетпе-бет келді. Мемлекет ішіндегі ахуал көп конфессиялық бірлікті құрады. Оның құрамы дәстүрлі ислам және христиан дінімен қатар оның тармақтарынан да тұрды. Бұл өз кезегінде жаңа қазақстандық қоғамның ішіне «дәстүрлі емес» дін өкілдерінің де қызметін тоғыстырды. Демек Қазақстандық көп конфессиялық қоғам ұзаққа созылған үдеріс барысында емес, соңғы жиырма бес жылдағы жаңа саяси-әлеуметтік өзгеріс барысында қалыптасты.

Азаматтық қоғам құрушы кез келген демократиялық мемлекет азаматтарыдың діни сенімін таңдауына еркіндік беруі тиіс. Сонымен қатар мұндай мемлекет өз азаматтарына кері әсер ететін діни ұйымдардың да қызметіне толық бақылау орнатып, болдырмауы тиіс. Бұл азаматтық қоғамды қалыптастырудағы маңызды екі қадам деп айта аламыз. Өйткені конфессиялар арасындағы түсіністік, мемлекет азаматтарының дін еркіндігін, тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтаудың маңызды жолы болып табылады [9]. Азаматтық қоғамды қалыптастыру барысындағы «дәстүрлі емес» діндердің кері әсерін тарих ғылымдарының докторы К.Н. Бұрханов былай деп түсіндірген болатын:

«кез-келген радикалды, ұлтшылдық идеялары қоғам үшін және ұлтаралық қарым-қатынастар үшін аса қауіпті» дей келе, діннің саясилануы өте қауіпті жайт екендігіне баса назар аударған болатын [10].

Азаматтық қоғам орнатуға бағыт алған мемлекеттер адам құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін діни ұйымдардың қызметіне жол бермеуі тиіс. Азаматтық қоғамның маңызды бөлігі мен құрылым болып табылады.

Әдебиеттер

1 Гражданское общество и религия (Концепция Семена Франка) //Христианская мысль: политическая теология. – Т. IX. – СПб., 2006. – 224 с.

2 Ленин В.И. Об отношении рабочей партии к религии // Полн. собр. соч. – Т. 17. – М., 1974. – 416 с.

3 Шевченко М.Л. Способны ли мусульмане принимать участие в построении гражданского общества или являются его непримиримыми противниками? // Электрондық ресурс: http://niiss.ru/s_docladi6.shtml

4 Двадцать лет религиозной свободы в России / под ред. А. Малашенко и С. Филатова. – М., 2009. – С. 241.

5 Хеба Рауф Иззат. Ислам и демократия. Совместимы ли они друг с другом? // Ислам и право в России: Проблемы реализации законадательство о свободе совести и религиозных объединениях в отношении российских мусульман (Северный кавказ, Поволжье). Материалы международного семинара. – М., 2004. – 147 с.

6 Бурова Е.Е., Косиченко А.Г. Қазақстан Республикасында діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 135 б.

7 Әбдірәсілқызы Айнұр. Дін. Дәуір. Дәстүр: Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Баспалар үйі, 2014. – 296 б.

8 Мали С. Роль религии в постсекулярном обществе. О философии религии Ю. Хабермаса // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 11. Социология. – 2006. – №3. – С. 33.

9 Дабжанова Ж. Проблема трансформации казахстанской модели межконфессионального диалога // Взаимодействие религий в Республике Казахстан: материалы республиканской научно-теоретической конференции. – Алматы, 2006. – С. 67-76.

10 Бурханов К. Главное – слушать и услышать друг друга // Литер неделя. – 2010. – 11 февраля.

References

1 Grazhdanskoeobshestvo I religiya (KoncepciyaSemenaFranka) //Hristianskayamysl': politicheskayateologiya. Tom IX. – SPb., 2006. – 224 s.

2 Lenin V.I. Ob otnoshenii rabochey partii k religii// Poln.sobr.soch. T. 17. – M., 1974. – 416 s.

3 Shevchenko M.L. Sposobny li musul'mane prinimat' uchastiye v postroenii grazhdanskogo obshestva ili yavlyayutsya ego neprimirimymi protivnikami? // Electrondyk resurs: http://niiss.ru/s_docladi6.shtml

4 Dvadcat' let religioznoisvobody v Rossii / pod red. A. Malashenko I S. Filatova. M. 2009. – S. 241.

5 HebaRaufYzzat. Islam I demokratiya. Sovmestimy li oni drug s drugom? // Islam I pravo v Rossii: Problemyrealizaciizak onodatel'stvo o svobodesovesti I religioznyhob'edineniyah v otnosheniirossiiskihmusul'man (Severnyikavkaz, Povolzh'e). Materialymezhdunarodnogoseminara. – M., 2004. – 147 s.

6 Burova E.E., Kosichenko A.G. Kazakstan Respublikasynda diny ahualdy damytudyn ozekti maseleleri. – Almaty: KR BGM GK FSDI, 2013. – 135 б.

7 Abdirasilkyzy Ainur. Din. Dauir. Dastur: Zertteuler, maqalalar, suhbattar. – Almaty: Baspalar uyi, 2014.– 296 б.

8 Mali S. Rol' religii v postsekulyarnomobshestve. O filosofiireligiiU.Habermasa // Social'nye I gumanitarnyenauki. OtechestvennayaIzarubezhnayaliteratura. Seriya 11. Socioligiya. – 2006. – №3. – C. 33.

9 Dabjanova Z. Problema transformacii kazakhstanskoi modeli mezhkonfessional'nogo dialoga // Vzaimodeistvie religii v Respublike Kazakhstan: materialy respublikanskoi nauchno-teoreticheskoi konferencii. – Almaty, 2006. – C. 67-76.

10 Burhanov K. Glavnoe – slushat' I uslyshat' drug druga // Liter nedelya. – 2010. – 11 fevralya.

Бертран Рассел өз сөзінде Карл Маркс пен Гегельді орынды салыстырған. Алғашқы таптар туралы жаңа ілім жасап, адамзатты қаққа жарса, соңғысы ұлт деген ұғыммен Германияның келешекте болатын ауыр қасіретіне иргетас қалаған. Бұл ұлтты диалектикалық кезеңдерден өткізіп, оның өзге халықтарға үстемдігін ашықтан-ашық жария етумен фашизмнің Германияда өсіп-өнуіне дән сепкен. Гегельден кейін Германия екі жиһандық соғыс бастады, әсіресе соңғысы неміс халқының қасіретіне айналды, рухани дүниесіне жазылмас жара салды.

Гегельшілермен таласқа түсу оңай іс емес, есте болатын тарихи тағылым бар, ол ібілістің ғалымдығы, оны естен шығармау керек. Жаратушы ісіне, яғни адамды жаратқанына күдік келтірген (бұрынғы періште), сөйтіп қарғыс алған ібіліс – шайтан емес пе?

Ғарифолла Есім

Ғарифолла Есім

Ебелек-философия

Бұл мақалада Ебелек философия (ебелек тамыры тереңге кетпеген әлсіз шөп, ол тамырынан айырылған соң көшерін жел, қонарын сай білетін қаңбаққа айналады) қарастырылады. Марксшік-лениндік философия сондай ебелектің күйін кешуде. Ол өз бастауын Гегельдің философиясынан алған. «Ебелек философиялар» адамзаттың рухани тарихында болған, әлі де бола бермек. Адам баласы адасып барып жөнін аңғармақ. Ебелек философиясы сол бір адасушылықтың көрінісі. Бүгінгі қоғам өзгеше өлшемдегі философияны қажет етуде. Жаңа тұрпатты философияның өзегі – ізгілік болмақ. Автор ізгілікке негізделмеген философия ебелекке айналады. Желмен келіп, желмен кеткен ілімдер қаншама, алда да ондай жайлар бола береді деген тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: Ебелек философия, диалектика, мистификация, қазақ философиясы, Гегель философиясы, плюрализм, коммунизм, логомахия, пацифизм.

Garifolla Yesim

Philosophy of Ebelek

This article examines the philosophy of Ebelek (Ebelek is symbol of weak plants which do not have deep roots, as result turn into a rolling field, a fluff knowing .....). The philosophy of Marxism-Leninism is experiencing today, the status of Ebelek. The Marxism-Leninism philosophy starts with the philosophy of G. F. Hegel. «The philosophy of Ebelek» historically existed in the spiritual culture of mankind and can exist today. A person comes to the truth through the delusion. The philosophy of Ebelek is an echo of delusion. The world of today, society needs a different philosophy. The core of a new philosophy type is humanism. The author concludes that the philosopher neglecting humanism stands in the way of philosophy of Ebelek. How sudden wind appear and the different schools disappear, so maybe in the future.

Key words: philosophy of Ebelek, the dialectic, mystification, Kazakh philosophy, Hegel's philosophy, pluralism, communism, logomachia pacifism.

Гарифолла Есим

Философия Ебелек

В статье исследуется философия Ебелек (ебелек символика слабого растения не имеющее глубокие корни, в следствиии чего превратившееся в перекати поле, пушинку знающее .....). Философия марксизма-ленинизма испытывает сегодня статус Ебелека. Философия марксизма-ленинизма начинается с философии Ф.Г. Гегеля. «Философия Ебелек» исторически существовала в духовной культуре человечества и может существоваеть сегодня. Человек приходит к истине через заблуждение. Философия Ебелек – это отголосок заблуждения. Сегодняшний мир, общество нуждаются в другой философии. Ядром нового типа философии является гуманизм. В статье автор делает вывод, что философ, пренебрегающий гуманизмом, стоит на пути философии Ебелек.

Ключевые слова: философия Ебелек, диалектика, мистификация, казахская философия, философия Гегеля, плюрализм, коммунизм, логомахия, пацифизм.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 1 (091)

Ғарифолла Есім

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
E-mail: yesim@parlam.kz

ЕБЕЛЕК-ФИЛОСОФИЯ

Бұл философияның негізі – қайшылық. Әу баста ойшылдардың талқысында болған қайшылық туралы философия XIX ғасырда саясатқа байланып, дертке душар болды. Оны мұндай халге жеткізген Карл Маркс. Ол ашықтан-ашық былай деп жазды: «Философия пролетариаттан өзінің материалдық қаруын табатыны сияқты, пролетариат та философиядан өзінің рухани қаруын табады» *(Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалары: 9 томдық. Алматы «Қазақстан», 1988. 1-том. 15-б.)*.

Философия пролетариаттың рухани қаруы. Бұл философия тарихындағы жаңалық. Философия қару ретінде тобырдың қолына түсіп, оның санасына, іліміне айналды. Адам адам болғалы философия сананың «төресі» атанып, зиялы қауымның үлесіндегі рухани қазына болатын, енді ол тобырға қызмет етпек. Карл Маркстің осы тұжырымын дәлелдемек болып ғалымдар әуре-сарсанға түсті. Кешегі социалистік елдердегі оқу орындарында, ғылыми зерттеу орталықтарында, институттарында, академияларда осы қағиданы одан әрі жетілдіру мақсатында мыңдаған кітаптар жазылып, диссертациялар қорғалып, орасан мол қаражат жұмсалды, себебі Карл Маркс ілімі коммунистік режимнің іргетасы болатын.

Карл Маркс бұл идеяны «Фейербах туралы тезистерінде» одан әрі нақтылай түсті. Ол: «Философтар дүниені түрліше түсіндірумен ғана болып келді, бірақ істің түйіні оны өзгертуде жатыр» *(Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалары: 9 томдық. Алматы «Қазақстан», 1988. 2-том. 3-б.)*.

Жоғарыда философия пролетариаттың рухани құралы делінсе, мына тезисте, ол осы құралды қолданып, дүниені өзгертуді күн тәртібіне қойған.

Дүниені өзгерту үшін, алдымен оны қирату қажет болды. Бұл, шын мәнінде, бұзықтардың ісі, сондай істің зоры – революция. Карл Маркс серіктесі Фридрих Энгельс екеуі өздерін революционерлерміз деп атаған. Олай болса, революцияның әліппесі болуы керек, ондай құжат 1848 жылы дүниеге келді, ол «Коммунистік партия манифесі», онда саяси мақсат нақтылы әрі айқын қойылды: «Коммунистер өздерінің көзқарастары мен ниеттерін жасыруды жексұрын іс деп

санайды. Олар өздерінің мақсаттарына бүкіл осы күнгі қоғамдық құрылысты күшпен құлату арқылы ғана жете алатындығын ашық айтады. Үстем таптар Коммунистік Революциядан үрейі ұша қорқып қалтырай берсін. Пролетарлар бұл революцияда өздерінің бұғауларынан басқа ештеңе де жоғалтпайды. Ал олар бүкіл дүниеге ие болады» *(К.Маркс пен Ф.Энгельс. Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. 1-т. Коммунистік партияның манифесі. Алматы «Қазақстан», 1976. 624-б.)*.

Осы мақсатты «Коммунисты могут выразить свою теорию одним положением: уничтожение частной собственности» *(Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. 2-е изд. Т.4. М.: Государственное издательство политической литературы, 1955. С.438)*.

Ал, ендеше бұған не айтпақпыз. Жеке меншік атаулыны жою, марксшілдердің мақсаты. Жамбыл жыраудың «қасқыр тісі қан қауып» дегеніндей, пролетариат қасқырға айналды, ол дүниені қиратуға кірісті, қолындағы қаруы – Карл Маркс ілімі.

Революция деген аспаннан түскен жоқ. Ол идея ретінде қарғысқа қалған шайтанның әрекетінен аңғарылған. Одан бертінгі тарихта Адам Атаның екі баласының арасындағы өшпенділік, ақыры Абылдың түбіне жетті. Неге Қабыл туысы Абылды өлтірді? Туыстар арасындағы осы өшпенділікті XVIII-XIX ғасырларда тап және тап күресі деп анықтау қоғамдық санаға ене бастады. Бұл туыстықтан тыс «туыстық». Оны ғылым тіліне салып, интернационализм деп атау дәстүрге айналды. Адамдардың кедей және бай болып бөлінуін осы интернационализм ұғымы әйгіледі. Осы терминді кезінде Ахмет Байтұрсынов «бибауырмалдық» деп түп мағынасын тура ашқан еді. Интернационалист болу деген бауырмал болу деген емес, адамдардың бір-біріне өш, жау болуын жария ететін түсінік. Бұл идея құр сөз боп қалмай, Иинтернационализмнің бірлестіктері құрылып, олар қарқынды саяси үгіт және насихат қызметтер атқара бастады, өздерінің ән ұраны болды.

Вставай, проклятьем заклеймённый,
Голодный, угнетённый люд!
Наш разум – кратер раскалённый,
Потоки лавы мир зальют.
Сбивая прошлого оковы,
Рабы восстанут, а затем
Мир будет изменён в основе:
Теперь ничто – мы станем всем!
Время битвы настало
Все сплотимся на бой.
В Интернационале
Сольётся род людской!+

Біз әлемді қиратамыз, одан кейін жаңа әлем орнатамыз деп ұрандады би-бауырмашылдар. Осы идеяны кейінірек Германияның национал-социалистері іс жүзіне асыру мақсатында, яғни жаңа тәртіп орнату үшін екінші жаһандық соғыс ашты. Коммунистік және фашистік идеялар бірбірінен алыс кетпеген, айырмашылықтарынан үндестіктері мол болатын. Пролетарлық революция және кеңестік замандағы коммунистер режимі қаншама миллиондаған жазықсыз жандарды құрбан етті. Өткен тарихқа амал бар ма, болмайтын істер болып өтті. Карл Маркс «Европаны елес кезіп жүр, ол коммунизм елесі» – деп еді, осы сандырақ идеяны Ресейде іс жүзінде іске асырған Владимир Ленин бастаған большевиктер (коммунистер). Большевиктер жеңіске жеткен соң, бұрын-соңды тарихта болып көрмеген мемлекеттік машинаның ең қаны сорғалаған түрі пролетариаттық диктатурасын орнатты.

Міне, осы мемлекеттік машинаға қайшылық туралы философия ауадай қажет болды. Қайшылық тап күресінің күретамыры. Қайшылық болған соң, қарама-қарсы күштер бар, олар таптар, олар ымырасыз, бірін-бірі қырып жоймай тынбайды. Сөйтіп, алып Ресейде соғыстың ең ауыр түрі, азаматтық соғыстың оты тұтанды. Енді ағайындылар (Абыл мен Қабыл дәстүрі) бір-біріне жау болып, қолдарына қару алып, ел бүлігі, азаматтық соғыс басталды. Большевиктер насихатында бұл қанаушылар мен қаналушылар арасындағы соғыс. Содан барып «тап жауы», «халық жауы» дегендер өсіп-өрбіп шыға бастады. Қоғамда, ел ішінде таптық мүдделері ешқашанда ымыраға келмейтін адамдар топтары бар, олар таптар, әлеуметтік топтар. Осындай жағдайды ілім, теория ретінде дәлелдеу үшін қайшылық философиясы – диалектиканың тарихи қажеттілігі туды. Өз мүддесіне сай істің білгірі Ленин «Диалектика марксизмнің жаны» – деп Маркс ілімін жақтаушылар, насихаттаушылар арасына ұран тастады.

Диалектика тек марксизмнің жаны болып қоймай, кеңес өкіметінің 1991 жылғы Тәуелсіздікке дейін қоғамдық, гуманитарлық ғылымдардың жаны, бірден-бір әмбебап тәсілі әрі теориясы болып келді. Өкінішке орай, оның «Социализмнің туа біткен таңбасы» ретінде әлі де өмір сүріп келе жатқаны да шындық.

Диалектика деген не? Оның философия тарихындағы орны дегенге келсек, ол ұзақ әңгіме.

Мен сөзімізді қысқаша қайыру мақсатында, сөз етіп отырған Карл Марксten ұзап шықпасақ деген ниет бар, ол «Капитал» деген еңбегінде екінші басылуында орай жазған алғы сөзінде былай деген: «Мой диалектический метод по своей основе не только отличен от гегелевского, но является его прямой противоположностью» (13.XXIII.21) *(Хрестоматия по истории философии. М., 1997. 428-б.)*.

Рас, Гегельдің диалектикасы мистификация. Карл Маркстің өзі айтқан: «У Гегеля диалектика стоит на голове» *(Сонда, 429-б.)*. Аяқтың орнына бас тұрса не болғаны, қате, теріс болғаны емес пе? Мистификация деген осы емес пе? Оның несі қызық, олай болса диалектикаға Маркс несіне құштар болған.

Карл Маркске диалектиканың қажет болғаны, ол тәсіл ретінде тап күресі іліміне таптырмайтын құрал. Диалектика қанаушылар мен қаналушылардың бір-біріне тап жаулары екенін дәлелдеп беретін тәсіл. Карл Маркс өз диалектикалық тәсілін Гегельге қарама-қарсы дегенде айтпағы, материалистік, яғни атеистік көзқараста болғаны.

Сонымен, диалектиканың екі түрі барын аңғардық. Біріншісі – Гегельдің идеалистік диалектикасы. Екіншісі – Карл Марксtің материалистік-атеистік диалектикасы. Алғашқы диалектика нысанасы – ойлау, кейінгінікі – болмыс. Гегель ойлаудан болмыс (дүниені) шығарса, оны Карл Маркс мистификация деп, ол болмыс ойлау мазмұнын анықтайды деген тұжырым жасаған.

Гегель философиясына сүйеніп, диалектика қайшылық туралы тәсіл әрі теория деп кеңестік заманда студенттерге дәріс оқыдық, оны философиямен пара-пар қойдық. Гегельдің идеалистік диалектикасы, Марксtің материалистік диалектикасы жалпы философиядағы бір бағыт, ағым ретінде айтылса, әңгіме басқаша болар еді. Философия тарихында ағымдар мен бағыттар жеткілікті, бұл да солардың бірі десек қате болмас еді, бірақ бұдан өзге философия болмайды дегеніміз әбестік болды.

Фридрих Энгельс «Анти-Дюринг» деген кітабында маркстік философияның жүйесін жасауға кірісті, сөзімізге айғақ үшін үзінді келтірейін: «...История природы и человеческого общества – вот откуда абстрагируются законы диалектики. Они как раз не что иное, как наиболее общие законы обеих этих фаз исторического развития, а также самого мышления. По сути дела они сводятся к следующим трем законам:

Закон перехода количества в качество и обратно.

Закон взаимного проникновения противоположностей.

Закон отрицания отрицания.

Все эти три закона были развиты Гегелем на его идеалистический манер лишь как законы *мышления*: первый – в первой части «Логики» – в учении о бытии; второй занимает всю вторую и наиболее значительную часть его «Логики» – учение о сущности; наконец, третий фигурирует в качестве основного закона при построении всей системы. Ошибка заключается в том, что законы эти он не выводит из природы и истории, а навязывает последним свыше как законы мышления. Отсюда и вытекает вся вымученная и часто ужасная конструкция: мир – хочет ли он того или нет – должен сообразоваться с логической системой, которая сама является лишь продуктом определенной ступени развития человеческого мышления. Если мы перевернем это отношение, то все принимает очень простой вид, и диалектические законы, кажущиеся в идеалистической философии крайне таинственными, немедленно становятся простыми и ясными как день» (13.XX.384) *(Хрестоматия по истории философии. М., 1997. 434-б.)*.

Фридрих Энгельсте аяғы-басы боп тұрған Гегельдік ойлаудың заңдарын, материалистік-атеистік түсінікке салып, табиғаттың, қоғамның және ойлаудың неғұрлым жалпы заңдары деп жоғарыда аталған үш заңды ұсынды. Кейінірек, бұлар диалектиканың үш заңы болып, оқулықтарға еніп, әлі де олардан арыла алмай келеміз. Философияны көбейту таблицасы тәріздес көпшілікке ұғынықты қылудағы мақсат, оны тікелей саясатқа қызметші еткізу ниетінен туған. Философия пролетариаттың рухани және ескі дүниені қиратудың құралы болғандықтан, оның заңдары және жаңа ұғымдары коммунистік режимдерге қызмет еткен және де сол дәстүрін сақтаған.

Философияны коммунистер өз ілімін насихаттауда пайдаланғанын өз тәжірибемнен өткіздім. Ұзақ жылдар маркстік-лениндік философиядан жоғары мектеп шәкірттеріне дәріс оқыдым. Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Владимир Ленин еңбектерін жатқа білетін халге жеттім. Айтпағым, философия социалистік қоғамда схоластикалық мағынада қызмет атқарды, оны ғылыми тілде апологетика деуге де болады. Маркстік-лениндік философия өзінің саясатқа жалдамалық қызметін мейлінше атқарды. Миллиондаған адамдардың санасын түбегейлі сапалық өзгеріске салды. Бұл істің салдары әлі де сақталуда.

Маркстік-лениндік философияның негізін салушылар өз істерінің шеберлері еді. Карл Маркстің «Фейербах туралы тезистері», Фридрих Энгельстің «Табиғат диалектикасы», «Анти-Дюринг», «Людвиг Фейербах және неміс классикалық философиясының ақыры», Владимир Лениннің «Марксизмнің үш негізгі және үш құрамдас бөлігі», «Материализм эмпириокритицизм», «Философиялық дәптерлер» деген еңбектерін басшылыққа ала отырып, большевизм идеологтары білім саласына диалектикалық материализм және тарихи материализм деген екі пән енгізді. Осы пәндерді оқыту кезінде Ленин атап айтқан марксизмнің үш жаңалығы студенттер қауымына «білім» ретінде жеткізілді. Ол қандай жаңалықтар еді дегенге келсек: 1. Карл Маркстің «Капитал» деген еңбегінде ашқан «қосымша күн» теориясы. Ол қанаудың экономикалық негізі. Содан тап күресі шықпақ; 2. Тап күресінің пролетариат диктатурасына дейін жетуі туралы ақиқат; 3. Тарихты материалистік тұрғыда түсіну немесе «тарихты жасаушы тұлғалар емес, бұқара халық» деген теория.

Маркстік философия осы теорияларды дәлелдеп, насихаттауды өз міндетіне алды. Сөйтіп, ол схоластикалық мазмұнын айқын аңғартты. Мұны қабылдамағандар Сталин заманында «халық жаулары» атанды, кейінгі жылдарда еркін ойлаушылар партиялық жазаларға тартылып отырды.

Ленин философияны саясатқа түбегейлі бағындырды. Осы мақсатта жоғарыда айтылған «Диалектика – марксизмнің жаны» деген қағида қоғам тануда нық орнықты. Бұл саяси күрес, саяси мақсат үшін таптырмайтын тезис. Диалектикасыз марксизмнің саяси құны жоқ екенін ол нақты түсінді. Пролетариат көсемі осы мақсатқа орай атап өтілген «Марксизмнің үш негізгі және үш құрамдас бөлігі» деген мақаласында маркстік философияға теориялық алғы шарт болған неміс классикалық философиясы деген түйін жасады. Неміс классикалық философиясы дегенде, әсіресе Гегельдің идеалистік диалектикасы ерекше бағаланды.

Біз студенттерге дәрістерімізде осы бағытты ұстандық. Өзгеше айтуға «рұқсат» болмады. Диалектика және оның мәселелерін зерттеу модаға айналып, немістің классикалық философиясына ашықтан-ашық табыну басталып кетті. Бұл істі коммунистік партияның атқарушы органдары қолдап, әрі бақылап отырды. Материализм, атеизмге негізделгендіктен, «Ғылыми атеизм негіздері» деген пәнді жоғарғы курс студенттері жаппай оқыды. Бұл пәнді меңгермеген студентке жоғары білімі бар деген диплом берілмейтін, тәртіп орнады.

Фридрих Энгельс «Людвиг Фейербах және неміс классикалық философиясының ақыры» деген еңбегінде «неміс классикалық философиясы» деген ұғымды енгізіп еді, сол әлі қолданыстан шықпай келеді. Неге, неміс философтары ғана классик болуы керек, грек, француз, ағылшын, араб философтары қайда қалмақ? Оған жауап, неміс философиясы әлем философиясының шыңы. Кеңес заманында Гегель философиясына сын айтпақ түгіл, оған күдік келтіру қауіпті іске айналды, себебі бұл философия коммунистік режимнің қызметінде болды. Коммунистік партия диалектика мәселесімен шұғылданғандарға ризашылық білдіріп, оларды қаражаттандырып, марапаттап отырды. Мәселенің асқынғаны сондай, философия біліміне жат қағида өмірге ене бастады. Ол диалектикалық логикадан басқа философия болуы мүмкін емес деген дерт. Осындай теріс түсінік нәтижесінде антикалық заманнан келе жатқан философиялық плюрализмге тоқтау салынды. Бұл социалистік қоғамның рухани дағдарысының басы болатын. Таңқаларлық жағдай, диалектикалық логика Мәскеу, Ленинград, Киевтен кейін Алматыда ұя тепті. Оның қалай қалыптасқанын, кімдер дән сепкенін кейінірек зерттеушілер анықтай жатар, менің айтпағым, бұл үрдіс, бір жағынан, қазақ жастарының философияға құмарлығының оянуына себепші болды. «Бақыт болмағанда бақытсыздық болысты» деген орыс мақалындағыдай, табиғатынан даналыққа құштар халық ұрпақтарының бір парасы философия үрдісіне мықтап түсті.

Кеңес заманында диалектикаға, диалектикалық логикаға, лениндік бейнелеу теориясына, Карл Маркстің «Капиталына», Лениннің «Философиялық дәптеріне», «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбектеріне (мен басты-бастыларын ғана айтып отырмын) жүздеген том-том зерттеулер жасалды, диссертациялар қорғалды, толып жатқан конференция, симпозиум, конгресстер ұйымдастырылды, шешімдер қабылданды. Осындай істердің біршамасына қатысқан адамның бірі – менмін. Бұл істерге, шараларға коммунистік партия басшылары дем беріп, желеп-жебеумен болды. Бұл философияның мазмұны жағынан схоластика, тәсілі жағынан софистика (софистика туралы кейінірек айтамын) екендігінің дәлелі.

Егеменді ел ісіне араласа бастаған жас ұрпақ мұны білулері керек. Сонда мәселе төркіні неде?

Мәселені қысқаша түрде баяндасам, іс – диалектика дегенге тіреледі. Диалектика дегеніміз не? Жоғарыда айттық, ол қайшылықтар туралы ілім және тәсіл. Диалектиканың бастауы Гегель философиясында.

Ол жөнінде Артур Шопенгауэр сөзіне ден қоялық.

«Итак, я буду прав, если с этой целью скажу, что так называемая философия этого Гегеля – колоссальная мистификация, которая и у наших потомков будет служить неисчерпаемым материалом для насмешек над нашим временем: что это – псевдофилософия, расслабляющая все умственные способности, заглушающая всякое подлинное мышление и ставящая на его место помощью беззаконнейшего злоупотребления словами пустейшую, бессмысленнейшую и потому, как показывают результаты, умопомрачительнейшую словесную чепуху; что она имея своим ядром неведомо откуда взятую и вздорную выдумку, не знает ни снований, ни следствий, т. е. ничем не доказывается и сама ничего не доказывает и ничего не объясняет и к тому же, лишенная оригинальности, является простой пародией на схоластический реализм и одновременно на спинозизм, – чудовище, долженствующее притом же еще, с оборотной своей стороны, представлять собою христианство:

Особенно Гегель быстрыми шагами идет навстречу презрению, ожидающему его у потомства.

В качестве героев этого периода блещут *Фихте* и *Шеллинг,* а наконец, даже и их совершенно недостойный и гораздо ниже этих талантливых господ стоящий, неуклюжий, бездарный шарлатан *Гегель.* Хор составляли всякого рода профессора философии, с серьезной миной повествовавшие перед своей публикой о бесконечном, об абсолютном и многих иных вещах, о которых они совершенно ничего не могли знать.

Ибо, по моему убеждению, он не только не имеет никаких заслуг перед философией, но оказал на нее и через это вообще на всю немецкую литературу крайне пагубное, поистине отупляющее, можно сказать, тлетворное влияние: выступать при всяком удобном случае с самым энергичным противодействием этому есть долг каждого, кто способен самостоятельно судить *(Артур Шопенгауэр. Две основные проблемы этики. Минск «Попурри», 1997. С.17, 18-19, 39, 205)*.

Артур Шопенгауэрдің Гегель туралы айтқандарынан нендей түйіндер жасауға болады:

– Гегель философиясының ұланғайыр мистификация екендігі;

– Өз заманын келешекте ажуа күлкіге қалдырғандығы екендігі;

– Адамның ақыл жігерін әлсіретіп, езбе, көпірме, мағынасыз сөз орамдарына құрылған – псевдофилософия екендігі;

– Гегельдің келешекте қарғысқа қалып, шарлотандық қылықтары үшін келер ұрпақтың сотына түскендігі.

Біздің заманда Гегель философиясына ауыр соққы берген Карл Поппер (1902-1994) «Для того, чтобы предостеречь читателя от серьезного восприятия напыщенного и мистифицирующего жаргона Гегеля, я процитирую некоторые поразительные отрывки из его сочинений, где речь идет о звуке и в особенности об отношениях между звуком и теплотой.

Я изо всех сил старался, насколько это возможно, адекватно перевести эту тарабарщину из гегелевской «Философии природы». Гегель пишет: «§ 302. Звук есть смена специфической внеположности материальных частей и ее отрицания, – он есть только абстрактная или, так сказать, только идеальная идеальность этой специфичности. Но тем самым эта смена сама непосредственно является отрицанием материального специфического устойчивого существования; это отрицание есть, таким образом, реальная идеальность удельного веса и сцепления, т. е. теплота… Нагревание звучащих тел – звучащих как от удара, так и от трения друг о друга – есть проявление теплоты, возникающей согласно понятию вместе со звуком» 12.4. Действительно, есть люди, которые все еще верят в искренность Гегеля или все еще сомневаются, а вдруг его секрет все же заключается в глубине и богатстве мысли, а не в ее **пустоте»** *(Поппер К. Открытое общество и его враги. Москва, 1992. С.38)*.

Әңгіме дыбыс пен жылулықтың арақатынасы туралы. Осы физикалық процесті Гегельдің түсіндіргені түсінбеудің тамаша тәсілі. Гегельдің философиясының өне бойы осындай түсініктемелерге толы.

Осы орайда XV ғасырда өмір кешкен католик Эразм Роттердамскийдің «түсінікті нәрсені түсініксіздікке айналдыру үшін философия қажет пе», – деген ескертпесі есіме түсіп отыр.

«Гегель философиясына мағыналы талдауды Бертран Рассел «Батыс философиясының тарихы» деген еңбегінде берген. «Марксте таптар қалай орын алса, Гегель де ұлттарға сондай мағына берген. Ол ұлттық рух тарихи дамудың – принципі деген. Әрбір ғасырда әлемді диалектика кезеңдерінен өткеріп отыратын белгілі бір ұлт

болады. Осы ғасырда ондай ұлт – Германия. Осы неміс фашизмінің идеологтарына таптырмайтын қағидаға айналды. Аристік нәсіл әлемді билеп, оған үстемдігін жүргізу керек деген аспаннан түскен идея емес, ол Гегель философиясында әбден қайнап-пісіп жетілген болатын» *(Бертран Рассел. История Западной философии. Ростов-на-Дону «Феникс», 1998. С.832)*.

Мен пацифиспін. Соғысты насихаттау ізгілік жолы дегенге қарсымын. Өзін ойшылға балайтын адамның ойы ізгілік болмаушы ма еді!? Гегель болса, «Соғыс дегеннің жатымды адамгершілік мәні бар» – дей келе, ол бейбітшілік ізгілік емес, керісінше соғыс ізгілік. Бейбітшілік қатып қалған дүние. Бейбітшілік Лигасы қателік. Мемлекеттер достастығына жау керек. Мемлекеттер арасындағы конфликтер тек қана соғыс арқылы шешілуі керек. *(Сонда, С.835)*.

Конфликтілер шешімі тек – соғыс бұл фашизм. Осы тезис Карл Маркске де, оның ізбасары Владимир Ленинге де, оның жолына түсіп, социализм құрған Сталинге де ұнаған. Соғыс, қантөгіс бұл пролетариат диктатурасының мән-мағынасы. Отандық ғалымдардың айтуынша, 1941-1945 жылы жаһандық соғысқа 500 мың қазақ азаматтары қатысып, оның 350 мыңы, яғни 70 пайызы қайтпады, ал елге оралғандарының дені мүгедектер. Кейінгі кезде анықтала бастаған дерек бойынша, Ржев бағытында болған майданға қатысқан 100 қазақ жауынгерлерінен құрылған бригиданың 4889 адамынан тірі қалғаны 430 ғана адам. Бұл жан түршігерлік деректер. Сонда фашизм мен большевизм арасындағы идеологиялық соғыстың да түп тамыры Гегель айтқан конфликтілер шешімі тек соғыс және Карл Маркстің қайшылық философиясында. Өткен тарих, бірақ айтпасқа болмайды, екінші жаһандық соғысқа қазақтың мыңдаған қыздары қатысқан, неге, не үшін? Идеологияның буынан болған жай. Қазақтан қаншама қыздар соғыс майданында болып, қайтпағаны туралы деректер жоқтың қасы. Ол да әдейі жасалған іс. Айталық, бұл соғысқа өзбек, түрікмен, тәжік қыздары неге қатыспады? Неге қазақ қыздарын соғыстың от-жалынына салды. Соғыс қашан да соғыс. Бұл жөнінде орыс жазушысы Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» деген тамаша шығармасы бар. Роман толығымен соғысты әшкерелеуге құрылған. Француздардың Ресейге соғыс ашуының қандай мағынасы бар еді. Есіме түскені, Ватерлоо майданында бір француз солдатының бірін-бірі қырып жатқандар арасында:

– Тоқтатыңдар, сендер, тіптен, бір-біріңді танымайсыңдар, бір-біріңді өлтіруді тоқтатыңдар, – деп жер салып жүріп, байғұс отқа ұшты.

Менің әкем екінші жаһандық соғысқа қатысты. Ол айтушы еді:

– Біздің немістерге деген ешқандай өштігіміз, кеткен кегіміз жоқ, алға деген соң жау жаққа жанталаса ұмтылатынбыз, – деп тұнжырап, әрі қарай еш нәрсе айтпай отырып қалушы еді.

Мен бала кезімде:

– Әке, неше неміс өлтірдің, – десем, әкем:

– Балам, олай демес, олар да адамның баласы, – дейтін.

Ол кезде әкемнің сөзі мағынасыз әрі түсініксіз еді, іс мәнісін енді ұғынып отырмын. Соғыстан өсіп-өнетін тек қасірет, ол мақтаныш майданы емес, қасірет майданы. Сондықтан, соғыс туралы Гегель философиясымен ешқашанда келісуге болмайды. Жүздеген, мыңдаған, миллиондардың қайғысынан, құрбандығынан қуаныш қалай шықпақ, мадақ қалай болмақ? Ойланатын мәселе.

Бертран Рассел нақтылы аналитикалық талдаулар нәтижесінде Гегель философиялық жүйесінің қате екенін ашып айтқан. Ол былай деген: «Гегель тұжырымы бойынша, нәрсе туралы қажетті білім, оны өзге нәрселерден ажырату үшін, олардың (нәрселердің) қасиеттерін логика арқылы анықтаса жеткілікті. Бұл қателік болатын, осы қателіктен оның күллі жүйесінің құрылыс архитектурасы өніп шыққан» *(Сонда, С.839-840)*.

Логикамен әлемді түсіндіру ғылым тәсілі, бірақ әлем логикаға сыя ма, ол жағын Гегель есепке алмаған. Бертран Рассел мұндай тәсілдің философиялық жүйеге айналуының қате екенін дөп басқан.

Гегельшілермен таласқа түсу оңай іс емес, есте болатын тарихи тағылым бар, ол ібілістің ғалымдығы, оны естен шығармау керек. Жаратушы ісіне, яғни адамды жаратқанына күдік келтірген (бұрынғы періште), сөйтіп қарғыс алған ібіліс – шайтан емес пе?

Осы жайды Карл Маркстің әйелі Женнидің фабрикант ағасының Карл өлгелі жатқанда айтқаны бар.

– Ол қарғыс атқан, ібіліс, – деп.

Шайтанмен күресті осал деп кім айтқан!! Мәселенің ауырлығы да сонда емес пе!!

Бертран Рассел өз сөзінде Карл Маркс пен Гегельді орынды салыстырған. Алғашқы таптар туралы жаңа ілім жасап, адамзатты қаққа жарса, соңғысы ұлт деген ұғыммен Германияның келешекте болатын ауыр қасіретіне іргетас қалаған.

Бұл ұлтты диалектикалық кезеңдерден өткізіп, оның өзге халықтарға үстемдігін ашықтан-ашық жария етумен фашизмнің Германияда өсіп-өнуіне дән сепкен. Гегельден кейін Германия екі жиһандық соғыс бастады, әсіресе соңғысы неміс халқының қасіретіне айналды, рухани дүниесіне жазылмас жара салды.

Маркстік философияда аты шулы Фихте де осы бағытта болған. «Я был немцем, отсюда следовало, что немцы превосходили все другие нации. «Иметь характер и быть немцем, – говорит Фихте, – несомненно, означает одно и то же». На этой основе он разработал целую философию националистического тоталитаризма, которая имела очень большое влияние в Германии» *(Там же, С.810)*. Анығырақ айтсақ, неміс фашизмінің «теориялық қаруына» айналды.

Ебелек тамыры тереңге кетпеген әлсіз шөптің бір түрі, ол тамырынан айырылған соң көшерін жел, қонарын сай білетін қаңбаққа айналады. Маркстік-лениндік философия дегеніміз сондай ебелектің күйін кешуде. «Ебелек философиялар» адамзаттың рухани тарихында болған, әлі де бола бермек. Адам баласы адасып барып жөнін аңғармақ. Ебелек философиясы сол бір адасушылықтың көрінісі.

Бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайында адамзаттың аяқ алысы, өзгеше өлшемдегі философияны қажет етуде. Жаңа тұрпатты философияның өзегі – **ізгілік** болмақ.

Ізгілікке негізделмеген философия ебелекке айналмақ. Желмен келіп, желмен кеткен ілімдер қаншама, алда да ондай жайлар бола бермек.

Ізгілік философиясы өміршең, оның тарихта тамаша үлгілері бар, соның бірнешеуінен ғана мысал келтірейік:

Біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғғ. өмір сүрген Қытай ойшылы, ел ұстазы атанған Кун Фу-цзы айтты деген ойлар:

«Айтқандарымыз орындалмаса, не болмақ деп қауіптенген бұрынғылар аңдап сөйлеген» (2.I.149) *(Хрестоматия по истории философии. М., 1997. 34-б.)*.

«Адамның тәрбиесінен гөрі табиғаты басым болса, ол надандық шырмауында. Егер тәрбие табиғатынан асса, ол оқу соққан дертке душар болмақ. Егер де тәрбие мен адам табиғаты үйлесімді болса, ол ізгі жан» (2.I.152) *(Сонда, 34-б.)*.

«Ізгі адам өзімен-өзі, не өзгелермен дауға түсе бермесе де, бәрімен келісімге келе алады, бірақ ешқайсысымен ауыз-жалаушылыққа бармайды» *(Сонда, 35-б.)*

Немесе Мо-цзы (б.д.д. 479-400 жж.):

«Жабайылар мен надандарды ізгі жандар басқарса, тәртіп салтанат құрмақ. Егер жабайылар мен надандар ізгі жандарды басқарса, топалаң болмақ» (2.I.181-182) *(Сонда, 39-б.)*.

Протагор (шамамен б.д.д. 480-400 жж.):

«Құдай қандай, түрі қандай, ол бар ма, әлде жоқ па, мен білмеймін, өйткені оған бөгет: мәселенің көмескілігі және адам ғұмырының қысқалығы» *(Сонда, 99-б.)*.

Платон (шамамен 203-269 жж.):

«Тұтастық деген не? Ол әлемнің бар болу мүмкіндігі (потенциясы)» *(Сонда, 147-б.)*.

Сірә, әлемнің тұтастығында ізгілік болса керек, біз оны адам табиғатынан іздейтініміз де содан болар, оны адамшылық деуіміз де осы мәнде айтылса керек.

Аңғарып отырсыздар, аталған ойшылдар ізгілік туралы үнемі де айтумен келеді. Осы тұста Абайға қайта оралу қажет болып тұрғаны. Ол ғалым мен хакімнің аражігін ашып берген еді. «Әрбір хакім, ол ғалым, ал әрбір ғалым хакім емес» деп. Ойлаймын, ғалым мен хакімнің айырмашылығы осы ізгілік философиясында болса керек. Ғалым дүниені, адамды, табиғатты логикалық тәсілдермен, құрандармен өнімді түрде танып-біліп, адам баласының қазынасына айналдырмақ. Бұл керемет, бірақ іс мұнымен бітпейді, әлем сыры – тылсым, оған басатын қадам хакімдік, яғни ізгілікке негізделген ойшылдықта.

Ойшылдық философияның кемелденген сатысы, оны шығыста хакімдік дейді. Абайдың «әрбір ғалым хакім емес» дегінінің мәнісі осы болмақ.

Сократ білім ізгі болмаса, ол бұзылған тағам сияқты адамға залалды деген. Ол білім тек ізгілікті дегенді айтумен өткен, ал большевиктер құп алған Гегель болса, адам баласын төменгі, жоғарғы деп бөліп, ізгілік дегеннің адамзатқа ортақ мәнін жойып, философияны тек логикаға сайған, ол:

«Африкандық және азиаттық халықтармен грек, рим, қазіргі халықтар (еуропалықтар деп түсіне беріңіз – Ғ.Е.) арасындағы басты табиғи айырмашылық мәнісі, кейінгілер өздерін ерікті, өздері үшін ерікті екендерін біледі, ал алғашқылар болса, олар өздерінің ерікті екендігінен мақұрым, олар еріктіліктің көлеңкесінде ғана ғұмыр кешуде. Жағдайдың ауқымы да, өлшемі де осыған қатысты» *(Сонда, 408-б.)*.

Бір-ақ түсінікпен жүздеген халықтарға «үкім» шығара салу. Гегельге тән өркөкіректік, бұл жерде ізгіліктің иісі де жоқ, оның табиғи

ерекшелік деп отырғанының арғы жағында не жатқанын әрбір сауатты адамның өзі-ақ түсінбек. Иммануил Кант та адам баласын төртке бөліп жіктеген, бірінші орында еуропалықтар, одан кейін азиаттар, африкандықтар, т.б.

Батыс Еуропалық ағартушылыққа зер салсақ, онда еуропалық халықтардың тарих локомотиві екені туралы ұғым аласыз. Әрине, Еуропаның ғылым, білім, өнерде, әсіресе технология саласында жетістіктері орасан, бірақ осы негізде халықтардың табиғи қабілеттері туралы нәсілшілдік мағынада ой қозғауды ізгілікке қалай жатқызбақпыз. Альберт Швейцер сияқты жер шарының өзге халықтарының артта қалуына европалықтардың кінәлі екенін мойындайтын, аз да болса, шағын тұлғалардың болғанына да тәуба!

Қазіргі заманда евроцентристік көзқарас қирауда, мәдени-өркениет орталықтары ақпараттық қоғам жағдайында кез-келген, тіптен күтпеген аймақтарда пайда болуы әбден мүмкін. Чаадаевтің «артта қалушылық, ол мүмкіндік», – дегені іске асуы өте ықтимал ой. Шәкәрім кезінде «Еуропада үлгі алатын бір ел таппадым» – деп еді. Рас. Өркениетті Еуропа екі алапат жаһандық соғыс өртін тудырды, миллиондар жапа шекті. Сол қасіретке себепші болғандардың бірі неміс философиясы.

Тамыры халық тарихымен, дәстүрімен, дінімен және тілімен ғасырлар бойы біте қайнасып шыққан дүниелердің тамыры тереңде, оларға тосын соққан жел қауіп емес, олар ебелектер емес, терең тамырлы бәйтеректер.

***

Ебелек философия біздің санамызға кесел болып жабысты. Кесел адамға адамнан енетін дерт. Кеселдің ең ауыры ойдан болатын – кесел, оны хакім Абай бір сөзбен «қайғы шығар ілімнен», – деген.

Кеселдің емі – ізгілік. Ойшылдың мазмұны ізгілік болса, ол дінмен тоғысып, дүниенің көркі туралы санаға айналмақ.

Қазақ ойды көркемдеп отырған, жалаң ойға салынбаған, демек, оның көркем сөзіне мән берген жөн. Ой көркем сөзде, оның мағынасы метафоралық астарда. Сондықтан, қазақша ойлау мәдениетінде аңыз, діни сана, дәстүр синкреттік образдық жүйеге құрылған. Халық ойды элитарлық мәнде қабылдаған, айтпағын астарлап білдіріп отырған, оны ұғынатындар да, ұқпайтындар да болған. Мағыналы ой алғашқыларға ғана арналған. Абай айтқандай «итке маржан не қажет» дегені осындай жағдайға арнайы айтылған сөз. Әр халықтың ойлау мәдениетінен барып сұрыпталып әлемдік құндылық жинақталмақ. Бұл жерде ескеретін бір жай бар. Ол халық философиясының онтологиясымен гносеологиясына қатысты мәселе. Халық даналығы ол онтология, бірақ ол білім жүйесіне айналып, арнайы пәнге айналмаған. Қазақ даналығы кеңестік кезде білім деп танылмаған, бұл мәселемен шұғылданғандарды «ұлтшылдар» деп, оларға тыйым салынып отырды. Қазақ философиясы білім жүйесі ретінде егемен ел болған соң ғана арна тапты.

Ғарифолла Есім

Iskakova Z.E., Kokeyeva D.M., Yembergenova D.M.

On the Eurocentric Views of Eastern Culture

As is known, Eurocentrism (Europeanism) is a theoretical setting of modern concepts of social and political development, which emphasizes the leading role of Europe in world development, turns the values of European culture into the criterion of identification and reference system for research of other cultures, the European model of development into a universal way of solving all the complex problems of mankind. According to the Eurocentric point of view, Europe with its inherent spiritual way of life is the center of world culture and civilization. Exaltation of the West can be traced in the European consciousness over the centuries.

Key words: Eurocentrism, Eurasian Union, culture, art, philosophy, ideology, power.

Искакова З.Е., Кокеева Д.М., Ембергенова Д.М.

Шығыс мәдениетіне европоцентристік көзқарас туралы

Мәдени байланыс ежелгі тарих пен дәстүрлі медицинаны сақтай отырып, салт-дәстүрдің, өнер түрлерінің, халық ойларының, ойындар мен жарыстардың, ұлттық асхананың дамуына және оны танып білуге септігін тигізеді. Сондай-ақ, тарихымызды ұлттық мұра ретінде құрметтеп, қоғамды реттеп отыруға жетелейді. Осының нәтижесінде этностың шығуы, тілдің сақталуы, өз мәдени құндылықтарын сақтау сынды тарихи, этнографиялық, мәдени зерттеулер дами түседі. Осының бәрі бейбіт қарым-қатынас пен әлем халықтарының мәдениетін өзара түсінуге мүмкіндік тудырады. Мақалада қазіргі таңдағы шығыс мәдениетін зерттеу және европацентристік көзқарас туралы зерделенген.

Түйін сөздер: европоцентризм, вестернизация, плюрализм, бинарлық, аверроизм, этноцентризм.

Искакова З.Е., Кокеева Д.М., Ембергенова Д.М.

О европоцентристских взглядах на восточную культуру

Культурные контакты способствуют возрождению традиций, обычаев, видов искусства, народных промыслов, игр и состязаний, национальной кухни, сохранению исторических древностей и уникальных ландшафтов, традиционной медицины. Это стимулирует поддержание самобытности культур как национального достояния, предмета общественного почитания и гордости. На этой основе развиваются исторические, этнографические, культурологические исследования, поиски происхождения этноса, сохранение языка, улучшение имиджа своей культуры. Все это содействует мирному взаимодействию и взаимному познанию культур народов мира. В данной работе рассматриваются европоцентристские взгляды на восточную культуру.

Тори, – деп жазады А.В. Гулыга, бұл өткен шақ. Тарихқа тәуелділік – яғни өткенге қатысты деген сөз. Өткен туралы естелік, оны білу, түсіну, қайғыру тарихи ақыл-ойды бейнелейді. Адамның өткенін оқып үйрену тарихи мүддделілікті туғызады. Өткенмен жанасқан адамдар әрқашан: «Мұның бәрі қалай болды?» Неге «бұлай болған?», – деген сұрақтар қояды [4, 32]. Сондықтан Р.Дж. Коллингвуд тарих адамның өзін-өзі тануы үшін қажет деп жазады. Адамның өзін-өзі тануы маңызды деп саналады. Өзін-өзі тануы дегеніміз адамның жеке ерекшеліктерін, оның басқа адамдардан өзгешеліктерін танып қою ғана емес, сонымен қатар өзінің адамдық тарихын тану деп түсінген жөн. Тарихтың құндылығы мынада: оның арқасында біз адам не істегенін білеміз, сондай-ақ сол арқылы оның өзі кім екені белгілі болады. Тарихшы қалай және қандай жағдайда өткенді таниды? Тарихшы өткенді өз ақыл-ойында еске түсіруге тиіс. Адам тарихты ойлаған кезде, оның алдында бір құжаттар немесе өткеннің қалдығы жатады. Оның міндеті осы қалдықтарды өзінен кейін тастап кету, бұл оқиғаның немен байланысты болғанын ашу. Тарихи мәнді заттар дегеніміз не деп егер сұрайтын болса, оның жауабы мынау: ол – тарихшының санасында еске түскен нәрсе. Бірінші кезекте, мұндай нәрсе тәжірибе болуға тиіс [6, 418]. Р.Дж. Коллингвуд сонымен тәжірибенің тарихи мәнін бірінші кезекке шығарды.

Тарихтың тағы бір гуманистік трактатын талқылауға болады. Тарих адамдардың провинциалдық шектеулерін жоюға көмектеседі, деп жазды Болингброк; басқа халықтардың өмірімен және салтымен таныса отырып, адамдар санасындағы этикалық және діни сәуегейліктерді жеңуге, өздерінің нәсілдік және ұлттық шектеулері жөніндегі ой-пікірлер надандығының салдарларын жоюға қол ұшын береді. Сонымен қатар тарих өз еліңе деген сүйіспеншілік, патриотизм, басқа елдерге ұқсамайтын қабілетін жан-жақты ашады [1, 16].

Бұл орайда біз адам қызметінің заңдары туралы сияқты оларды табиғат заңдарына қарама-қарсы қоя отырып айтамыз. Тарих заңдарын, яғни қоғамдық даму заңдарын тек тарихшылар ғана емес, социологтар, экономистер де оқып үйренеді.

Қоғам дамуы заңдарының мәселесін сондай-ақ неміс философы, жазушы-ағартушы И.Г. Гердер қарады. Бұл мәселе И.Г. Гердердің «Адамзат тарихының философиясына ой-пікірлер» деп аталатын еңбегінде басты орын алған. Философ табиғатта іс-әрекет жасап жатқан сияқты заңдарды қоғамда көреді. И.Г.Гердер: «Табиғат, төменгі басқыштан жоғарыға қарай үздіксіз заңды даму жағдайында болады; қоғам тарихы табиғат тарихымен тікелей қабысып жатады, онымен қосылып кетеді. Қоғамның даму заңдары табиғат заңдары сияқты табиғи қалыпта болады. Тірі адам күштері – адам тарихының қозғағыш серітпесі; тарих дегеніміз – жағдайлар, орындар мен уақытқа байланысты болып келген адам қабілеттерінің табиғи жемісі», – деген пікір айтады [7, 270]. Бұл, Гердердің пікірінше, тарихтың негізгі заңы. И.Г. Гердердің философиялық негізгі гуманизмі адамзат прогресі жөніндегі оқу болды – қоғам Гердер адамгершілік деп атаған жоғары жағдайға әрекет жасайды. Г.Болингброкқа келетін болсақ, ол барлық адамды халықтар тарихын оқып-үйренуге шақырады: «Адам дегеніміз кез-

келген тарихтың заты; оны жақсы білу үшін біз оны әртүрлі жас мөлшерінде, барлық елде, мемлекетте, өмірде және өлгенде көріп, түсінуіміз керек – тек тарих қана оны бізге бейнелеп береді. Сондықтан кез-келген тарих – өркениетті және өркениетті емес, ежелгі және қазіргі заман халықтарының әрекеттері мен мінез құлықтарын егжей-тегжейлі бейнелеп беретін барлық тарих бізді өзіміздің тегімізбен, яғни өзімізді өзімізбен таныстыру үшін пайдалы» [7, 305]. И.Г. Гердер халықтар мәдениетін, оның шығу тарихын, дамуын жан-жақты оқып-үйренуді ұсынады. «Халық мәдениеті, бұл оның болмысының түсі. Оның мәнін әдемілеп сыңғырлатып ашу. Егер гомерлік мифология адамдар жанында мәңгілік өмір сүрсе, грек құдайлары мәңгі үстемдік құрса, афиндық Демосфендердің қатты даусы шығып тұратын болса, онда бұл тарлық, шектелгендік болар еді.

Әрбір өсімдікке гүлдеу тән, бірақ гүлдер пісіп жарылып жан-жаққа тұқым шашады және тірі жаратылыс жаңғырады; Шекспир Софокл болған жоқ, Мильтон – Гомер, Болингброк – Перикл болмайды, бірақ әрқайсысы өз орнында және ежелгілер де өз орнында, өз тегінде қалды. Сонымен, әркім заттар тізбегінде болғанша, мейлі өз орнында болуға ұмтылсын; солай болуға ғана тиіс, басқаша мүмкін емес», – деп жазды ол [8, 66].

И.Г. Гердер адамзаттың тарихы дамуының ішкі мағынасы дегеніміз адамгершілік ойы деп есептейді. Осыдан неміс философының ағартушылар ойымен байланысы көрінеді. Тоқтаусыз, тақтайдай жазық, түзу сызықты көрініс жоқтаушыларға қарама-қайшы болып жатқан құбылысты көрмеуге дайын уайымшылдарға жас Гердер тарихта «айқын үдемелі қозғалыс пен дамуды, осыған дейін жоғары мағынада байқалған бұларды тарихта көрмеу мүмкін емес екенін айтты» [9, 94].

Сонымен, «адамзат, Гердерше айтқанда, жеке адам сияқты өзінің даму барысында жүйелі жағдайлардың қатарын бастан өткеруі – тарихи заңдылық, олардың әрқайсысы оның алдындағыларға қарағанда сапасы жағынан ерекшеленеді. Мұндай жағдайлар – өркениет дамуының ерекше басқышы» [1, 199].

Г. Болингброк адамзат прогресінің бар екенімен барлығын сендіреді. Адамзат прогресі жөніндегі бұл пікір ағартушылардың тарихи-философиялық ойының бағыттарының бірі болып табылады.

«Отанымызға деген сүйіспеншілігіміз – бұл тума қасиет емес, ақыл-оймен берілген сабақ. Онымен бізді түйсік емес, міндет пен пайда дағдыларын тәрбиелеу байланыстырады. Отанға деген сүйіспеншілік, барлық ұлттарды тұрақтандыру мен гүлдендіруде соншалықты қажет болып табылады». Генри Болингброк тарихтың кейбір кезеңдеріне тән және оларды аяқталған тұтас нәрсе етіп қалыптастыратын шынайы байланыстардың бар екенін көрсетеді. Тарихты кезеңдерге бөлудің объективті алғышарттары жөніндегі мұндай ұсыныс оның заманындағы тарихнаманың тарихи көрінісіне қарағанда алға озып кетті және Вольтердің көзқарасынан асып түсті [7, 282].

Г. Болингброктың анықтауынша тарих – мысалдарға негізделген философия. Бұл сөздерде ағартушылардың тарихи теориясының мәні бейнеленген. Шынында, егер тарих философияның тегі болса, онда ол, бір жағынан, тарихи фактілердің ақиқаттығын нақты айыруы керек, екінші жағынан, тарихи шындықтың нақтылығына көз жеткізуі қажет. Жекелеген фактілердің ақиқаттығы тарихтың ақиқаттығына әлі кепілдік бере алмайды, сондай-ақ философиялық мәндегі тарих шындығы оның нақты негізінің ақиқаттығына байланысты. Тарихнаманың Г.Болингброк заманындағы көрсетілген пікірлерінің бірде-бірі оны қанағаттандырмады. Мәселен, эрудитті тарихына оқырманды көптеген фактілермен, бірыңғай фактілермен тұншықтырды; тарихи тақырыптарға философиялық болжамдарға қатыстыларды айтар болсақ, олар жалпы фактілермен онша есептескен жоқ. Классикалық ескі тәураттың дерегі өте сенімсіз, олардың мазмұны түсініксіз, жалпы танымдық деп саналатын түсіндірмелері шындығында өз бетімен кетті, онда қасақана жалғандықтар мен ақтаңдақтар көп болды. Сонымен қатар көптеген хабарламаның бірыңғай көрінісі оларды сын тұрғысынан тексеру мүмкіндігін жоққа шығарды. Соның салдарынан аңыздар көбіне-көп әлі де нақты оқиғалар есебінде көрінуде. Г. Болингброкқа мән беруіміз керек – ежелгі тарих көбіне-көп XIX ғасырдың деректануындағы сынақ әдістерін жоғары қойды [7, 283].

Сонымен, тарихи сын ағартушылардың тарихи-философиялық ой-пікірі бағыттарының бірі болды. Г. Болингброк кез келген тарихи болмыстың нақтылығына күмән келтіреді, әрбір хабарланған деректі мұқият қатал тексеру қажеттігін айтады. Тарихшы, Болингброктың пікірінше, дайын деректерден бастай алмайды; ол алдымен деректердің аңыз қабаттарынан шындығын мысқылдап мұқият арши отырып соны сынау жолынан бастауға тиіс. Г. Болингброк

алға тартқан тарихи сын қағидалары ғылымды тәураттық-теологиялық тұжырымнан ажыратуға шынайы деректерді таңғажайыптан бөліп-жаруға әсер етті [7, 284-287]. Болашақ үшін аса зор маңызы бар XYIII ғасырдың тарихи ақыл-ойдың басқа бір маңызды бағыты – тарихтан «құдайшыл» емес, табиғи заңдарды іздестіруге ұмтылу. Г.Болингброк, ағылшын ағартушыларының өкілі ретінде өз еңбегінде шіркеу мен дінге қарсы қатал күрес жүргізеді, өйткені шіркеу ұйымынан ол адамзаттық ақыл-ойының, ағартудың басты жауын көрді.

Генри Болингброк осы жолдан феодалдық тарихшылардың қаламынан шыққан тарих жөніндегі көптеген кітаптарды тас-талқан етіп сынға алды. Ағартушыларға тән ақыл-ой, пікір рөлін ұлғайтып көрсету дегеніміз шіркеуге қарсы күрес екендігін ерекше атап көрсеткен дұрыс. Ағартушылар адамзат пен адам ақыл-ойының белсенділігі пікірін және тарихты өздері «жасау» құқығы мен оның нәтижесіне әсер ету идеясын бекітудің абсолютизмі мен шіркеуге қарсы күреске ұмтылды. Бірақ бұл орайда да ағартушылар тарихтағы пікір рөлін ұлғайтып жіберді.

Ағартушылар орта ғасырлық пікірмен және мекемелермен күресе отырып осы күрестің алыстағы көздерін бақылауға ұмтылды. Олар дін мен шіркеудің «мәңгілігіне» деген сенімді үзді. Ағартушылар өткеннің тарихын ақыл-ой мен ақылсыздықтың, ақыл-ой бостандығы мен шіркеудің, еркіндік пен қаталдықтың күресі ретінде көрсетуге тырысты. Ағартушылардың елеулі еңбегі өркениеттің құлдырауының себебі ретінде саяси және қоғамдық езгі жөніндегі мәселені кеңінен жасағандығы болды [10, 187].

Г. Болингброк өз еңбектерінде тарихи шындықты көлеңкелейтін аңыздардың әр түріне және шіркеулік-діни танымдарға қарсы күресті жалғастырды. Ол тарихи дерек ретінде тәураттық наным беделін жоюға тырысты, дерек ретінде бірқатар тәураттық эпизодтар мен кейбіреулерді салыстырмалы тарихи зерттеу жолына түсті. Ағартушы ежелгі шығыс, Египет және ежелгі мифологиялық тәураттық мәтіндегі көп материалдарды сынға алды. Г.Болингброк грек-тің аңыз-әңгімелерін, Вавилонның аңыздарын, Египет теологиясын және т.б. пайдаланды.

Г. Болингброктың және басқа ағартушылардың тарихи еңбектерінің елеулі көпшілігі «ақыл-ой әлемді билейді» деген ағартушыларға тән сенім деп есептеуге толық негіз бар. Бірақ ағартушылардың бұл тезисін бағалауға диалектикалық тұрғыдан келу керек, кейінгі ғана емес, олардың алдындағы тарихи ақыл-ой тұрғысынан ағартушылар пікірін бағалау қажет.

Бұдан бұрын айтқандай, Г. Болингброк дәстүрлі діни сенімдерді мойындамады және тәураттық аңыз-әңгімелерді әжуа етті, бірақ өмірдегі жасаған және оның заңдарын белгілеген жоғарғы ақылды күшке жол беру қажет деп есептеді. Болингброк дін көпшілікті ауыздықтау үшін қажет деп ойлады. Оның осы пайымдауында таптық тәуелділік аңғарылды. Ағартушылар қоғамдық даму мәселелерінде идеалистер болды. Сословиялық құрылыс қиратылған соң әлеуметтік гармония дәуірі басталады деп сенді. Қанаушылық әлі де «діни және саяси танымдармен» бүркемеленген феодалдық құрылыстың орнына жаңа буржуазиялық құрылыс оның «ашық, ұятсыз, тіке, қатал қанаушылығымен» бірге келетінін олар түсінбеді [11, 275-276].

Соңында, Генри Болингброк тек адам жағдайын ғана емес, кезеңдердің жеке-даралығы қайталанбайтын тарихи кезеңдерді ауыстыру пікірлеріне жақын келді, олардың қандай мезгілдегі оқиғадан шыққандығына қарамастан тарих сабақтарын пайдалану мүмкіндігіне – гуманистердің дәстүрлі сеніміне жаңа сарын қосты. Мұны пайдалану дегеніміз – прототипке соқыр еліктеу деген сөз. Егер мүмкін болса, біз рухты ұстауымыз керек..., бірақ тарихтың өзі бізге бейнесін салып беріп отырған ұлы қайырымды адамдардың нақты мінез-құлқын біздің әрекеттерімізде құлша тергеуден сақ болғанымыз жөн.

Г. Болингброктың тарих философиясы оның саяси көзқарастары мен таптық тұжырымдарымен тығыз байланысты. Ағылшын торилерінің идеологиясы ретінде Болингброк Эразм, Элиот, Сидней және тағы да басқа гуманистердің ізімен ағылшын ақсүйектеріне, басқарушы элитаға ден қойды. Осындай байланыстардың тарихы «табиғи басқарушыларды» әлеуметтік және моральдық тәрбиелеудің құралы ретінде қарастырады.

Генри Сент-Джон Болингброктың тарихи пікірлері ағарту дәуіріне тән болды. Бұл пікірлер адамзат, адам ақыл-ойы прогресіне, адам өмірі мен табиғаты заңдарының байланысына, дүниежүзілік тарихи даму идеяларына жақын еді. Болингброктың тарихты ғылыми тұрғыда оқып үйрену әдістеріне қатысты пікірлері тартымды. «Хаттардың» замандастар және оларға жақын бірнеше ұрпақ оқырмандары арасында танымал болғанына қарамастан тарихнама мен философиялық тарихи пікірлердің оларға немқұрайлылығы көзге түседі.

Сонымен қатар, тарихта белгілі болғандай, Вольтер тарих философиясы мен методологиясы саласындағы бірқатар негізгі пікірлері үшін Бо-

лингброкқа міндетті, бұл пікірлері ретінде ден қоя оқуда.

Жоғарыда айтылғаннан белгілі болғандай, Ағартушылық ғасырдың еуропалық тарихи және саяси пікірінің арнасына Г. Болингброктың көптеген пікірлері автордың аты көрсетілмей кіруі тиіс. Англияның ақыл-ой өмірінде вигизмнің ұзақ уақыт үстемдігі тори ойшыл, әрине, өз табының көзқарасы – жер ақсүйектері – «Алтын қаптар» патшалығын құлату үшін көп нәрсе істеген Г. Болингброктың әдеби мұраларының тарихы үшін қатерлі болды.

XVIII ғасырдың басында өз заманындағы буржуазиялық қоғамды сынауда Г.Болингброк үлкен рөл ойнады. Оның пікірі сол дәуірдегі Франциядағы қайраткерлер пікірінен көбінекөп асып түсті. Шындығында, буржуазиялық әлеуметтік және саяси пікірдің шығуы және жер иелері табының құлауы ғасырында заманға деген тарихи көзқарас ақсүйек идеологтарына ғана тән болды. Смит пен Рикардо әлі де иықтарында отырған XVIII ғасыр пайғамбарларына бұл индивидуум... Өткенге жататын пікірлермен көрінеді. Ол тарих қорытындыларымен емес, бастапқы түрде берілген. Көптеген жағдайларда XVIII ғасырға аристократ ретінде қарама-қайшы келетін Стюарттың тарих топырағындағы салмағы басым, мұндай адасудан аулақ болды.

Лорд Генри Болингброк ақсүйек ретінде негізгі мәселелердің бірқатарын талдап отырды. Саяси оппоненттеріне қарағанда тарих топырағындағы оның шоқтығы анағұрлым биікте тұрды. Бұдан ағылшынның саяси қайраткері, публицист, тори көшбасшыларының бірі – Г.Болингброктың идеялық мұрасының мәдени-тарихи құндылығында шек жоқ екені көрінеді.

Г. Болингброктың дүниетанымында тарих, тарих ғылымы үлкен рөл атқарады. Тарихи жағдайлар қайталанып тұрады. Сондықтан да әлем тарихын көне дәуірден бастап, кейінгі кезеңдермен бірге салыстырмалы түрде қарастырған жөн.

Әдебиеттер

1 Болингброк Г. Письма об изучении и пользе истории / пер. С.М. Берковской, А.Т. Парфенова, А.С. Розенцвейга. – М.: Наука, 1978.

2 Блок М. Апология истории. – М.: Наука, 1973.

3 Державин К.Н. Вольтер. – М.: Изд-во АН СССР, 1946.

4 Гулыга А.В. Эстетика истории. – М.: Наука, 1974.

5 Коллингвуд Р.Дж. Идея истории. Автобиография. – М., 1970.

6 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977.

7 Барг М.А. Историческая мысль английского Просвещения: Болингброк // Болингброк Г. Письма об изучении и пользе истории. – М.: Наука, 1978.

8 Фридлендер Г.М. История и историзм в век Просвещения // Проблемы историзма в русской литературе. – Л., 1984.

9 Жирмунская Н.А. Историко-философская концепция И.Г. Гердера и историзм Просвещения // Проблемы историзма в русской литературе конца XVIII – начала XIX в. – Л., 1981.

10 Честерфилд Ф.Д.С. Письма к сыну. Максимы. Характеры. – М.: Наука, 1978.

11 Просветительское движение в Англии / под ред. Н.М. Мещеряковой. – М., 1991.

References

1 Bolingbrok G. Letters on studying and advantage S.M. Berkovskaya, A.T. Parfyonov, A.S. Rosenzweig's history / Processing. – M.: Science, 1978.

2 Block M. Apology of history. – M.: Science, 1973.

3 Derzhavin C.N. Voltaire. – M.: Publishing house of Academy of Sciences of the USSR, 1946.

4 Estetik's A.V. Gulyga of history. – M.: Science, 1974.

5 Collingwood R. J. Idea of history. Autobiography. – M, 1970.

6 Herder I.G. Ideas to mankind history philosophy. – M, 1977.

7 Барг М. А. Istoricheskaya thought of the English Education: Bolingbrok//Bolingbrok G. Letters on studying and advantage of history. – M.: Science, 1978.

8 Friedlander G. M. History and historicism in a century of Education//historicism Problems in the Russian literature. – L., 1984.

9 Zhirmunskaya N. A. The historico-philosophical concept of I. G. Herder and historicism of Education // historicism Problems in the Russian literature of the end of XVIII – the beginnings of the 19th century – L., 1981.

10 Chesterfield Pisjm F.D.S. to the son. Maxims. Characters. – M.: Science, 1978.

11 The educational movement in England / Under the editorship of N. M. Meshcheryakova. – M, 1991.

2-бөлім

МӘДЕНИЕТТАНУ

Раздел 2

КУЛЬТУРОЛОГИЯ

Section 2

CULTURAL STUDIES

Борбасова Қ.М.,
Альджанова Н.К.,
Карабалина Э.

Коммуникациялық қатынастар семиотикасының қазақ әдебиетіндегі көрінісі

Мақалада дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі терең коммуникациялық қатынастар семиотикасына талдау жасалады. Қазақ хандығында басталған коммуникациялық мәдени өзгерістер мен олардың рәміздік суреттемелеріне шолу жасай келіп, авторлар үлгі боларлық адамның бейнесін сомдайды. Қазақ даласындағы әлеуметтік коммуникациядағы ерекше этносоциологиялық сана мен әлеуметтік бірлік мәдениеті үрдісінің қалыптасуы ақын-жыраулар мен жазушылар шығармашылығы арқылы дәлелденеді.

Түйін сөздер: қазақ мәдениеті, дәстүр, коммуникация, рәміздер, дүниетаным, бейне.

Borbassova K.M.,
Aljanova N.K.,
Karabalina E.

Semiotics of communication in kazakh literature

The article presents the analysis of communication semiotics in traditional Kazakh culture. The authors depict the image of the exemplary person making the review of communication cultural change begun in the Kazakh khanate and their symbolic descriptions. The formation of a special ethno-sociological consciousness of the sociological communication and sociological trends of a single culture in the Kazakh steppe is reasoned by creativity of poets, zhyrau and writers.

Key words: Kazakh culture, tradition, communication, symbols, worldview, way.

Борбасова К.М.,
Альджанова Н.К.,
Карабалина Э.

Семиотика коммуникационных отношений в казахской культуре

В статье приведен анализ семиотики коммуникационных отношений в традиционной казахской культуре. Авторы изображают образ примерного человека, делая обзор коммуникационных культурных изменений, начатых в казахском ханстве, и их символических описаний. Формирование особенного этносоциологического сознания социологической коммуникации и тенденции единой социологической культуры в казахской степи аргументировано творчеством акынов, жырау и писателей.

Ключевые слова: қазахская культура, традиция, коммуникация, символы, мировоззрение, образ.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 392 (574) (=943.42)

*Борбасова Қ.М., Альджанова Н.К., Карабалина Э.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: karlygash_bm@mail.ru

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР СЕМИОТИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Этностық шоғырланушы коммуникациялар қашанда ортақ рәміздер мен дүниетанымдық ұстанымдар арқылы тұтастанатыны белгілі. Алайда бұл бірігу рулық мүдделер шеңберінен көп жағдайда шыға алмады. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті дәуіріндегі адам мен дүние қарым-қатынастары туралы тікелей әдебиет болмағанымен, осы мәселенің кейбір жақтары Қ.Ш. Нұрланованың, Е. Тұрсыновтың, Б. Байжігітовтың, Н. Шаханованың, Г. Шалабаеваның, Ә. Хасеновтың, Ш. Ыбыраевтың, Б.Ғ. Нұржановтың, Ж.Ж. Молдабековтың, Т.Х. Ғабитовтың, Г. Нұрышеваның, С.Е. Нұрмұратовтың және тағы басқа зерттеушілердің ғылыми нәтижелерінде XV ғасырдың екінші бөлігінде Қазақ хандығында басталған коммуникациялық мәдени өзгерістері, олардың рәміздік суреттемелері зерделенген.

Қазақтың дәстүрлі коммуникациясының негізгі модель-үлгісіне тіршілік хронологиясы жатады және ол өзінің рәміздік көп мағыналығымен көзге түседі. Белгілі философ Ю. Хабермас индивидуалдық коммуникацияның әр мәдениеттегі деңгейін анықтау үшін оның мынандай қасиеттеріне назар аудару қажет деген: а) жеке адамдардың қарым-қатынасқа түсу қабілеттілігі: ә) өзіндік меннің бар болуы және оған сүйену; б) моральдық жауапкершіліктің болуы. Осы жағдайда индивидуалдық дискурс жүре алады [1].

Қазақ хандық дәуіріндегі ақын-жырауларда жеке-даралық дискурстың жоғары деңгейде болғанына мынандай дәлелдер келтіруге болады. Қазақ даласындағы әлеуметтік коммуникациядағы ерекше этносоциологиялық сана мен әлеуметтік бірлік мәдениеті үрдісінің қалыптасуын білдіреді. Адамның адамзат тарихы қалыптасқаннан бергі тарихын оның рухани болмыс-бітімінің үздіксіз ашылу үдерісі деп қарастыруға болады. Адамзат тарихы адамның өз шығармашылық қасиеттерін көрсетуі арқылы, көзқарастары мен ойлары, жасаған образдары және дүниетанымымен ерекшеленеді.

«Қазақ ділмәрларының азаматтық татулық пен әлеуметтік бүтіндіктің көріну формасы мен оны іске асыру тетігін келесі бір тамыры ретінде қазақтың үш жүздік құрылымын қарастырғандығын айтуға болады. Қазақ ділмәрларының пікірінше, дәстүрлі дала қоғамындағы үш жүздік әлеуметтік құры-

лымның өзі ру, тайпа, ел, ұлт болып, бүкіл қоғамда төлтума коммуникацияның қалыптасуына тікелей мұрындық болған» [2].

Кеңпейілділік, кешірімділік, досқа адалдық, өзара адами түсіністік қарым-қатынастар көп қырлы сипатымен адамдардың өздерін өз өмірлерін бағалай білуге жетелейді. Асан қайғының ойынша, адамның қоғамдағы орны оның атқаратын іс-әрекеттерінің адамшылық арнадан көрінуі және адамдардың бірін-бірі бағалай білуіне байланысты. Әсіресе дау-дамайдан, жанжал, ұрыс-керістерден өздерін сақтауы тиіс. Адамның қадірлі болуының негізі – сол адамның мінез-құлықтарынан туындайды. Адам өз-өзін тежеп, сабырлы ұстауы оның беделін арттырады. Философиялық ой ағымымен айтсақ, адамның бағалы не бағасыз болуы оның өзіне ғана байланысты. Ол өзі ғана осы қасиетке ие бола алады немесе бола алмайды. Асан толғауының негізінде қайырымдылық рухы жатыр. Зұлымдықтан, жамандықтан, адам беделін түсіретін әрекеттерден сақтандыру, бұл орайда маңызды сатылар, тек қайырымдылық арқасында жағымсыз құбылыстарды тудырмау немесе болдырмау Асанның болмысындағы әділеттіліктен бастау алады. Асан тыйым салып отырған әрекеттердің адамға тигізер зияны көп. Біріншіден, Асанның өзін ұстай білуге үндеуі коммуникацияда адамның қадірін арттырып, оның бағалы жақтарына баулиды. Бұл дегеніміз адамның бағасын білдіреді, мойындатады, яғни коммуникацияға қажетті қасиеттердің сапалы болуын көздейді:

Өзіңе біреу тиіссе,
Кейін қарай жылыспа.
Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып жуыспа.
Өлетұғын тай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Жөнге баспай тырысып,
Орынсыз жерге жем болма,
Ашу-дұшпан артынан,
Түсіп кетсең қайтесің,
Түбі терең қуысқа [3].

Асан қайғы қарым-қатынаста адамгершілікті жоғары бағалаған. Оның қалыптасқан этикалық ұстанымдары, қағидалары бар. Адамның мінез-құлықтарын саралап, оларға баға беріп, жақсыны жаманнан айыра білуді, олардың қатынастарын реттеу тетіктерін атап, жақсылыққа бастайтын бағыттарды нұсқап отырады. Өмірде пайда табу үшін ұрыс-керіске барудың жаманшылық әкелетінін көрсетіп, одан сақтандырады. Адал достықты қадірлеп, жалған дүниенің соңына еруден қорғап, жақсылықтың қайнар көзі болатын бірлікті дәріптейді. Асан ашуды жағымсыз қылық, зұлымдыққа апаратын жол деп есептейді. Жаман, жақсы дос, дұшпан, ұрыс, ашу, кешірімділік, қайырымды болу Асан толғауларындағы басты ұғым-түсініктер, міне, осындай. Қоғамда жақсылыққа жол ашу, адамдарда дұрыс мінез-құлықтар қалыптастыру Асан ойынша адамның өзіне тікелей байланысты.

Қазақ даналары тектік түптің бір болуын жүз бен жүз арасындағы дауларда үнемі алға тартып, коммуникацияда ынтымақ пен әлеуметтік бірліктің рухани өлшемі ретінде көрсетіп отырған. Және оны дәстүрлі дала қоғамындағы этнотоғыстырушы механизм ретінде қолданған. Мәселен, жайылымға таласқан үйсін мен арғын тайпаларының дауында Төле бидің:

Ақты ақ деп бағалар!
О, игі жақсы ағалар!
Өзегі талса ел біткен,
Өзен бойын жағалар, –

деген ойды бастай келе,

О, игі асқар тауымыз,
Әділ ме осы дауымыз?
Жар астында тұрғанда,
Жасырынып жауымыз, –

[4] деген кісілік пәтуа айтқан соң екі жақ төрелікті Төлеге беріп, ол жерді екі жаққа да теңдей бөлген екен.

Төле бидің «жер жетер, көңіліңді ұстама тар» деген сөздерінде тектік тамырға нұсқаған астарлы сана-сезім жатыр. Осы тұсы үш жүздің әр азаматының шыққан тегі бір екенін, олардың бәрінің де белгілі бір қауымға жататынын, сол бір ғана қазақ қауымының өкілі екенін терең сездіріп тұрғандай. Демек, Төле би қарым-қатынастардың үш жүздік әлеуметтік жүйесіндегі мінез-құлықтарды қандас-тектестік идея арқылы қауымдық бірлікке, азаматтық татулыққа бейімдейді. «Елдің бірлігі, бидің білігі емес пе!» – деген Бөлтірік шешеннің толғауының мәнісі осында болар. Мұндай рухани кесім-бітім кезкелген қоғамның коммуникациялардағы әлеуметтік ахуалын әртүрлі әлеуметтік аномиялардан (ауытқулардан) тазартуға бірден-бір себепші болып отырғаны хақ.

Жеті аталық үрдістен туындайтын коммуникацияның қандастық-туыстық жүйесінің қалыптасуы адамдар арасындағы қатынаста әлеуметтік қатынас нормаларын орнықтырып, халықтың тұтастығын сақтап отырған. Қазақтың қандастық-туыстық жүйесі негізінен үш жұрттың (әлеуметтік топтың) арасындағы жүріп отырғандығын байқауға болады: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты.

Қазақ қауымында жеті атаға толмай қыз алысқан жағдайда адамның да, әлеуметтік қатынастың да сапасының бұзылатындығын қазақ шешендері қатты ескерген. Осы жөнінде, Нақысбек шешен: «Ең бірінші келіннен ұят кетеді, баладан мият кетеді, күйеуден мейір кетеді, ағайыннан пейіл кетеді. Екіншіден, ұрпағы кем болады. Құлқыны кең болады» [5] деген ойды айтады. Шындығында келіннен ұят, баладан ақыл-ес кетсе, күйеу баладан мейір-шапағат кетсе, құда-жекжат арасында барыс-келіс болмай жақыны алыстап, ара суыйды деген сөз. Бұл әлеуметтің тұтастығына нұқсан келтіреді.

Тарихи себептермен қалыптасқан «белсенді коммуникациялық ғасырларда» ақын-жыраулар белсенді мәдени қаһармандар ретінде қалыптасқан. Олар елдік сана мен жігерді ұйымдастырушылар қызметін атқарған. Мысалы, атақты Қазтуған жырау үшін алынбайтын кедергі жоқ:

Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын бұзып өтіп дінді ашқан
Сүйініш ұлы Қазтуған!!! [6, 12 б.].

Қазақтың арғы тектерінде қауымдық құрылымдардың маңыздылығы жоғары болған. Бұл жағдай дәстүрлі қазақ мәдениетінде де өз жалғасын тапты. Р. Құл-Мұхаметтің пайымдауынша, ру, қауым, тайпа, жүз коммуникациясы – дәстүрлі көшпелі мәдениеттің іргетасы болғандығы даусыз. «У ішсең де, руыңмен іш» дейді халық мақалы. Қазақтың дәстүрлі рулық қоғамы туысқандық қатынастарға негізделгені де белгілі.

Ш.Уәлиханов атап өткендей, жүз бен жүздің, жүз ішіндегі рулардың бір-бірімен арасындағы қатынас нағыз тығыз туысқандыққа сәйкес, ал рулардың өз жүзіне деген қатынасы баланың әкеге, үлкен жүздің аға руына көзқарасы жиеннің нағашысына қатынасындай. Әрине, рулық адамның классикалық көшпелілік қоғамдағы оң құндылықтары туралы жеткілікті жазылған. Алайда, бір жағдайды ескеру қажет. Қауым жеке тұлғаны, кісіні емес, алдымен тұтастықты қайталауға ұмтылады. Бұл тұлғалық енжарлықтың бір себебі де болып табылады [7, 42 б.].

Қазақтың бір мақалы «Жеңім жаман болса, жағам жақсы, өзім жаман болсам, ағам жақсы» дейді. Мақалды екі түрлі түсіндіруге болады. Бірінші жағынан, коммуникацияда арқа сүйетін тұлғаның болуы қалыптасып келе жатқан жас өркен үшін маңызды. Мысалы, Бұқар жырау былай толғайды:

Әкелі бала жау жүрек,
Әкесіз бала сұм жүрек.
Жиын болса бара алмас,
Барғанмен орын ала алмас.
Екі көзі жаудырап,
Тұлымшағы салбырап
Күні де соның не болғанын білмеймін,
Шайнағаным күманді-ды.
Әкелі бала жау жүрек
Жиын болса барады,
Барса орын алады,
Бітірер сенің дауыңды,
Қайтарар сенің жауыңды,
Күнінде тастап өтер жебесін [8, 76 б.].

Қауымшылдық құндылығы тек тікелей отбасылық негіздерге сүйенуден ғана емес, сонымен бірге аталас-руластарымен бір болумен айшықталады:

Атаның ұлы жақсыға
Малыңды бер де, басың қос,
Бір күні болар керегі.
Бостаны бар-ды теректің,
Болаты бар-ды беректің,
Тұсындағы болған нартың қорлама,
Тұсындағы болған нартың қорласаң,
Табылмас-ты керекте [8, 35 б.].

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі коммуникацияда қауымдық арналардың басымдылығы туралы аз жазылып жүрген жоқ және оған деректерді де біршама келтіруге болады. Осы түсінік туралы біз өз назарымызды даралық пен қауымдылықтың қазақ қоғамындағы тоғысқан ұғымбейнелеріне аудармақпыз. Осындай төл тума ұғымдардың біріне «кісі» атауы жатады. «Кісі» ұғымы жалпы контекстіде жиі қолданылғанымен, еліміздің әдебиетінде тек соңғы жылдары арнаулы талданылып келеді. Кісі осы адам мен пендені біріктіруші ұғым. «Есті кісі бар, ессізі де бар». Абай айтқандай, «егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртеде, болмаса жұмасында бір, өзің-өзіңнен есеп ал».

Ер кісі ғана жамандыққа жақсылықпен жауап бере алады. Ақын жырлағандай:

Кісінің тегі таза, қылығы – нұр,
Қызығып сол қылыққа көңілді бұр.
Адамнан адамдардың парқы басқа –
Ұқсайды бір-біріне бөрігі құр [9].

Байқап отырғанымыздай, жоғарыдағы мәтінде «адам» мен «кісі» синонимдар сипатында қолданылады. Осы заманның тағы бір ғұламасы Жүсіп Баласағұн «кісі-адам» мен «кісі-киікті» ажыратқан. Бұл қисын бойынша, тек дұрыс кісі ғана адам бола алады. Кісілігі бар адамның мінезінде ұнамды қасиеттер көп болады. Ол ақыл тоқтатып, жұртқа өнегелі сөз айтып, өзгені де тыңдай білетін адам. Кісілігі бар адам бір істі бастаса, оны аяғына дейін жеткізіп, тындыруы тиіс. Оның әрбір қимыл-қозғалысы, әрекеті діттеген мақсатына бағытталып отырады [10, 15 б.].

Кісіні көрсең, есікке,
Жүгіре шық кешікпе.
Қарсы алмасаң мейманды,
Кесір болар нәсіпке, –

депті Үмбетай жырау [8, 65 б.].

Адамгершілік ұстаным коммуникацияда қашан да кісілік қасиеттерде көрініс табады. Кісілік қасиеттер әл-Фарабидің «Қайырымды қала» ілімінде арнаулы қарастырылады. Оның пікірінше, кісілік белгілер, әсіресе, елбасыға тән болуы қажет. Осындай кісіге қойылатын талаптар: «Біріншіден, бұл кісінің мүшелері мүлдем мінсіз болуға тиіс: жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айданаық айтып бере алатын тілмар болуы шарт; өнер-білімге құштар болуы, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болуы керек; тағамға, ішімдік ішуге, сұқ-сұқбат құруға келгенде қанағатшыл болуы керек; шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көруі керек; жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылысынан пысық істердің бәрінен жоғары болып, игі істерге ынтазар болуға тиіс; дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарау керек; жаратылыстан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көру керек; қыңыр болмау керек; өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болуы керек», – дейді [11, 336 б.].

Сонымен, «кісі» шығыстық коммуникацияда инабатты адам мағынасына жақын қолданылатын адамдық келбет болып табылады. Жоғарыда коммуникациядағы ақын-жыраулардағы интерсубъектілік мотивтер туралы сөз еткенбіз. Бұл интерсубъектілік, бір жағынан, өзіндік бірегейлік іздеуден туса, екінші жағынан, ол өзінің кісілігін паш етумен қатысты:

Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп.
Жасым жетпей он беске,
Қорғайтын жан ашыр адам жоқ,
Әкем жүр момын сорлы боп,
Кәрі ақсайды ақылдан,
Ер ақсайды жақыннан,
Қазір жас бала болсам да,
Үмітім бар ақырдан,
Жалғыздық сені қайтейін!
Жасым жетіп он беске,
Кірер ме екем кеңеске.
Ерегіскен дұшпанмен
Шығар күн болса күреске! [12, 41 б.].

Тілек-арманнан бастау алған әрбір есім сол халықтың тарихын, этностық даму ерекшелігін сипаттаумен қатар, жеке адамдардың субъективті-индивидуалды сезімдерін, құндылықтарды бағалау ерекшеліктерін, қабылдау-тану өрістерін және өмірлік тәжірибелерін сұрыптауға мүмкіндік береді [13, 151 б.]. Кісі есімдерінің уәжділік және танымдық сипатын зерттеген Н. Асылбекова олардың гендерлік сипатын былайша көрсетеді: «Әйел адамдардың ассоциативті ойлау жүйесіне көбінесе адамгершілік, ізгілік, жылылық, күнделікті күйбең тіршілік жақын да, ер адамдардың ассоциативті ойлау жүйесіне ерлік жасау, батырлық көрсету, кәсіппен шұғылдану т.б. жақын болады. Сәбиге ат қою кезінде оның жыныстық ерекшелігі ескерілетіні сөзсіз. Кісі есімдерін жасауда шаш, көз, гүл, сұлу, бике, ай, бибі, наз сыңарлары жиі кездессе, ал ұл балалардың есімдерінде сұлтан, хан, батыр, ғали, берген, берді, мырза, бек, тай, т.б. сыңарлары белсенді қызмет атқарады» [14, 20 б.].

Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі терең коммуникациялық қатынастар семиотикасын әйел рәміздері арқылы көрсетейік. Ер адам өзінің күш-қуатымен ерекшеленсе, әйел сұлулығымен, жанымен, рухымен құдіретті. Ғасырлар толқы-

нымен бірге сұлулық деген көзқарас та өзгермелі екені заңдылық.

Мәңгілік қойнауынан бізге жеткен арулар кескінін көз алдымызға елестетсек, сұлулық тәңіріндей салтанатты Египет патшайымы Нефертити, мәрмәр тәнді Венера Милосская, өзіміздің тотыдайын таранған, аққудайын сыланған Қыз Жібек, Ақжүніс, Баян сұлулар келбеті елестейтіні сөзсіз. Әлемде қанша ұлт, мемлекет болса, сұлулық туралы көзқарас, оның өлшемі де соншама. Мысалы, Перудегі майорун тайпасында денесін піскілеп бояп, маймылдың тістерінен алқа тағып, шашына, мұрнына, құлағына қауырсын, қабыршақ секілділерді неғұрлым көп іліп алған әйел әдемі деп саналады. Натчи тайпасында бас сүйегі қолдан әдейі сопайтылмаған әйелді ұсқынсызға жатқызады. Филиппиндегі палавеньо тайпасының әйелдері тістерін тегістеп егеп, қара бояумен бояп алады. Сенегалда волоф әйелдері шаштарын бірнеше бұрым етіп өріп, мүйіз секілді тікірейтіп қояды. Вьетнамдағы зырай әйелдері мойындарын ұзарту үшін алқа орнына бұрама құрсау киіп жүреді. Ежелгі махаббат құдайы Афродита (Венера) сыршыл сезімді сұлулықты меңзесе, Зевстің сүйіктісі Гера асқақтықты, билікті әйелдің қасиеті деп таныған. Ал Афина Паллада әйелдердің ақыл-парасатын бірінші орынға қойған.

Адамның белгілі бір қасиетін, мінез-құлқын, белгісін сипаттау тілдік жүйеде және жазушы мен сөйлеуші аталған тілді тұтынушылардың өмір сүру жағдайына, мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымы, таным-талғамына, күнделікті тұрмыс пен өмір тәжірибесінде бұрыннан қалыптасқан түрлі зат, құбылыстармен байланысты. Яғни тілден халықтың рухани және материалдық мәдениетінің іздерін байқауға болады.

Ал кез келген деңгейдегі тілдік элементтер тек қана мәтін жүйесінде эмоциялы әсер ете алады. Осындай «өзіне тән эстетикалық коммуникацияның бірліктері ретіндегі көркем мәтіннің ерекшелігі оның жалпы адамға қатысты ортақтылығы, яғни әлем тану мен оның көрінуі әдебиет шығармасында ең алдымен адамның танымына бағытталады, ал берілген көркемдік оқиғалар оның жан жақты көрінісінің тәсілдері болып есептеледі» [15, 33 б.].

Осыған сәйкес қазақ тілінде әйел көркін сипаттайтын, коммуникацияда «қазақ әйелі» рәміздерін танытатын концептілер төмендегіше көрініс тапқан: «Көз» – тана көз, бота көз, бадана көз, айна көз, қарақаттай көз, жәудір көз, күлім көз, көген көз, қой көз, қоңырқай көз, тұнық, мөлдір көз, майылдай көз, тұнжыр көз, нәркес көз, тостағандай жанары, елегізеген еліктің жанарындай, қос жұлдыздай қос жанары, т.б.

Әйел сұлулығын тануда көзге қатысты эпитет, теңеулер әр жазушы танымында ұлттық дүние суретіне сай, алайда алуан түрлі сөз өрнегімен өріледі. Мысалы, М. Әуезов сұлулық үлгісі ретінде «шошақтау біткен үлкен қой көз, нұрлы көз, ойлы көз, шұғылалы көзді» таныса, ал Ғ. Мүсірепов танымына «үлкен қара көз, бота көз, құралай көз, айна көз» сияқты эпитеттер жақын.

Ал қаз мойын тіркесі иілген әдемі мойынды білдіреді. Әуелде аттың сипатына байланысты, кейін сұлу қыз, көрікті әйелдің мойнына қатысты айтылатын тұрақты тіркеске айналған. Қаз бен аққудың кейбір ұқсастығы негізінде «кербездік», «сұлулық» концептісін бейнелейтін жағымды коннотация туған. Аққудай иілген мойны, жаңа туған айдай иіле біткен жіңішке қасы, жазық маңдайынан тура түскен әсем мұрны, ителгінің тамағындай аппақ, жұмыр иегі мен қымсынғанда қызыл арай теуіп тұратын нұрлы жүзі, бәрі-бәрі қолдан ойылып жасағандай. «Шашы» – жібектей майда шаш, сүмбіледей қара шаш, қолаң жібек шаш, толқынды қою қара шаш, білектей-білектей қос бұрым, тізесіне төгілген білектей бұрым, жылтырап өрілген жуан бұрым, көмірдей шаш т.б. Аққу – сирек кездесетін, қазақ ұғымында құс патшасы саналатын, оны атқандар киесіне ұшырайтын қасиетті құс. Ондай киелі, ерекше ардақталатын құстың жұмыртқасы да айрықша болатыны белгілі.

Қазақ әйелінің бағасы мен сипатын, қадір-қасиетін дәл тауып, оны өзінің даналық сөздері, мақал-мәтелдері арқылы өрнектеп, ұрпақтарына мирас етуші халқымыздың бітім-болмысы, тұрмыс-тіршілігі, асылы мен жасығы туралы көзқарасы аталған теңдессіз мұраларында айқын көрініс тапқан. Мысалы, «Әйелдің әйелден артықшылығы – мінезінде», «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін», «Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады, жаман әйел жақсы еркекті надан қылады», «Жақсы әйел өміріңді ұзартады, жаман әйел үстіңе тұз артады» дейді халық даналығы.

Көркем туындыларда әйел бейнесін мүсіндеп, әйел сипатын бейнелегенде ұлттық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптық ерекшеліктерімен бірге рухани дүниенің сырлары, эстетикалық сезімдері, ұлттық таным, болмыс, тәлім-тәрбие ерекше орын алатыны мәлім. Сол сияқты Абай өлеңдерінде де «әйел» концептісін білдіретін

рәміздердің ұлттық дүниетанымға сай берілгені аңғарылады. Әйел болмысы, оның еркектен ерекшелігі, ең алдымен, әйелдің сұлулығынан көрінеді. Сұлулық – тек әйел затының өлшемі. Сондықтан, әрбір әйелдің сұлулыққа ұмтылуы, ал ақындардың бүкіл адамзат баласы секілді сұлулыққа құмарлығы, ынтықтығы – заңдылық.

Абайдың «сұлулық» рәмізін сипаттау семиотикасы төмендегі тіркестер арқылы көрінеді: кең маңдай, қолаң шаш, ақ тамақ, қызыл жүз, қара көз, имек қас, қараса жан тоймас, аузың бал, қызыл гүл, ақ тісің кір шалмас, иісің – гүл аңқыған, нұрың – күн шалқыған, үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, аласы аз қара көзі нұр жайнайды, ақша жүз, алқызыл бет, маңдайдан тура түскен қырлы мұрын, қолаң қара шашы бар жібек талды, торғындай толқын ұрып көз таңдайды және т.б. Аталған тіркестерден қазақ халқының сұлулық туралы ұғымына сай мағыналар айқын аңғарылады. Олардың бірқатары халық санасында бұрыннан қалыптасқан етене жақын тұрақты сөз тіркестері болса, енді бірқатары ақынның өз қолданысындағы сөз өрнектері.

«Сымбаттылық» рәмізі Абайдың суреттеуінде былай көрінеді:

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ
Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды .
Қыр мұрын, қыпша бел,
Солқылдар соқса жел [16].

Қазақ әйелінің сыртқы сыр-сымбаты мен ішкі рухани әлемінің сан қатпарлы, мол иірімді ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени белгілерін танытатын, жоғарыда аталған коннотацияларға дәлел бола алатын айрықша лингвомәдени бірліктер жиі кездеседі. Біздіңше, оларды шартты түрде мынадай когнитивтік модельдер арқылы көрсетуге болады:

Коммуникацияда «Бауырмалдылық» рәмізі де аса маңызды болып келеді: «Айтолқынның бәлденіп-баптанып болуына қарамай, Шынар Ұлпан тобына барып қысылып қалды. Құшақтаса кетердей үзіле қарап келеді, Ұлпан да сондай күйде екен. – Сенбісің, ей, айналайын? – деді. – Мен ғой... Айналайын-ай, қандай бауырмал едің? – деп Несібелі Шынардың бетінен сүйді» (Ғабит Мүсірепов. Ұлпан).

Қарапайымдылық, ақылдылық рәмізі: «Жас әйел Ұлпан асқан ақылды адам еді. Өз айтарын әуелі Есенейге байлатып алып жүр. Есеней де «мына қатын былай деп еді» деп Ұлпанның атын шығара сөйлейді. Итаршысы көп, татымы жоқ, тұяқ санаған бос өмірден көңілі суынған, қызығары қалмаған Көпей мырзалық-сараңдықты сән көрмей, алыс-жақынға бірдей қарайтын. Жұманды жұрт ұната алмайтын да, Көпейді қия алмайтын (Ғабит Мүсірепов. Ұлпан).

– Қазақ әйелі өз ұлтын мақтан тұтады, халқына жанашыр:

«Көсем болып алған соң бұл әйел не істей алды? О, істемегені жоқ!.. Есенейдің барлық жерін еліне бөліп берді. Бөліп бергенде біздердей біреуге ана жақтан, біреуге мына жақтан аттамалатып берген жоқ, ауыл-ауылға қыстауды да, егінді шабындық жерді де тұтас берді... Бұл араның қазағына егін салдырды, шөп шаптырды, қыстау салғызды» (Ғабит Мүсірепов. Ұлпан).

– Қазақ әйелі жаңаға үйір.

– Қазақ әйелі – салт-дәстүрді сақтаушы.

Жаратылысы нәзік қыз болса да, бас көтерер әкесі болмағандықтан, кедейліктен ауыр тұрмыстың тауқыметі басына түскен соң оған амалсыз мойынсұнып, өзін қайрап, ерлерге тән қайсарлықпен әйел төтеп бере алмайтын ауыр жүкті қабақ шытпай көтерген қайынсіңлісінің болмысын дөп танып, дәл басқан қазақ әйелдерінің тапқырлығына таң қалмасқа болмайды. «Ат тергеу» қазақ келіндерінің тапқырлығы мен ойлау жүйесінің ерекшелігін танытады.

Рәміздік ұғымға «тектілік» жатады. Тектілік ерге де, әйелге де, байға да, кедейге де тән қасиет. Ол кез келген адамда болмайды. Тектілік деңгейін «тұқым мен қан тектілігі, азаматтың өз басының тектілігі, халқының тектілігі» деп бөлген философ ғалым А. Адаеваның пікірінше, «осы тұқым мен қан тектілігі туралы қазақ түсінігі ерте заманнан бастау алғанын және бұл қасиетке атасы мен анасының бірдей жауапты екенін, көбінесе әкесінен гөрі анасының тегіне қатты мән берілетіндігін, қазақ түсінігінде елді текті адам билеуі тиіс екенін дәлелдейтін мысалдар жеткілікті» [17, 96 б.]. Әсіресе, ақынжыраулар шығармашылығындағы «қазақ әйелі» концептісінің рәміздік көрінісі жоғарыдағы ұлттық дүниетаным құндылықтарына сәйкес келеді:

Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата-мұрадан!
Мұны неге білмейсің! [8, 116 б.].

Шынында да, халық аңыздары мен жырларында, тарихи хикаяларда, шежірелерде, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардан ата-бабаларымыздың ең алдымен ана тегіне ерекше назар аударғаны жайлы деректер жиі кездеседі. Бұл туралы Л.Н. Гумилевтің: «Анасының шыққан тегіне айрықша маңыз берілген. Мәселен, Ханзада Төременді тақтан тайдырудың себебі «шешесінің шыққан тегінің төмендігі болады. Әрине, бұл желеу, оның саяси жауларының айла-амалы ғана, бірақ сол дәлелінің қызықтығына қараңызшы», – деп жазуы тегін емес [18, 72 б.].

Тілімізде киелі мәнді, яғни айрықша құрметтелетін ата-баба аруақтарын кие тұту белгісі ретіндегі ұрандардың сақталу себебі, ел басына күн туған, қиын-қыстау кезеңде, ел үшін, жер үшін кескілескен шайқастарда ата-бабасының, сол рудан шыққан батырлардың, билердің, жыраулардың атын ұран етіп шақырып, солардан медет сұраған. Солардың ішінде ру, халық рухын көтерер, елдікке бастап, желеп жебейтін әйел есімдері аз кездеспейді.

Шын мәнінде, қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен ерлігімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына тіл арқылы сіңіре білген әйел-аналар да аз емес (Құртқа, Қарашаш, Домалақ ана, т.б.). Сондықтан ана тілінің тағдырында, бүгіні мен ертеңінде бағзы замандардағыдай аналардың алатын орны, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше. Демек, тіліміздің алтын арқауын асыл қолдарынан шығармай ұстап, құнарын жоғалтпай сақтап, ұлттық тіліміздің қадірі мен құдіретін ұғындыруды аналардың қасиетті парызы ретінде қазіргі қазақ қоғамында қалыптастыру, оның әлеуметтік-материалдық негізін жасау – өзекті мәселелердің бірі.

Ислам VIII-IX ғасырлардан бастап Орталық Азияның номадтық аймағына ене бастағанымен, бұл үрдіс талай ғасырларды қамтиды және кейде аймақта мұсылмандандыру үрдістері де (мысалы, Шыңғыс хан әулеті тұсында) жүріп жатты. Басқаша айтқанда, IX-XV ғасырлардағы түркілік мәдениеттегі бейнелеу суреттемелері синкреттік сипатта болды, мұсылмандық рәміздер ежелгі тәңіршілдік таңбаларымен қатар жүрді. Әрине, синкретизмді мәдени сұхбат пен бірегейленуден жоғары қою архаикалық ұстанымға жатады. Алайда, мәдени синкретизмді (екі ұдайылық) ежелгі маргиналдық деп сараптаудың да сыңаржақтылығы анық. Егер осы үдерістің рәміздік қисынына келсек, онда Көк тәңірінің Алла тағалаға, оңғұнның аруаққа, бақсылық демондардың жын-шайтандарға, киелінің қасиеттіге, Күн құдайының Нұрға, т.т. айналуын байқауға болады. Инкорпорацияға ұшыраған ескі рәміздер өз мағынасын ұзақ уақыт сақтап келді. Сол себепті Ш. Уәлиханов сырты мұсылмандық рәміздердің тасасында бақсылық түсініктер қалып отыр деді. Осы Ренессанстың түркілерге қатысты тағы бір рәмізіне «семсер» жатады. Мәселе коммуникациядағы «көшпелілік варварлықта» жатқан жоқ. Өйткені түркілер исламдық бағыттардың арасында толерантты, білімді құндылық деп санайтын ханифиттік тармақты таңдап алды.

Исламды қабылдау түркілік рәміздерді қайтадан қарауға ынталандырды. Е. Тұрсыновтың тілімен айқанда «екінші мифологияландыру» басталды. Қазығұрттың басына Нұх пайғамбардың су топанынан құтқарған кемесі тоқталды, фәни дүниенің қайталап жаңғыруы Кіндік Азиядан басталды делінді. Қожалар өздерін Мұхаммед пайғамбардың ұрпақтарымыз деп есептеді. Александр Македонский Ескендір қожаға айналып кетті. Түркілердің арғы тегі Көк бөрінің орнын Нұх пайғамбардың ұлы Иафет алды. XIX ғасырда ұлы Абай бұл рәміздік түсініктердің жасандылығын аңғарып, түркілер семиттерден пайда болмады деді. Бұл бейнелер ортағасырлардағы исламдық бейнелеу суреттемелеріне нәр беріп, оларды халықтық дүниетаным үрдістерімен қоса білді.

Ресей империясы құрамындағы қазақ мәдениетінің көркем-рәміздік белгісіне «Зар заман» коммуникациялық семиотикалық суреттемелері жатады. XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Ресей Қазақстанды толық отарлай бастайды. Қазақ адамы жаңа дүниеде өмір сүруге мәжбүр болды. Бірақ бұл дүние дәстүрлі қазақ мәдениетінің ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтары мен дүниетанымдық бағдарларын мүлдем өзгертіп жіберді. Мысалы, Шортанбай ақын діни мағынадағы «ақырзаман» ұғымын әлеуметтік дағдарыстың рәмізі ретінде қолданады. Зар заман ақындары тек саяси-мәдени бодандықты ғана айыптап қоймай, Ресеймен бірге Қазақ еліне ене бастаған капиталистік құндылықтарға да қарсы шығады. Мысалы, Шортанбайдың суреттеуі бойынша, капитализмнің басты символы – ақшада «не сауып ішер сүті жоқ, не мініп көрер күші жоқ», – деп капитализмге жиркенішпен қарайды.

Қазақтың дәстүрлі коммуникациялық мәдениетінде «кісі» концептісімен өзіндік Менге қатысты қолданылып, сөз өнерін жете меңгеру арқылы үлгі боларлық адамды белгілейді.

Бұл, әсіресе, ақын-жыраулардың перформативтік дискурсына тән. Аталған дискурста кісілік коммуникация алдыңғы қатарға шығады. Бұл зерттеу қазақ мәдениетінің коммуникациялық жүйесіне типологиялық және семантикалық пайымдама жасауға арналғандықтан, семиотикалық талдаудың негізінде қазақтың дәстүрлі адам мен әлем және адам мен адам қарым-қатынастарының генезисін, аксиологиялық тамырын талдауға ерекше назар аударылды.

Әдебиеттер

1 Habermas J. Theorie des kommunikationen Handelns. – Frankfurt/M., 1981. – P. 65

2 Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы. Жиырма томдық. 9-том / Құраст. Ж.Ж. Молдабеков, Д. Раев. – Астана: Аударма, 2007. – 450 б.

3 Асанқайғы, Тоған, Абат. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. – Алматы, 1990. – 6 т. – 49 б.

4 Төле би. – Алматы: «Мұраттас», 1991. – 276 б.

5 Адамбаев Б. Шешендік сөздер. – Алматы: «Жазушы», 1990. – 321 б.

6 Қазтуған. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. – Алматы, 1990. – 6 т. – 73 б.

7 Құл-Мұхаммед Р. Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени құндылық бағдарламаларының типологиясы. – Алматы: Атамұра, 2000. – 32 б.

8 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия – Алматы: Ана тілі, 1993. – 176 б.

9 Абай // http: //www. abay. nabrk. kz/index.php?page=content&id=149.

10 Молдабеков Ж.Ж. Тектілі тұрағы – тұлғалыққа тірек // Адам әлемі. – № 2. – 1999. – 12-17 бб.

11 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.

12 Бес ғасыр жырлайды. XYғ-XX ғ бас кезіне дейінгі қазақ ақын жыраулырының шығармалары. – III т. – Алматы: Жазушы, 1984. – 41 б.

13 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.

14 Асылбекова Н. Кісі есімдерінің уәжділігі мен танымдық сипаты. – Алматы, 2006. – 229 б.

15 Жұртбаев Т. Дулыға. – Алматы: Жалын, 1994. – 368 б.

16 Абай Құнанбайұлы. Жазғытұры // Абай. Поэзия. // http: //www. abay. nabrk. kz/index.php?page=content&id=149.

17 Адаева Г. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесі: филос. ғыл. канд... дисс.: 09.00.11. – Алматы, 2007. – 129 б.

18 Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 460 б.

References

1 Habermas J. Theorie des kommunikationen Handelns. – Frankfurt/M., 1981. – P. 65

2 Kazakh bi-sheshenderining dunietanymy zhane filosofiasy. Zhiyrma tomdyk. 9 tom / Kurast. Zh.Zh. Moldabekov, D. Raev. – Astana: Audarma, 2007. – 450 b.

3 Asankaygy, Togan, Abat. Muryn zhyrau nuskasy // Batyrlar zhyry. – Almaty, 1990. – 6 t. – 49 b.

4 Tole bi. – Almaty: Murattas, 1991. – 276 b.

5 Adambayev B. Sheshendik sozder. – Almaty: Zhazushy, 1990. – 321 b.

6 Kaztugan. Muryn zhyrau nuskasy // Batyrlar zhyry. – Almaty, 1990. – 6 t. – 73 b.

7 Kul-Mukhammed R. Kazakhstandagy aleumettik-madeni kundylyk bagdarlamalarynyn tipologiyasy. – Almaty: Atamura, 2000. – 32 b.

8 Kazakh handygy dauirindegi adebiet. Krehtomatiya. – Almaty: Ana tili, 1993. – 176 b.

9 Абай // http: //www. abay. nabrk. kz/index.php?page=content&id=149.

10 Moldabekov Zh.Zh. Tektili turagy – tulgalykka tirek // Adam alemi. – # 2. – 1999. – 12-17 bb.

11 Al-Farabi. Filosofiyalyk traktattar. – Almaty: Gylym, 1973. – 446 b.

12 Bes gasyr zhyrlaidy. XV – XX gasyr bas kezine deingi Kazakh akyn zhyraularynyn shygarmalary. – III t. – Almaty: Zhazushy, 1984. – 41 b.

13 Kerimbayev E.A. Kazakhskaya onomastika v enthnokulturnom, nominativnom i funktsional'nom aspektah. – Almaty, 1995. – 248 b.

14 Asylbekova N. Kisi esimderining uazhdiligi men tanymdyk sipaty. – Almaty, 2006. – 229 b.

15 Zhurtbaev T. Dulyga. – Almaty: Zhalyn, 1994. – 368 b.

16 Abai Kunanbaiuly. Zhazgytury // Abai. Poeziya // http: //www. abay. nabrk. kz/index.php?page=content&id=149.

17 Adayeva G. Kazakh halkynyn dasturli dunetanymyndagy gender maselesi: filos.gyl.kand…diss.: 09.00.11. – Almaty, 2007. – 129 b.

18 Gumilev L. Kone turikter. – Almaty: Bilim, 1994. – 460 b.

Толерантность – это источник мира, а отсутствие толерантности – это источник беспорядка и неурядиц.

Пир Байл

Самый высокий результат образования – толерантность.

Хелен Келлер

Это долг каждого культурного мужчины или женщины, сочувственно читать писания мира. Если мы хотим уважать другие религии как свою собственную, нам нужно дружелюбно изучать религиозные миры – это является священным долгом.

Мохандас К. Ганди

Исмагамбетова З.Н.,
Балпанов Н.

«Толеранттылық» терминінің лексика-семантикалық аспектілері

Мақала салттық және діни сәйкестік құрылымының өзара байланысын талдауға арналады. Кез келген қоғамда салттық іс-шаралар жүйесі өзінің көрінісі ретінде діни сәйкестендірудің мағыналық құрылымын анықтау бар. Діни сәйкестік әлеуметтік және этникалық сананың іргетасын қалаған адам тарихындағы алғашқы формалардың бірі болып саналады. Дін моральдық және әлеуметтік нормаларды анықтау, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мәдени код түріне айналуда. Діни салт-дәстүрлер уақыт және кеңістікте болмыстың тұтастығы мен тұрақтылық маңыздылығын көрсетеді. Тарихтағы бірінші салттар тотемизмнің сиқырлы әрекеттерімен байланысты. Тотемизм ру бірлігі, ұжымдық сезімді қалыптастыруда маңызды фактор болды. Мұсылмандық салттардың байланысы, сондай-ақ діни сәйкестілік құрылымы, олардың әсері талданады.

Түйін сөздер: діни сәйкестік, салт, мәдениет, ислам, христиандық, өзін тану, рәміз, діни сәйкестіктің құрылымы.

Кабиденова Ж.Д.,
Рысбекова Ш.С.

Ритуал и конструирование религиозной идентичности

Статья рассматривает анализ взаимосвязи ритуала и конструирования религиозной идентичности. В любом социуме существует система ритуально-обрядовых действий, определяющих как смысловую структуру религиозной идентификации, так ее проявление. В угле зрения рассматривается религиозная идентичность как одна из первых в истории форм идентичности человека, положившая основу формирования как социального, так и этнического самосознания. Религия становится своего рода культурным кодом, передающимся из поколения в поколение, определяющим мораль и нормы общественного поведения. Отмечается важность осознания целостности и константности бытия во времени и пространстве, которые происходят в контексте сохраняемых религией традиций и ритуалов. Первые известные истории ритуалы связываются с магическими действиями в тотемизме. Тотемизм объясняется необходимостью обретения чувства единства, коллективизмом первобытного мышления, важным фактором которого была родовая идентификация. Проводится анализ взаимосвязи мусульманских ритуалов и их влияние на конструирование религиозной идентичности.

Ключевые слова: религиозная идентичность, ритуал, культура, Ислам, Христианство, самоидентификация, символ, конструирование религиозной идентичности.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 2-1(574)

*Kabydenova Zh.D., Rysbekova Sh.S.
Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan
*E-mail: erasil_zhudiz@mail.ru

THE RITUAL AND THE CONSTRUCTION OF RELIGIOUS IDENTITY

Religious identity considers, as the primary in the history of human's identity forms, which has established the basis of the social and ethnic identity formation. Herein the religion becomes a kind of a cultural code, which transmits from generation to generation and defines morality and social norms. The awareness of integrity and constancy of existence in time and space occurs in the context of the saved religion traditions and rituals.

Notwithstanding the importance of determining the role of the ritual in the representation of religious identity, it is necessary to consider the concept «identity» and «religious identity» in the scientific discourse.

The term «identity» is derived from the Latin root idem and indicates the similarity and connection with anything. In addition, it serves as a category of social and human sciences (psychology, social philosophy, cultural anthropology, social psychology, etc.) and uses for describing individuals and groups as the relatively stable, «identical to themselves» integrities. The identity is not a property (i.e. something inherent in the individual initially) but the attitude. It forms and fixes (or on the contrary redefines and transforms) only during the social interaction [1].

It is known, that self-identification is the desire to determine «what I am in reality». Moreover, the identity is the existential self-determination that underlies an act of thinking [2, p. 55].

In his book Identity Theory, Peter Burke wrote that identity is generally used to define and describe an individuals' sense of self, group affiliations, structural positions, and ascribed and achieved statuses. Identity results from internal subjective perceptions, self reflection and external characterizations. Contrary to earlier understandings of identity as fixed and immutable, today identity is more often considered as an evolving process of «becoming» rather than simply of «being». Individual identity then can shift over time, due to personal experiences and larger social changes [3, p. 33]. Moreover, identity attempts to link the individual conception of self and the larger social structure within which the individual thinks and acts. However, these approaches to identity vary in their emphases on social structure, on the one hand, and the processes and interactions through which identities are constructed, on the other. The structural approach relies on the concept of role identities in ana-

lyzing individuals' self-conceptions, behaviors, and social relations with others. The second approach highlights on-going processes of identity construction, selection, and negotiation [3, p. 112].

V. Krylov determines the problem of the identity origin using the hermeneutical approach and leaning on the Christian aspect. There is the biblical story of humankind that starts with the fruit from the tree of the knowledge of good and evil. «And saw the wife that the tree was good for food and pleasing to the eyes, and it was also desirable for gaining wisdom; and she took of its fruit and ate; and she also gave it to her husband and he ate. And opened the eyes of them both and they realized that they were naked...». Thus, according to the Bible, the man disobeyed and opposed himself to God. The theologians say that the Fall of the man changed his nature and his life was filled with misery, strife, famine, death and etc. The man realized not only his physical nakedness, but also its weakness and helplessness, and estrangement from the God led to the search for answers to such eternal questions as essence, value, integrity of life and his own «I» [4, p. 27].

In the number of researches, the religious identity examines considering its belonging to the religion. On the one hand, the religion serves as some kind of the beginning, which enables the implementation of the identification; on the other hand, it is an institution where people can identify themselves in different social contexts. In the process of identification and socialization, a person learns religious norms, stereotypes, patterns of behavior prescribed by the religious doctrine.

It is important to note that the institute of the ritual carries a significant role in the representation of religious identity. Identificational value of the ritual consists in its repeatability, signedness and group affiliation. On the one hand, the rituals represent strict, well-ordered acts; on the other hand, they thoroughly link symbolic acts with the ordinary one. Therefore, from the ancient times rituals are used in religious practices. They are considered to be an important element in the formation of religious identity.

Investigation of rituals conducted by E. Erikson, is carried out in the context of the various stages of human life, where moving into adulthood supposes a conscious inclusion into his own social group, and the ability to oppose another's world outlook and ideology. This viewpoint determines the interrelationships between the ritual and identity [5].

Theoretical explanations of ritual generally regard it as action and distinguish it from the conceptual aspects of religion, such as beliefs, creeds, symbols, and myths. In her book Ritual Theory, Ritual Practice, Bell clearly stated that «beliefs, creeds, symbols, and myths emerge as forms of mental content or conceptual blueprints: they direct, inspire, or promote activity, but they themselves are not activities» [6, p. 19]. Meanwhile, ritual, like action, will act out, express, or perform religious conceptual orientations. Ritual is a means by which «collective beliefs and ideals are simultaneously generated, experienced, and affirmed as real by the community» [6, p. 20]. In other words, ritual is the primary means by which individual perception and behavior are socially appropriated or conditioned.

In the context of social individuals' conditioning process, Bell suggests what she called «ritual mastery.» According to her, ritual mastery is the ability «to take and remake schemes from the shared culture that can strategically nuance, privilege, or transform, deploy them in the formulation of a privileged ritual experience, which in turn impresses them in a new form upon agents able to deploy them in a variety of circumstances beyond the circumference of the rite itself» [6, p. 116].As a consequence, ritual mastery implies that ritual can exist only in «the specific cultural schemes and strategies for ritualization (i.e., for the production of 'ritualized' practices) embodied and accepted by persons of specific cultural communities» [6, p. 107].

Meanwhile, according to Bell, «ritualization is a way of acting that is designed and orchestrated to distinguish and privilege what is being done in comparison to other, usually more quotidian, activities» [6, p.74]. As such, ritualization becomes a matter of various culturally specific strategies for setting some activities distinct from others, for creating and privileging qualitative distinctions between the 'Sacred' and the 'Profane,' and for ascribing such distinctions to realities thought to transcend the powers of human actors. Furthermore, intrinsic to ritualization are strategies for differentiating itself – to various degrees and in various ways – from other ways of acting within any particular culture. At a more complex level, it is a way of acting that «specifically establishes a privileged contrast, differentiating itself as more important or powerful» [6, p. 90].

E. Fromm, referring to the interrelation of the religious rituals and human behavior, distinguishes rational and irrational rituals. He considers irrational rituals to be the result of strong affect. An ablution is given as an example of such ritual, as an attempt to get rid of a deep sense of guilt.

«The destruction, that a person plans unconsciously and which in no case should achieve his

consciousness, is constantly neutralized in the ritual of the ablution. A man is in great necessity of the ritual in order to cope with his feeling of guilt. Being aware of the existence of destructive impulse, he can deal directly with it and understanding its source he can finally weakens it to the acceptable level». The rational ritual differs from the irrational, especially in function: «it does not alienate the suppressed impulses, but expresses aspiration, which the individual considers valuable. Thus, it hasn't such kind of hauntingly forced character, that the irrational ritual has; if the latter does not fulfilled at least once, the depressed threatens can break out, that's why any error generates strong concern» [7, p.112].

An anthropological investigation of rituals is addressed to human past which is based on the ethnographic data obtained in studying traditional communities. The first known rituals in the history were associated with magic acts in the totemism. The appearance of it was explained by the necessity of gaining a sense of unity and collectivism of the primitive mentality, which was an important factor in patrimonial identification [8, p.53].

In this regard, the latest book of E. Durkheim, «The Elementary Forms of Religious Life» deserves a particular attention. The author paid great attention to the totemic cults of the primitive Australian tribes where totem acted as the embodiment of the social community. Moreover, the regular rituals, which were associated with the totem, were intended to support its cohesiveness and identity.

As it is known, a society can exist only by generating in its members a sense of the sacred. It should influence the individual using its highest strength. It supports in people the feeling of solidarity and common identity by means of the special repetitive rituals recreating the joint sacred past. In the center of what the community considers being the sacred there is their specific past. The events concerning with the myth of the origin are very specific. Thus, regular and ritual re-creation of the events that constitute the common origin of the group is the most important way to maintain the unity [9, p.432].

According to Caesar Farah in her book Islam: Beliefs and Observances, the Five Pillars of Islam (arkan al Islam) are five basic acts in Islam, considered obligatory by believers and are the foundation of Muslim life [10, p. 23]. The Five Pillars of Islam are shahada, salat, zakat, sawm, and hajj. The Quran presents them as a framework for religious act of worship or ibadat and a sign of commitment to the faith. These ibadatcan also be seen as Islamic basic rituals. Due to the scope of this paper, only salat, sawm and hajj, viewed as the primary embodied Islamic rituals (mainly using the body), that will be discussed and analyzed as a central means of Muslim identity construction. It should be noted as well that regarding these acts of Islamic worships, not all Muslims will do this ibadat in their daily life. However, as long as they do accept and embrace Islamic way of life and way of conduct, they will still be considered as Muslims in Muslim society.

It is very important, that in any society, there is a system of ritual and ceremonial activities, that determine the semantic structure of religious identity and its manifestation. For example, in the traditional Kazakh culture the ritual of «giving a name» represented a symbolic link between the name of the child and his future destiny. In order to affirm the baby as a social being it was necessary to endow him with all the attributes of the person, and the name considered to be the major among them. Traditionally the process of «giving a name» was not delayed, because according to the popular belief, Shaytan could give the child its name. Usually a mullah was invited in order to give the name to the newborn. During the very process of «giving a name» the baby's name was cried out into one ear, and into another ear the sacred writing of sura «Takbir» was read. That was done in order to keep the name of Allah from the very childhood and for the child to grow up clean, devout and faithful to the word of honor [11, p.110].

Thus, we can say that in the traditional societies, a person from his very birth already obtains both religious and cultural identification code. On the background of global religious transformations in post-secular world, current realities dictate to the human to choose his individual trajectory of religious identity. The man becomes the manager and belongs simultaneously to many worlds. He must correlate them between themselves. Mixing and transformation of the religious rituals in new religious movements clearly reflects this reality. God no longer chooses and elects the man, but the man chooses God and his religion. The religion becomes only the segment in the world of man, it does not pretend to define a common frame of the individual life. Instead of it, the individual is put together as a patchwork quilt from his world outlooks and recent reference points (patchwork identity).

Әдебиеттер

1 Новая философская энциклопедия / под редакцией В.С.Стеина. – Т. 4. – М.: Мысль, 2001
2 Шеманов А.Ю. Самоидентификация человека и культура. – М.: Академический проект, 2007. (Технологии культуры)
3 Burke, P.J & Stets. J.E. (2009). Identity Theory. – New York: Oxford University Press.
4 Крылов В.И. Религиозная идентичность: индивидуальное и коллективное самосознание в постиндустриальном пространстве. – М.: Издательство НИБ, 2012.
5 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис: пер. с англ./ общ.ред. и предисл. А.В. Толстых. – М.: Издательская группа «Прогресс», 1996.
6 Bell, C. (1992). Ritual Theory, Ritual Practice. – New York: Oxford University Press.
7 Фром Э. Психоанализ и религия/ Сумерки Богов. – М.: Политиздат, 1990.
8 Токарев С.А. Ранние формы религии. – М.: Полиздат, 1990.
9 Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология / перевод с англ., немецкого, французского, сост. и общая ред. А.Н. Красникова – М.: Канон+, 1998. – (История философии в памятниках)
10 Farah, C. (1994). Islam: Beliefs and Observances (5th ed.). – New York: Barron'sEducational Series.
11. Ерназаров Ж.Т. Семейная обрядность казахов: символы и ритуал. – Алматы, 2003.

References

1 Novaja filosofskaja jenciklopedija / pod redakciej V.S.Steina. – T. 4. – M.: Mysl', 2001
2 Shemanov A.Ju. Samoidentifikacija cheloveka i kul'tura. – M.: Akademicheskij proekt, 2007. (Tehnologii kul'tury)
3 Burke, P.J & Stets. J.E. (2009). Identity Theory. – New York: Oxford University Press.
4 Krylov V.I. Religioznaja identichnost': individual'noe i kollektivnoe samosoznanie v postindustrial'nom prostranstve. – M.: Izdatel'stvo NIB, 2012.
5 Jerikson Je. Identichnost': junost' i krizis: per. s angl./ obshh.red. i predisl. A.V. Tolstyh. – M.: Izdatel'skaja gruppa «Progress», 1996.
6 Bell, C. (1992). Ritual Theory, Ritual Practice. – New York: Oxford University Press.
7 From Je. Psihoanaliz i religija/ Sumerki Bogov. – M.: Politizdat, 1990.
8 Tokarev S.A. Rannie formy religii. – M.: Poliizdat, 1990.
9 Mistika. Religija. Nauka. Klassiki mirovogo religiovedenija. Antologija / perevod s angl., nemeckogo, francuzskogo, sost. i obshhaja red. A.N. Krasnikova – M.: Kanon+, 1998. – (Istorija filosofii v pamjatnikah)
10 Farah, C. (1994). Islam: Beliefs and Observances (5th ed.). – New York: Barron'sEducational Series.
11. Ernazarov Zh.T. Semejnaja obrjadnost' kazahov: simvoly i ritual. – Almaty, 2003.

«Мәңгілік Ел ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Олар арман – әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы.

Н. Назарбаев

Комекова С.О., Комекова М.О.

«Мәңгілік Ел» идея негізі – жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты құндылықтарда

Бұл мақалада «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар мәселелері қарастырылған. «Мәңгілік ел» идеясының негізгі болатын жалпы адамзаттық құндылықтарды жас ұрпақ бойына қалыптастыру жолдарымен оның ерекшеліктері сөз етіледі. Жалпыадамзаттық құндылықтар – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс. Педагогикалық үдерісте жас ұрпақтың рухани байлығын арттыру үшін әр халықтың жетістігімен бірге алуан түрлі мәдениетін пайдалануда қарастырылады. Ұлт менталитетінің бүгінгі заман талабына сай бейімделуі, оның жаңа қоғамдық қатынастарды қабылдауы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтармен тікелей байланысты. Жалпыадамзаттық құндылықтарды игерудегі тәрбиенің маңызды құралы – ұлттық тарихи-философия, ұлттық педагогика, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар. Өйткен себебі, философиялық деңгейде бейнеленген құндылықтар ғана менталитет құрылымында мәңгілік сипатқа ие болады және оның қазіргі ерекшеліктерін аңғаруға мүмкіндік жасайды. Бүгінгі қазақ еліндегі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан құндылықтар мен тарихи-мәдени мұралар көп. Солардың бірі – дәстүрлер. Дәстүр, қазақ халқының дүниетанымдық көзқарастар жиынтығы, ол қоғамдық қатынастар мен адамдар арасындағы байланыстардың негізінде жинақталған.

Түйін сөздер: құндылық, жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық құндылықтар, этнопедагогикалық құндылықтар, рухани құндылықтар, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер.

Komekova S.O., Komekova M.O.

The main idea of «Mәңгілік ел» is an important value to educate young generation

This article examines the issues of human and national values in realization of Kazakhstan's idea of «Mәңгілікел».It reveals the basic ideas of human values and their characteristics as a way of formation of the younger generation. Universal values unite different people, religions and times, plus give the goals of one common spiritual phenomenon. The new nation's mentality and its social relations are interconnected with human and national values. Universal valuations of education are important tools for the national history and philosophy's development and traditions. The basic goals of modern educational system are formation in philosophy structure and mentality of young generation. One of the main traditions in Kazakh culture is an establishment of cognitive and communicative links among people. The idea of Kazakh national independence and spirit is supported these days. It is rooted in citizens' mind of the state and has great prospects for the future. The modern educational system can integrate human and national values into one universal valuation for the society strengthening confidence in the future. A creative idea of the Kazakh society defines the dignity and the free development of future generations, symbolizing the proud flag of Kazakhstan.

Key words: human values, national values, national independence, traditions.

Комекова С.О., Комекова М.О.

Основная идея «Мәңгілік Ел» – важнейшие ценности в воспитании молодого поколения

В данной статье рассматриваются вопросы общечеловеческих и национальных ценностей в реализации уникальной казахстанской идеи «Мәңгілік Ел». Раскрываются основные идеи гуманных (гуманистических) ценностей и их особенностей как путь формирования молодого поколения. Универсальные ценности объединяют разных людей, разные религии, разные времена и привносят цели единого духовного феномена. Менталитет обновленной нации, ее новые общественные отношения непосредственно связаны с принятием общечеловеческих и национальных ценностей. Универсальные ценности образования являются важным инструментом в развитии отечественной истории и философии, народного образования, традиций и обычаев. Основной задачей современной системы образования является формирование философской структуры сознания и ментальности у будущих поколений. Сегодня, из поколения в поколение, на протяжении веков, на земле казахской передаются ценности культурного наследия. Одной из традиций казахского этноса является установление познавательно-коммуникативных связей народа между собой. Идея национальной независимости казахского народа, судьба национального духа имеет поддержку в настоящее время.

Ключевые слова: общечеловеческие ценности, национальные ценности, национальная независимость, обычаи и традиции.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 32(574)

[1]Комекова С.О., [2*]Комекова М.О.

[1]«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы ББЖ ҚБАРИ,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]Тұран университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[*]E-mail: moldirguzel8484@mail.ru

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯ НЕГІЗІ – ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДА

Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи негізіне тереңінен тоқталып өтті. «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану. Тұрмысы байқуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне зор сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдық. Біз үшін болашағымызға бағдар ұлтты ұйыстыратын ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігіміз арқылы халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді» – деп айтып өткен болатын [1;2].

«Мәңгілік ел» – идеясы елдің ұлы рухын, адамның адами қасиеттерін, еліміздің елдігін артыратын құндылықтарды біріктіретін идея. Елбасымыз көтерген ұлт болашағына негізделген «Мәңгілік Ел» идеясы – тарихи танымдық мұра, ұлттық деңгейдегі білім, ғылыми және мәдени құндылықтарға ие саяси бағыттағы терең ұғым. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – еліміздегі барлық саланы қамтитын үздіксіз білім мен ғылымның өркендеп өсу жолы және елдігіміз бен бірлігіміз, ерен еңбегіміз шыңдалатын үлкен өмірлік сынақ. Елдің тәуелсіздігі, тәуелсіздіктің мәңгі әрі баянды болуы адамның ұлттық қасиеттеріне негізделген құндылықтарда. Құндылықтар қоғамда адамдардың мінез-құлықтары мен қоғамдық өмірдің әлеуметтік нормативтік, саяси құқықтық реттеуші қызметін орындайтын белгі. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тақырыбының кейбір аспектілері отандық ғалымдар: Р.Б. Әбсаттаров, В.Х. Баймырзаева, А.Ж. Мұқажанова, Р. Қадыржанов, Қ.Ж. Нұғманова, ал этнопедагогикалық және этнопсихологиялық құндылықтары Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, К. Қожахметова, Ж. Наурызбайлардың еңбектерінде қарастырылған.

«Құндылық» дегеніміз – философия, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика және психология ғылымының негізі ұғымы болып табылады. Құндылық тұлғаның бойындағы қасиеттердің жиынтығы. Құндылықтар – өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас құралы.

Ұлттық құндылықтарға – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы жатады. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады [3].

В.П. Тугариновтың пайымдауынша қоғамдық өмірді үшке бөледі: бірінші, өмір құндылықтары: өмір, денсаулық, қуаныш, айналаңдағылармен қарым-қатынасқа түсу. Екінші, материалдық құндылықтар: физиологиялық қажеттілікті қанағаттандыру, рухани қажетілікті өтеу. Бұл адамның тән және рух негізінде жүзеге асырылады. Үшінші, әлеуметтік-саяси құндылықтар: қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, бейбітшілік, бостандық, әділдік, теңдік, адамилық [4].

Ал, жалпыадамзаттық құндылықтар дегеніміз – адам туралы философиялық ілім мен аксиологияны оқытатын пәннің маңызды құрамдастарының жүйесіне енетін түсініктер кешені. Олар адам тегінің ұлттық, саяси, діни және басқа да әуестігінен еркін жалпы мүддесін білдіруімен ерекшеленеді және осы сипатта адамдық өркениет дамуының императиві болып табылады. Г.А. Омарованың пікірінше, жалпыадамзаттық құндылықтар – тарихи шектен шықпайтын табиғаты бар, бітпейтін этикалық құндылықтар, біртұтас рухани шынайылықтың түрлі қырлары және әлеуметтік, саяси, ұлттық, ғылыми, тұлғалық құндылықтардың өзгермелі жүйесінің инварианты болады. Мысалы, бұған шынайы махаббат, парызын риясыз орындау, шыншылдық, ішкі әлем және тыныштық, мейірімділік, жақсылық, обал-сауапты ескеру және т.б. жатады [5].

Философ Т. Ғабитов өз еңбегінде: «Құндылықтар – қасиеттер... бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде бала бойына даритынын» айтқан болатын. Сондай-ақ, барлық қасиеттер адам бойына моральдық жауапкершіліктер жүктейді, рухани сезімін айқындай түседі [10]. Барлық уақытта да өмірдің өзі табиғи және мәдени түрлерде сақтау мен дамыту мәселелері құндылыққа негіз болған. Сондықтан да, жалпыадамзаттық құндылықтардың біріне басқа құндылықтардың негізі ретінде жеке адамның өмірін жатқызуға болады. Ғылымға дейінгі дәуірде адамдардың ақиқатты түсінуі көпмағыналы болды. Оған: тәжірибелік білімдер, әңгіме, сенім, белгі, үміт, нанымдарды жатқызуға болады. Оларды тасымалдаушылар: қариялар, бақсылар, көріпкелдер, сәуегейлер, абыздар, философтар, ғалымдар ерекше құрметке ие болды. Көреген билеушілер ғылым мен білімнің дамуына қамқорлық жасады. Ақиқат – адамның ең жоғары интеллектуалды құндылығы. Адамзаттың бастапқы құндылықтарына наным – қандай да бір нәрсені ақиқатында, дәлелді қажет етпейтін, тексермей-ақ тек іштей көз жеткізу арқылы мойындау жатады. Ал, діни көзқарас тұрғысынан наным күтуді жүзеге асыруды және көзге көрінбеске сенуді білдіреді. Бір қоғамдастықтағы сенетін кісілердің әлем туралы түсініктері шамамен бірдей болады, өйткені олар қоғамдастарының өткені (дәстүр) мен қазіргі тәжірибесіне сенуге бейім. Шығармашылық жоғары жалпыадамзаттық құндылық ретінде қарастырылады. Шығармашылық – адамға жасаушы, болмағанды шығарушыдай сезінуіне мүмкіндік береді. Бұл – іс-әрекеттік құндылық адамгершілік, әсіресе көркем-эстетикалық салада айқын байқалады. Шығармашылық нәтижелерінде адамның ішкі және сыртқы әлемінің бірлігі көрінеді. Алғашқы қауымдық құрылыста адамдар сурет салды, баспанасын, тұрмыс жасауларын, әшекей бұйымдарын, киім-кешегін, қару-жарағын, еңбек құралдарын, табыну заттарын жасаған.

Іргелі жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі – ар, әрбір адамның міндеттенуі, тыйым нормаларын белгілейтін моральдық және адамгершілік өзіндік бақылау, ішкі дауысты жүзеге асыруына мүмкіндік беретін қабілет. Ар – адамда болатын тілектің көрінуіне жол бермейтін ішкі түйсік. Абырой маңызды этикалық және ұлттық құндылық болып табылады, ол адамның әділдік, адалдық, шыншылдық, тектілік, қасиеттілік сияқты сапаларын бағалаумен байланысты кешенді түсінік. Парыз құндылығы – абырой санатымен байланысты, іштей қабылданатын (ерікті) міндеттеме. Парыз моральдық міндеттеме (моральдық парыз, адамгершілік парыз) – адамның басқа адамдар алдындағы ерікті моральдық міндеттемесін айтады. Парыздың басқа түрлері: азаматтық, патриоттық және әскери парыз. Жалпыадамзаттық құндылық – қасиет адамның моральдық-этикалық сапаларына ішкі қарым-қатынасы, моральдық-адамгершілік санат ретінде адам тұлғасын құрметтеу және өзіндік құрмет. Әділеттілік – адамдардың мүдделерін қамтамасыз ету, басқа да қасиеттерді құрметтеу. Әділеттілікті бекіту адамдарда қанағаттануды тудырады. Ал әділетсіздік ашуыза, наразылық, кек, жеккөрушілік, қызғаныш, өштесу т.б. Сондай-ақ, әділеттілікті орнату жо-

лында күреске итермелейді, маңызды моральдық-құқықтық құндылық екенін дәлелдейді. Қайырымдылық – басқа адамға аяушылық, тілектес болу, қамқорлық жасау, сүйіспеншілік қарым-қатынасы. Жақсылық – игілік жолында пайдалы іс жасау, яғни, жақын, таныс емес адамға да, тіпті жан-жануарға, өсімдік әлеміне көмек көрсетуді білдіретін риясыз және шынайы ұмтылыс. Жақсылық өз кезегінде пиғыл (ниет) сияқты еркін ерікпен іске асырылуы мүмкін. Сәттілік, ұтымды жағдайлар жақсылық бола алмайды. Жақсылық жауыздыққа қарағанда игі іс жасаудың қарапайым еркімен көрсетілмейді, себебі мұндай ерік қанағатсыз, яғни адамгершілікке қатысты бейтарап болады. Нағыз жақсылық риясыз болуы керек. Қазақта «Әуелгі байлық – денсаулық» деген мақал бар. Шынында денсаулық – басты байлық. Денсаулық – кез келген тірі ағзаның толық өз қызметін атқару қабілеті, сырқаты, ауруының болмауын білдіретін күйі. Салауатты өмір салтын сақтаудың маңызы зор. Денсаулықта теріс өзгерістерді тудыратын қоғамдық өмірдің қиындауымен, техногендік, экологиялық, психологиялық, саяси және әскери сипаттағы тәуекелдердің артуымен адам ағзасына түсетін жүктеменің артуына және сипатының өзгеруіне байланысты салауатты өмір салтының өзектілігі туындап отыр. Ең жоғары эстетикалық құндылық – әсемдік. Әсемдік санатында адамға ләззат сезімін сыйлайтын, сонымен қатар, адамның шығармашылық, танымдық қабілеттерінің бостандығы мен толықтығын заттық-сезімталдық түрде іске асыратын шынайылық құбылысы. Мағынасы жағынан жақын түсініктер: үйлесімді, жетілген, сұлулық, әдемі. Жалпыадамзаттық құндылықтарға сол сияқты заң және құқықтық тәртіп жатады. Заңдылық – қоғамдық өмірде құқық пен заңның үстемдігінен, қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтық нормалар және қоғамда тәртіп пен ұйымшылдықты қамтамасыз етуден тұратын қоғамдық-саяси тәртіп. Құқықтық тәртіп – заң және басқа құқықтық нормалардың сақталуы қамтамасыз етілетін қоғамдық қарым-қатынастар жағдайы, қоғамдық тәртіптің құрамдас бөліктерінің бірі. Бұл әлеуметтік байланыстардың шын мәнінде реттелген жағдайы, заңдылықтың сапалық көрінісі [3; 4].

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесінде тәрбие жүйесін жаңғыртудың мемлекеттік басымдықтары «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген. Жастардың әлеуметтену үдерісі келесі құндылықтарға негізделеді: патриотизм, халық бірлігі, мәдени саналуандық, толеранттылық, отбасы, денсаулық және спорт, саламатты өмір салтын сақтау. Патриотизм – тұлғаның кіріктірілген қасиеті, өз Отанына, отандастарына сүйіспеншілікпен қарау, мемлекеттік билікті сыйлау, Отанына қызмет етуге дайын болу борыштық міндетін сезіну. Мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштығын сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адамдар арасындағы мейірімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту. Ұлтаралық келісім және толеранттылық. Қоғамда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім сақталған. Бұл құндылықтар қоғамның іргетасы, ерекше қазақстандық толеранттылықтың негізі болды. Тіл – этнос құрушы, ұлтты біріктіретін баға жетпес құндылық болып табылады. Ана тілі – халықтың ғасырлар бойы жиған өмірлік тәжірибесін жеткізудің табиғи тетігі. Ұлттық тіл – адамзат өркениетінде әлемді түсіну мен әлемді сезіну ерекшеліктерін, өмір сүру және мәдениет, адамгершілік және эстетикалық құндылықтар бейнесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің негізгі жолы [3]. Қазақстан көптілді мемлекет ретінде «үштілділік тұғырын» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерін) қатар ұстап келеді. Еліміздің көптеген білім беру ұйымдарында оқу үдерісі үш тілде жүргізіліп жатыр.

Этнопедагогикалық құндылықтар – халықтың ұлттық мәдениеті, тарихы, ділі, тілі, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде тәрбиелеу мен оқытудың этникалық ерекшеліктерін реттейтін, этникалық топтарды сақтау мен дамыту мақсатында ұрпақтар арасында сабақтастық буын қызметін атқаратын материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы. Этнопедагогикалық құндылықтар жүйесінде тіл, діл, тарих, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар және фольклор мен мәдениеттің басқа элементтері ерекшеленеді [7; 8]. Ең маңызды құндылықтардың бірі өз халқының мүддесін қорғайтын азамат-патриотты тәрбиелейтін қазақстандық патриотизм болып табылады. Бұл Қазақстан халқы тудырған ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, өткен тарихымызға құрметпен қараудың моральдық нормаларына және құндылықтарына орнықтырылған патриоттық тәжірибені меңгеру арқылы іске асырылады [3]. Дәстүрлер – қоғамда немесе жекелеген топтарда ұзақ уақыт аралығында сақталған,

тарихи қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптар, мінез-құлық нормалары, салттар, қоғамдық нұсқамалар, мұраттар мен құндылықтар. И.С. Кон анықтамасында: «Әдет-ғұрып дегеніміз – белгілі бір қоғамда немесе ұжымда белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің түрі. Ал, дәстүр дегеніміз – әдет-ғұрыптың өмірдегі әр түрлі формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс-әрекеті мен мінез-құлқының ұрпақтан-ұрпаққа ауысып берілетін түрі» делінген [6]. Қ. Жарықбаевтың пікірінше: «Әдет» дегеніміз жеке дара ерекшелік. Отбасындағы адамдардың (ата, әже, әке, шеше, ұл мен қыздың, немеренің) әр түрлі әдеттері жинақтала, сұрыптала және тиянақтала келе бір қалыпқа түсіп, жылдар өткен соң ғұрыпқа айналуы. Отбасы ғұрыптануынан – әулеттің ғұрпы, әулеттің ғұрыптануынан – ауылдың ғұрпы, ауылдың ғұрыптануынан – рудың ғұрпы, ал рулардың ғұрыптануынан – бүкіл халықтың ғұрпы қалыптасады. Осыдан кейін, ұлттық әдет-ғұрып нормалары түзіледі. С. Қалиев: «Салт – адам өміріндегі тіршілігіне (отбасынан бастап қоғамдық қатынаста) жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жолжора, рәсім, т.б. заңдарының жиынтығы», «... дәстүр – қоғамдық сананың барлық салаларын (ғылым, әдебиет, өнер, ел билеу т.б.) қамтитын сана-сезім мен ой-пікір, көзқарастардың бағыт-бағдарын білдіретін озық үлгілері. Дәстүр арқылы қоғамдық қатынастардың негізгі бейнелері көрініс береді» деген тұжырым айтты [7; 8].

Мұхтар Арын «Бес анық» атты кітабында «дәстүр» сөзінің араб тілінен ауысқандығын, мағынасы «орныққан, тұрақты», күрделі үрдіс екендігін айта келе, дәстүрдің үш сипатын анықтап берді: жалпыхалықтық екендігін; дәстүрдің тұрақтылығын; дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа берілуін [9]. Жалпыхалықтық дәстүрлерді мазмұн мен қоғамдық қызметіне қарай төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. Діни дәстүрлер: ораза айт, құрбан айт, қажыға бару, ақсарбас, намаз, құрбандық шалу, құран ұстау, құран оқу және т.б.

2. Мерекелік дәстүрлер: наурыз мерекесі, жеңіс салтанаты, хан сайлауы, қоныс тойы, қымызмұрындық, сабан той, соғым басы, наурыз көже т.б. Бұл мерекелік дәстүрлердің қай-қайсысы жасөспірімнің ұлттық болмысына, ұлттық рухы мен діліне, патриоттық сезіміне мол тәлім-тәрбиелік ықпал етеді.

3. Тұрмыстық дәстүрлер: ат тергеу, аманат, жылу, ант, араша, ереулік, айрылысар көже, мүше алу, қара шаңырақ, қонақасы, қарыз, жолдасу, құн төлеу, құтты болсын айту, той жасау, қол ұшын беру, қой басты, лау, базарлық, байғазы. Тұрмыстық дәстүрлердің қазақ халқының өмірінде, жас ұрпақ тәрбиесі мәселесінде алатын орны ерекше. Өйткені тұрмыстық дәстүрлер қазақ халқының этикалық, эстетикалық, моральдық, адамгершілік және тұрмыстық қарым-қатынастарының бейнелі көрінісі және тәжірибелік іс-шаралары.

4. Кәсіптік дәстүрлер: көктеу, жайлау, күздеу, қыстау, бие байлау, қырықтық, күйек байлау, шашыратқы, сіргежияр, тулақ шашар, уызқағанақ, кеусен, келі түбі, көген той, сірге мөлдіретер т.б. Ұлттық кәсіпке қажетті ұлттық икемділік, ұлттық шеберлік пен дағдылар қалыптастыру үшін төзімділік, шыдамдылық, еңбексүйгіштік, табандылық, ұқыптылық, тапқырлық, іскерлік, қабілеттілік қасиеттер болуы шарт. Бұл қасиеттерді бала бойына сіңіру мен жеке кәсіпке бейімдеуде тәлімгерлік тағылымдары мол.

5. Бала қуанышы дәстүрлері: құрсақ шашу, шілдехана, қалжа, бесікке салу, тымаққа салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, тілашар, сүндет той, құлақ тесу, атқа мінгізу, тоқым қағар, қыз ұзату, келін түсіру, үйлену тойы. Бұл дәстүрлердің этнопедагогикалық құндылықтары алуан түрлі. Оның басты шарттары бала тәрбие үрдісінің сабақтастығында, үздіксіздігінде және толассыз жүргізілуінде.

6. Құдандалық-жекжаттық дәстүрлер: бесік құдалық, бел құдалық, қарсы құдалық, жанама құдалық, бауыздау құдалық, бес жақсы, жаушы, құда түсу, қалың мал, киіт, құйрық бауыр, өлі тірі, ұрын келу, қыз таныстыру, жасау, шаңырақ түйе, беташар, есік төр көрсету, қыз таңдау, қыз айттыру, той малы, сүт ақы, ақ отау тігу т.б. тарихи әлеуметтік маңызы бар дәстүрлеріңнің ұлттық, әулеттік тектілікті, қан тазалығын, діл және рухани тазалығын сақтау дәстүрі ұрпақтың болашағында, тәрбиесінде қажетті рөл атқарады.

7. Жерлеу дәстүрлері: арыздасу, атаукере ішкізу, имансу, сүйекке түсу, жаназа шығару, жерлеу, көңіл айту, жоқтау, қазан төңкеру, қара байлау (ақ, қара, қызыл), жерге аманат қою, топырақ салу, тұлдау, шек беру, үші, жетісі, қырқы, жүзі, жылы, ас беру т.б. Қазақ халқының қаза тапқан адамдарды жерлеу дәстүрлері ерте заманнан қалыптасқан таным, наным, сенім, ұғым, әдет, ғұрып дәстүрлерінің дәлелденген формасы. Аруақты сыйлау, аруаққа тәу ету, әруақты әрдайым есте сақтау, қаза болған адамды жерлеу рәсімдерін қалыптасқан ереже-

ге сәйкес орындау, ислам діні қағидаларымен қатар ұлттық жерлеу дәстүрлерін ұстану, жерлеуге дейінгі және жерлеуден кейінгі ұлттық рәсімдерді орындау (көңіл айту, жоқтау, тұлдау, қара байлау, аза тұту), балаларды жетімсіретпеу шараларын орындау тәрізді дәстүр тізбесі жасөспірім тәрбиесінде мәні зор қызметтер атқарады.

8. Әскери-ұландық дәстүрлер: ұран салу, шеру, елші, аманат, сауға, жекпе-жек, кек алу, бітім, барымта т.б. Отан қорғау, ел амандығын, жер тұтастығын қамтамасыз ету елімнің ежелгі мұраты болып келді. Егеменді еліміздің тәуелсіздігін көзінің қарашығындай сақтау әрбір азаматымыздың отан алдындағы басты міндеті. Ежелгі дәстүрлерді (жастарды әскери міндетін атқаруға аттандыру, қарсы алу шаралары, соғыс ардагерлерімен кездесулер ұйымдастыру, әскери ұлттық ойындар өткізу) кеңінен насихаттай отырып, пайдаланудың тәрбиелік маңызы бар.

9. Аңшылық дәстүрлер: сыралғы, сонар, салбурын, саятшылық құс салу, ит жүгірту. Қазақ халқында аңшылық екі бағытта дамыды. Кәсіптік аңшылық. Саятшылық, салбурын, сонар маусымдық аңшылық дәстүрлер. Бұл күнді саятшы, құсшы, аңшылар асыға күткен. Бірақ мұны кәсіпке айналдырмаған. Бұл дәстүрлердің эстетикалық, этикалық тәрбиесі маңызды.

10. Мәдени дәстүрлер: (өнер, ойын), сал серілік, күйшілік, әншілік, жыршылық, ақындық, айтыс, ісмерлік, зергерлік, үйшілік, алтыбақан, ақсүйек, қызойнақ, қыз қуу, бәйге, көкпар. Қазақ халқының мәдени мұралары ауыз әдебиеті, фольклорлық музыкасы, бейнелеу және қолданбалы қолөнері, мүсіндеулер мен архитектуралық кесенелер, ұлттық спорттық ойындар тәрізді эстетикалық мәдени дәстүрлерді жасап, орындаушылар (серілерді, әншілерді, күйшілерді, жырауларды, айтыс ақындарын, ісмерлер мен зергерлерді, атбегілер мен сыншыларды, мүсіншілер мен кесене жасаушыларды) тәрбиелеп дүниеге келтірген. Мәдени дәстүрлер арқылы өнерпаздарды тәрбиелеудің амалдары, ұрпаққа үздіксіз мәдени тәрбие берудің үлгілері қазіргі этнопедгогикалық тәрбие мен құндылықтарда жатыр.

11. Жаңа дәстүрлер: туған күн, мерей той (алтын, күміс, қола тойлар), жаңа үйге кіру (қоныс той), аттестат-диплом тойлары және басқа халықтардың этномәдени және дүниежүзілік өркениет үрдістерінен халқымыздың рухани болмысына әлеуметтік қарым-қатынастар арқылы (қоғамдық, саяси, моральдық) енген жаңа дәстүрлердің жас ұрпақ тәрбиесіне тигізер оңды және теріс ықпалын сараптап, пайымдауға болады. Тәрбие шараларын ұйымдастырғанда оның теріс ықпалдарының алдын алу шарт. Этностың этногенездік даму дәрежесінің ең жоғарғы сатысы халықтық дәстүр екендігін айттық. Халықтық дәстүрлердің қайсысы да халықтық педагогика дәстүрлеріне айнала алады. Сондықтанда халықтық педагогика дәстүрлері туралы сөз қозғағанда оның этнопедагогикалық құндылықтар негізінде жатқанын, жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты құндылықтар бастауына айналғанын ескеру қажет [4; 7; 8].

Ел басымыз білім алушы жастарға ұлттық тәрбие беруде, біріншіден, ұлттық сана-сезімдегі ұлттың өткен тарихына, бүгіні мен болашағына деген патриоттық көзқарасты қалыптастыру, екіншіден, үш тілді бірдей меңгеру мен төл мәдениетті зерделеп танудағы белсенділікті арттыру, үшіншіден, ұлттық мүдде мен құндылықтарды жастар санасына сіңдіруді үлкен жауапкершілікпен ұстаздарға артып отыр. Саналы азамат болып қоғамға пайда келтіру, білім мен тәрбие алу, ата-ананы сыйлау және қамқорлық жасау әрбір жасөспірімнің отан алдындағы парызы болып саналады.

Қазіргі білім беру ұйымдары мен оқу орындарының басты мақсаты еліміздегі білікті мамандарды даярлау екендігі даусыз. Қоғамдағы өзгерістердің қарқынды дамуы жаңа заман талабына сай сапалы кадрларды даярлауды қажет етіп отыр. Болашақ мамандар үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына төтеп беретін, өз мақсатын нақты жүзеге асыра алатын болуы тиіс. Яғни, бұл нарықтық қатынастағы қызмет талаптарына сай, маманның бәсекеге қабілеттілік деңгейін, халықаралық бәсеке күресінде мемлекеттің табысын анықтайды. «Мәңгілік ел» идеясының негізі жалпыадамзаттық құндылықтар гуманизм, патриотизм, төзімділік, адамгершілік, ұлтаралық сыйластық пен ашықтық ұстанымдарын алға қояды. Бұл құндылықтар Қазақстандағы барлық ұлттар мен этностарды біріктіретін ұлттық идеяға негіз бола алады. Сондықтан да ұлттық парыз, ұлттық сезім, ұлттық сана, ұлттық рух және ұлт мақтанышы, ұлт намысы құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. Сол себепті өткен тарихқа, салт-дәстүрге көз жүгірте отырып, төлтума ұлттық ерекшеліктегі әлеуметтік тәжірибені нығайтуға күш салынуда. Заманауи тұлға білім беру, оқыту, тәрбиелеу, өзіндік тәрбие процесінде қалыптасады, ал осы инновациялық кешенді процесс білім берудің бірқатар жаңа құндылықтарын талап етеді. Білім берудің

жаңа құндылықтары оқушыларға, студенттерге құқықтық мәдениет, қоғам өмірінің нормаларын меңгертуден, экономикалық оқыту және экономикалық білім беруден құралады [3; 7; 8].

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда жас ұрпаққа сапалы білім беруде жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту, осы жаңашылдықты қалыптастыруда дәстүрлі құндылықтарды жаңғырта отырып, ұрпақ жадына сіңіру. Жаһанданудың қазіргі үдерісі «Мәңгілік ел» – идеясын жүзеге асыру отандық білімнің әлемдік білім кеңістігіне енуі, жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы және жеке тұлғаның мәдениеті мен кәсіби құзырлығының тұрақты қалыптасуы болып табылады

Тәуелсіздігіміздің негізі «Мәңгілік ел», қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, білімді де білікті өскелең ұрпақ – мәңгілік ел тірегі болмақ!.

Әдебиеттер

1 «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». – Астана қаласы, 11 қараша 2014 жыл

2 Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2015 жыл, 30 қараша.

3 Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары: әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.

4 Қуанышбаева Ж.Ж. Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар: PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015.

5 Омарова Г.А. Духовно-нравственное воспитание студентов вузов на основе общечеловеческих ценностей: Автореф. дис... канд.пед.наук / Г.А. Омарова. – Алматы, 2010. – 25 с.

6 Кон И.С. Этнический словарь. – М.: Политиздат, 1983. – С. 333.

7 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 352 б.

8 Садуақасұлы Ә. Қазақ мектептерінің оқу-тәрбие үрдісін этнопедагогикалық дәстүрлер негізінде ұйымдастырудың шарттары. – Алматы, 2008. – 164 б.

9 Арын М. Бес анық. – Алматы, 1995. – 97 б.

10 Ғабитов Т.Х. Философия: оқулық. – Алматы, 2016.

References

1 «Nurly zhol – bolashakka bastar zhol». – Astana kalasy, 11 karasha 2014 zhyl

2 Kazakstan zhana zhahandyk nakty ahualda: өsim, reformalar, damu Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.Ә. Nazarbaevtyn Kazakstan halkyna Zholdauy 2015 zhyl, 30 karasha.

3 Zhalpyadamzattyk zhane ulttyk kundylyktar men pedagogterdin zhanashyl tәsilderi negizinde tәrbie zhүjesin zhanartu zholdary: әdistemelik kural. – Astana: Y.Altynsarin atyndagy Ulttyk bilim akademijasy, 2013. – 64 b.

4 Kuanyshbaeva Zh.Zh. Kazakstan Respublikasyndaғy zhalpyadamzattyk zhәne ulttyk kundylyktar: PhD filosofija doktory ғylymi dәrezhesin alu үshin dajyndalғan dissertacija. – Almaty, 2015.

5 Omarova G.A. Duhovno-nravstvennoe vospitanie studentov vuzov na osnove obshhechelovecheskih cennostej: Avtoref. dis... kand.ped.nauk / G.A. Omarova. – Almaty, 2010. – 25 s.

6 Kon I.S. Jetnicheskij slovar'. – M.: Politizdat, 1983. – C. 333.

7 Zharykbaev K., Kaliev S. Kazak talim-tarbiesi. – Almaty, 1995. – 352 b.

8 Saduakasuly A. Kazak mektepterinin oku-tәrbie үrdisin jetnopedagogikalyk dәstүrler negizinde ujymdastyrudyn sharttary. – Almaty, 2008. – 164 b.

9 Aryn M. Bes anyk. – Almaty, 1995. – 97 b.

10 Ғabitov T.H. Filosofija: okulyk. Almaty, 2016.

Понимание семантической природы металлов дает возможность гораздо глубже и объемнее толковать традиционную тюркскую и казахскую мифопоэтику и натурфилософию, что способно существенно повлиять на эффективность современных стратегий, восстанавливающих, укрепляющих и транслирующих уникальный культурный код.

Кулсариева А.Т.

Кулсариева А.Т.,
Султанова М., Шайгозова Ж.

Сакральная природа металлов в тюркском и казахском шаманстве и целительских традициях

Статья представляет собой культурологическое осмысление традиционных знаний казахов о сакральных свойствах металлов в формате анализа «сверхъестественной» природы железа, меди и свинца в тюркском шаманстве. В отечественной гуманитарной науке существует определенный задел, посвященный древней металлургии и некоторым металлам (преимущественно золоту и серебру), где доминируют изыскания в области археологии и художественного творчества. Однако практически нет культурологических исследований, посвященных другим металлам, бытующим в традиционной и современной казахской культуре и имеющим не столько художественную, сколько практическую целительскую ценность.

Ключевые слова: культура казахов, шаманство, семантика, металлы, железо, медь, свинец, традиционное целительство.

Kulsariyeva A.T.,
Sultanova M., Shaigozova Zh.

Acral character of metals in turkic and kazakh shamanism and healing traditions

The article is a cultural interpretation of the traditional knowledge of the sacred Kazakh metals properties within analysis «supernatural», character of iron, copper and plumbum in the Turkic shamanism. In domestic humanities there is a certain reserve devoted to ancient metallurgy and some metals (mainly gold and silver), which is dominated by research in the field of archeology and art. However, there weren't studies yet on other metals, in current perceptions of traditional and modern Kazakh culture and have not so much an art as a practical healing value.

Key words: Kazakh's culture, Shamanism, semantics, metals, iron, copper, plumbum, traditional healing.

Кулсариева А.Т.,
Султанова М., Шайгозова Ж.

Түрік және қазақ бақсылығы мен дәстүрлі емдеу тәсіліндегі металдардың сакралдық табиғаты

The first valley is the valley of the search, full of dangers. Here it is necessary to abandon their desires.

Next Valley – Valley of love, such a boundless ocean, where a man obsessed with all the desire to find a lover.

Third Valley – Valley of intuitive knowledge. Here, the heart of man perceives the light of truth and knows God.

Fourth Valley – Valley of separation, in which a man is freed from desire and dependence.

Fifth Valley – Valley association, where unity is attained earlier seemed different things and ideas.

In the sixth valley – rapture – knowledge is replaced with love. Seventh Valley – Valley of

death, in this valley man perceives as a single drop is absorbed by the ocean and, at the same time retains its value.

These valleys are improving the image of the steps, and people often get stuck on any of the steps. Therefore, Sufis are different: some seek knowledge, others turn to God, and others – supporters of love, the fourth – the supporters of unity. The rest are looking for all this, and some below it all. Sufis and have no – or definitions.

King Semurg is the man himself on the path of perfection. But this need to learn to guess. If Socrates said, «Know yourself,» that Farid put more difficult task: find yourself repeatedly. And in this repeatedly opened that anyone striving for perfection, and this was Semurg.

If a person is looking for his real way (personally), in the ways of certainty, it will be hidden for the seeker, even though the seeker is the one he is looking for. On the other hand, God will Semurg apparent to a person if he is looking for it in the ways of intuition, mysticism, irrational, mystery. Here Farid gave a distinct advantage mystical method of self-knowledge, which brings him to the position of the views of the famous Western European mysticism as M.Ekhart.

Jalal al-Din Rumi (1207-1273) is recognized in the Eastern tradition as one of the greatest mystics. The most important work of Rumi is «Masnavi-e-Maan,» in which he outlined his educational system.

The purpose of the educational system according to Rumi was to help a person achieve harmony with the mystical reality and transform it with this reality. Rumi believed that the Seeker, improving people must first understand themselves as a product standardization with frozen ideas and opinions, automatic response to internal and external impulses, which are formed under the influence of foreign influences. The problem lies in the fact that a person usually think that it is free and has a strong personality. He must abandon the illusion and make an attempt to understand the reality of it for what it really is. At the same time, Rumi believed that, a man prevented the idea from childhood that everything can be understood with the help of logical thinking.

In order to become perfect, or at least strive for excellence, quality must be used, of course inherent in every human being. The most important and the substantial of these qualities is love, which leads a man and humanity to the completeness and, therefore, to perfection. Mankind aware of its incompleteness, resulting in him is born the need to overcome it. It is committed to this, by any means, but just love really contributes to this objective.

The right way of improving the Seeker – active work in the field of public life. Before a person opens the way to improve the work only. Perfection of man, Sufis, should have a good master in any creative profession. However, the work can not be reduced to a simple physical labor, it also means working on ourselves, painstaking spiritual work, by which one attains perfection.

Rumi said that Sufis should pay equal attention to all parts of self. Focusing on one thing leads to a loss of equilibrium. All that man sees and feels, experiences in everyday life is a part of the whole. And the very life of an individual should be considered not only as a separate fragment of life, but also how it all being in general. Therefore, on the path to enlightenment is important to achieve harmony with the whole, i.e. comprehensive work life.

In the process of improving the Sufis enriches their experience and results in their thinking in line with it. Insight, offensive which means achieving a certain degree of perfection, comes gradually.

As a result of insights relevant to everyday life being revised, replaced scholasticism esoteric training. The main thing that motivates a person in this process – the search for truth, which can only be comprehended by means of constant and meticulous work of the spirit. Thus was born a spiritual experience, and people should make great efforts to preserve it, to make its meaning and essence of his being.

Rumi said that the essence of man, the nature of his spiritual life is the struggle of opposites. When these opposites are reconciled, the person becomes perfect, and is beyond the scope of human capabilities, in other words, a person becomes immensely powerful. How this happens, we can only learn from experience, to describe it in words is impossible, said Rumi. At this level of perfection of man acquires a special insight – the correct intuition. Cultivator Sufi becomes able to understand the true meaning of unexplained seemingly events. He has a special insight in all things and more clearly than the average person sees a whole, as part of the whole it is not so interesting.

True Sufi in his actions and deeds will always remember the love of the divine light in the heart. His main rule: «Heart – with God, and hands – at work ...» Scholars and poets Sufis have the broadest range of knowledge about the universe, almost all were excellent musicians, astronomers. Among the famous Sufi – Omar Khayyam, Al- Khwarizmi, Rubaie, Jalal ad-Din Rumi, Hafiz, Jami, Nizami, Ibn Arabi and others [4].

According to the teachings of Muslim philosophers of the Middle Ages, excellence in any field can be achieved only if each individual will combine a number of essential virtues, without which he is unable to properly perform the functions assigned to it by society. In the formation of a person of moral and intellectual skills that lead to true happiness, the important role played by education in the humanities, in particular philosophy. Thinkers of the East considered philosophical science as a practical means of human improvement, achieving happiness and salvation of the human race. Happiness, intelligence and virtue is a threefold perfection to which man seeks in life [5]. In order for man to live in harmony with himself, he needs to feel a sense of happiness. Relying on human innate ability to make yourself happy, man is able to achieve happiness through the beautiful action and the same wonderful state of mind, which are made in good faith and on the free choice. Faith in the power and the triumph of the human mind has allowed Al-Farabi assert people in achieving moral and aesthetic ideal is able to improve both independently and in society.

It is known that Al-Farabi in his last years of life lived in Sufi way [6]. As a great scientist and a thinker he created the model of perfect society and perfect man. His concept of perfect society became the base of ideal society, which was considered as utopian idea.

The man is on his way gradually become aware of their moral self-perfection dignity (mind, physical perfection, and so on) and evaluate himself as the supreme and the only principle in the world.

Association of people regarded as spiritual generality of, where people help each other improve their spiritual abilities. Consequently, the civil philosopher reveals the rational principles by which people living in political society, achieve the ultimate goal – happiness, each in accordance with its natural distribution position.

References

1 Al-Farabi, TalkhisnawamisAflatun, edited by ‘Abd al-Rahman Badawi, in: Aflatan fi l-islam. – Beirut: Dar al-Andalus, 1982. – p. 54.

2 Satybekova S.K. Humanism of Al-Farabi. – Alma-Ata.1975. – p. 136-138.

3 Al-Farabi. Book of happiness achievement. – Hyderabad, 1926. – p. 44-46.

4 Lolita Safronova. Source: http://shkolazhizni.ru/archive/0/n-26980/

5 Zholmuhamedova N. In search of the perfect:Al-Farabi and Ibn Sina.– Almaty, 2014. – p. 181.

6 Derbisaliev A. Aesthetics of Al-Farabi.– Almaty, 1980. – p. 36.

7 Farmer H.G. A history of Arabian music. Goodwords books. – New Delhi, 2002

8 Eric Voegelin Society Meeting. – 2009. http://www.lsu.edu/artsci/groups/voegelin/society/2006%20Papers/Samah%20El-hajibrahim.shtm

9 Al-Farabi.Treatise on the views of the residents of the virtuous city. – Alma-Ata, 1970.

Только истинно человечный человек способен и любить, и ненавидеть.

Конфуций

Если я не проложу тропы к сердцу людей, они не будут общаться со мной, хотя они не будут ни за, ни против меня.

Ибн Сина

Бесчеловечия кто обнажает меч, Тот сам падет, сражен мечом бесчеловечным.

Джами

Туганбаев Қ.Т.

Секуляризация және постсекуляризация үдерістерінің діни кеңістіктегі рөлі

Бұл мақалада қазіргі кездегі өзекті мәселенің бірі болып отырған постсекуляризация ұғымын қарастырамыз. Постсекулярлы қоғам термині неміс ғалымы Ю. Хабермастың еңбегінің жарық көруімен байланысты кең қолданысқа ие бола бастады. Постсекулярлы термині адамдар өміріндегі діннің ролінің күшеюімен байланыстырылады. Хабермастың айтуы бойынша бұл ұғымды тек секуляризацияны бастан өткерген қоғамға ғана қолдануға болады. Кейбір дінтанушылар постсекулярлы қоғамды секулярлы қоғамнан кейін жүретін адамзат өміріндегі жаңа кезең деп есептейді. Ал басқалары оған секулярлы идеологияның бір бөлшегі ретінде қарайды. Бұл көзқарасқа дін мен зайырлы өмірдің арасындағы сұхбат тән. Бұл жағдайда діни институттар мен қауымдастықтардың ролі жоғарылайды. Қазақстандық дінтануда постсекулярлық мәселесіне арналған зерттеулердің аздығы жайлы айта кеткен жөн.

Түйін сөздер: постсекулярлы, десекуляризация, десакрализация, постмодерн, секуляризация, интеграция, дезинтеграция, конфессия, плюрализм, діндарлық, атеизм, квазидін, псевдодін.

Tuganbaev K.T.

Role of process of secularization and postsecularization in religious space

At this article we have looked to the one of the most actual contemporary problem –postsecularization. This term had opened by German scientist – Urgen Habermass. Postsecularization connected with power enhance processes of religion in people's life. Urgen Habermass noted that the term should be used only to society which had been securalated. Some religious scholars think that postsecuralated society is realy new stage in the mankind's life, which came after securalated community. Others have seen postsecuralated society as a part of secularizated ideology. This is about dialogue between religious and secular life. So, there are role of social institutions and communities have been grown-up. It is clear, that in Kazakhstani religious deficit of scientific works about postsecularization.

Key words: postsekura, desekularization, desacralarion, postmodern, secularization, intergration, disintegration, confession, pluralism, religious, atheism, quasi-religion, pseudo-religion.

Туганбаев К.Т.

Роль процесса секуляризации и постсекуляризации в религиозном пространстве

В данной статье мы рассмотрим мы одну из актуальных проблем современности – постсекуляризацию. Термин «постсекулярное общество» вошло в широкое применение в основном благодаря труду немецкого ученого Юргена Хабермаса. Термин «постсекулярное» обычно связывают с процессами усиления роли религии в жизни людей. Ю. Хабермас отмечает, что термин можно применять исключительно в отношении обществ, прошедших через секуляризацию. Некоторые религоведы считают постсекулярное общество действительно новым этапом в жизни человечества, последовавшим вслед за секулярным обществом. Другие ученые видят постсекулярное общество частью секулярной идеологии. Для такого взгляда характерны диалог между религией и светской жизни. В этом случае повышается роль религиозных институтов, общин. Стоит отметить, что в казахстанском религиоведении находится не так уж много работ, посвященных осмыслению «постсекулярного».

Ключевые слова: постсекулярное, десекуляризация, десакрализация, постмодерн, секуляризация, интеграция, дезинтеграция, конфессия, плюрализм, религиозность, атеизм, квазирелигия, псевдорелигия.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 2-6 (091)

Туганбаев Қ.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: kosa-7@mail.ru

СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ПОСТСЕКУЛЯРИЗАЦИЯ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ДІНИ КЕҢІСТІКТЕГІ РӨЛІ

Қазақстанның тәуелсіздік алғанына ширек ғасыр толып отыр. Осы орайда еліміздің рухани саласында орын алып отырған діни үдерістер мен үрдістер назар аударалық өзгерістермен толықтырылды. Діни саладағы негізгі жаңалықтар қоғамымыздағы өзекті мәселенің бірі болып отырғаны шындық. Қазақстан геосаяси тұрғыдан алғанда алпауыт мемлекеттердің ортасында, Азия мен Еуропаның жанасқан жерінде тұрғандықтан біздің елдің аумағында ірі әлемдік діндер ислам және христиандық, сонымен қатар басқа да ірілі-ұсақты конфессиялардың орын тебуі түсінікті жайт. Қазақстан поликонфессиялы және көпұлтты мемлекет болғандықтан қоғамдағы тұрақтылық, дінаралық келісім, халықтар достастығы еліміздің даму жолындағы ұлттық бірегейлік пен мемлекеттік күн тәртібінен түспейтін мәселе. Көп этносты егемен Қазақстанның заман ауқымына қарай дамып, қалыптасу жағдайында рухани саладағы құндылықтарды сақтап қалып, ұлттық діліге берік болып, ата-баба мұратын жалғастыруы мен ұрпақ алдындағы борышын адал атқаруында тіл, салт-дәстүр, дін секілді рухани құндылықтарын кіршіксіз таза күйінде жеткізу міндеті тұрғаны аян. Кез келген адами ортаның, қоғамдық саланың руханиятын құратын, адамзат қоғамының бастапқы кезеңінен бастап жалғасып келе жатқан ілім, қоғамдық сананың бір формасы дін еді. Кеңестік жүйе мен коммунистік партия қанша тыйым салып баққанымен осы кезеңге үзіле жаздап барып жеткен рухани тамырдың бір көрінісі ретінде қайта жаңғырып, қоғамнан өз ролі мен беделіне орай қоғамдық ортадан орнын тапқан құндылықтың бірі дін болып табылады. Ескі қоғамдық сана келмеске кетіп, оның орнына жаңа сарындағы бағыттылыққа бет бұру, жаңа жүйе қалыптастыруда дін мәселесінің орны мен өзектілігі айқындала түсті. Себебі, діни мәселелер осы заманғы қоғамның рухани өмірінде барынша жетекші роль атқаруда және қазіргі кезде ерекше маңызды болып отыр. Қалыптасқан діни плюрализм мен дінге деген қоғамдық қызығушылық біздің елімізде мемлекет пен діннің өзара әрекеттесуін өзекті мәселеге айналдырып, саяси және идеялық қарама-қарсылық туындап отырған біршама сұрақтарды тудыруда [1].

Жаһандану жағдайында еліміздің ұлттық және мемлекеттік тұтастығын сақтау үшін өзіміздің ұлттық болмысымыз бен төл

мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды танып білу, ұлттық бет-бейнемізді, ділімізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды аманат ретінде қалдыру заман талабы. Бұл жайлы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [2], – деп атап көрсетті.

Қазіргі таңда діннің ролінің күшейе түсуі тарихи құбылыс ретінде белгілі бір заңдылыққа негізделіп отыр. XX ғасырдағы дін өзінің өзектілігін жойып, секуляризация мен сциентизм өзінің өміршеңдігін әйгілейді деген теория негізсіз болып табылып, оның жалаң гипотеза екендігі дәлелдену үстінде. Осыған орай оқырманға кейіннен белгілі бола бастаған және қазіргі таңда өзекті болып отырған постсекуляризм ұғымы қалыптасты. Оның қандай үдеріс екендігі мен діннің болашақтағы алар мәртебесі мен ролі жайлы біршама ғылыми теориялар орын алып отыр.

«Постсекулярлы» термині жалпы мағынада айтатын болсақ, әдетте діннің қоғамдағы, жеке адам өміріндегі ролінің күшеюі үдерісімен байланыстырылады. Бұл орайда діннің саясатқа өз ықпалын тигізер жеке институт ретінде алға шығуы, діндарлықтың халық арасында күшейе түсуі, діни институттардың қоғам өміріне әсерінің ұлғаюы, жалпы дінге деген қызығушылықтың дами бастауы жайлы айтуға болады.

Постсекулярлы ұғымы негізінен секулярлылықтан кейінгі деген түсінікке негізделгенімен, оның нақты анықтамасын тап басып айқындау біршама қиындықтар тудырады. Бұл терминді қолданған немесе естіген кезде оқырманның ойында секулярлықтан кейінгі, секулярлыққа қарсы немесе бейсекулярлық деген сияқты әртүрлі дүдәмал ойлар туындауы заңды. Себебі, осы кезге дейін оның нақты, деректі анықтамасы әлі нақтылану үстінде, әрі қазіргі діннің қоғамдағы мәртебесінің күрт өсуінің нәтижесінде жеке тұлғалар арасында діннің ғылыми анықтамасынан гөрі оның сакральды мәні басты орында тұрғаны белгілі.

Ортағасырларда дін қоғам өмірі мен мәдени ортаның барлық салаларына дендеп еніп, жеке адамның өміріндегі жетекші ролге ие болғанымен, кейіннен оның біртіндеп екінші орынға ысырылып, оның орнын басқа құндылықтар баса бастады. Бұл бір ғасырдың ішінде орын алған жоқ, ол бірнеше ғасырлар бойы орын алған күрделі үдеріс болды. XX ғасырда дін шынында да өзінің бұрынғы мәртебесінен айырылып, беделді инстанция ретіндегі ролінен қол үзіп қалды. Осылайша оның адам өмірінің әртүрлі сферасына әсер ететін бастапқы міндеті ұмытыла бастады. Секуляризацияның қарыштаған кезеңі батыс әлемінде XX ғасырдың ортасында орын алды. Секулярлық мәдениет басымдыққа ие болып, ғылым мен зайырлы білім барлық ақиқаттың өлшемі ретінде анықтала түсті. Бірақ, жаңа ғасырдың басталуымен дін адамзат санасында қайта жаңғырып, ғасырлар бойына айырылып қалған өзінің бұрынғы мәртебесін қайтадан қалпына келтіре бастады.

«Постсекулярлы қоғам» қазіргі кезде кері үдеріс жүріп жатқанын, яғни діннің қоғамдық сфераға қайта оралып жатқанын білдіретін термин. Біз бұл процесті күнделікті өмірден көріп, байқап жүрміз. Осымен қатар тағы бір термин десекуляризация да қолданысқа ие болуда. Оны американ әлеуметтанушысы Питер Бергер енгізген. Ол алғашқыда секуляризация үдерісін қайтымсыз деп тауып, қоғамда дін өзінің ролін түпкілікті жоғалтты деп есептесе, XXI ғасырдың бастауында ол ойынан қайтып, әлемнің дінге қайтадан бетбұрыс жасағанын мойындаған еді. Десекуляризация дегеніміз діннің қоғамдық санада нық орнығып, секулярлық үдерісінің тоқтатылуы дегенге саяды.

Постсекулярлы үдерістерге талдау жасау кезінде бұл мәселеге негізгі екі ыңғайды атап көрсетуге болады. Оның бірі ресейлік дінтанушы Александр Крылежевтың «Постсекулярлы кезең» атты мақаласында нақты келтірілген. Крылежев постсекулярлы деп секуляризация үдерісінің аяқталуынан кейінгі кезеңді айтады. Өз кезегінде постсекуляризация постмодернге келіп тіреледі. XX ғасырдағы тоталитарлы режимге қарсы күреске қатысы бар постмодерн дінді секулярлы идеологияның басымдығынан азат етуге ықпалын тигізгені белгілі. Сонымен қатар Крылежевтың ойынша постмодерн діни плюрализмге де өте күшті түрткі болып отыр.

Жаңа кезең оның ойынша секуляризацияның нәтижелерін теріске шығарып, оны мүлде жоққа айналдыра алмайды және постсекуляризация кері үдеріс дегенді де білдірмейді (десекуляризация). Бұл ұғымдар бір-біріне қарама-қайшы қойылмайды, постсекулярлылық секулярлылықтан кейінгі деген мағынаға саяды.

Бұдан байқайтынымыз әлем зайырлылықтан аяқ асты қол үзіп, аз уақытта діндарлық адамдар санасында басты орынға шығып кетті дегенді білдірмейді, ол XX ғасырдағы теория-

лар бойынша дін өз алдына әлеуметтік институт ретінде өмір сүруін тоқтатады деген пікірдің ақталмағандығын, керісінше, діннің жеке адам мен қоғам өміріндегі ролі мен мәртебесінің күшейе түсуін айғақтайды. Секуляризация үдерісі жоба ретіндегі өзінің өзектілігін жоғалтып, оның ғылыми дәйектілігі маңызын жойды.

ХХ ғасырда біздің қоғамымызда орын алған атеистік идеологияның тіпті сол кездің өзінде толықтай жүзеге аспағаны белгілі. Өкімет пен коммунистік партия қанша жерден дінге тыйым салып, атеистік идеологияны халық санасына сіңіруге тырысқанымен жеке адамның өзіндік ұстанымдарын, ішкі рухани жан дүниесіне толығымен үстемдік ете алмағаны тарихтан белгілі. Тарихқа үңілетін болсақ, қасиетті әлем мен оның бұрмаланған екінші бір беті іспеттес осы өмір, діндарлық пен дінсіздік, идеализм мен материализм қашанда бітіспес қарама-қайшылықта болып келді. Қазіргі кезде адамзаттың дүниетанымдық ұстыны өзгеріске ұшырап, бұрынғы сакральды деп есептелінген дүниелерге, құндылықтарға қайта оралуда. Секуляризация кезіндегі діннің ролінің күрт төмендеуін қазіргі кездегі, керісінше діннің ролінің күрт өсуімен салыстыруға болар еді.

Британдық ғалым Майк Кинг «постсекулярлық» түсінігін секуляризацияның дінге қарсы идеология ретіндегі үстемдігінің ақыры және оның орнына сенім мен ақылды, ғылым мен дінді ымыраға келтіру ретінде айқындауға шақырады.

Екінші ыңғай кейінгі жылдары постсекулярлы қоғам жайлы қалам тартып жүрген және осы идеяның бастаушыларының бірі болған атақты неміс философы Юрген Хабермастың атымен тығыз байланысты. Хабермас үшін «постсекулярлық» ұғымы секуляризация белгілі бір шекке келген, зайырлылық толықтай бекіген қазіргі батыстық қоғам кездесіп отырған жаңа хал-ахуалды білдіруге негізделген. Оның ойынша қазіргі Европадағы қоғамдық сананы суреттеу үшін «постсекулярлы қоғам» ұғымы дәл келеді. Себебі, бұл қоғам қазіргі таңда үнемі секуляризацияланып жатқан ортада діни қауымдастықтардың одан ары да өмір сүруін құптайды және оған икемделе береді [3]. Секуляризация теориясының бұл өзгертілген нұсқасы діннің болашақтағы роліне байланысты болжамдарды оның ішкі мәніне қарағанда көбірек қозғайды.

Басқаша айтқанда, «постсекулярлық» секулярлы қоғамның дінге қарсы идеологияға деген қажеттілігі тоқтатылып, оның орнына секуляризация үдерісін бастан кешпеген діни қауымдастықтармен қарым-қатынасын реттеу қажеттілігі туындаған жаңа құралы деп қарауға болады. Хабермастың ойынша қазіргі кезең басынан кешіріп отырған рухани дағдарыстан шығу үшін діни дәстүрлер мен оның құрамындағы құндылықтарды қолдана алады. Дегенмен, кейбір зерттеушілердің атап көрсетуі бойынша неміс философы көрсеткен батыстық постсекулярлы қоғам мен посткоммунистік кеңістіктегі дін мен мемлекеттің арасындағы әрекеттесу формасы арасында үлкен айырмашылық бар [4].

Осылайша, «постсекулярлық» ұғымына байланысты екі ыңғайды салыстыра аламыз: оның бірі «постсекулярлықты» секуляризацияның орнына келген жаңа кезең деп таныса, екіншісі – секулярлық идеологияның қоғамға дінді енгізуге әрекет ету құралы деп түсіндіреді.

Сонымен бірге, айта кетер бір жайт, Хабермас тек өз басынан секуляризация үдерісін кешірген қоғам ғана постсекулярлы деп атала алады дейді. Шынында да байқап отырғанымыздай, секуляризация үдерісі барлық әлемді толық қамти қоймады, сондықтан, әсіресе шығыс әлемін, оның ішінде араб қоғамын қандай өркениетті бастан кешіріп отырса да постсекулярлы деп айту шындыққа сәйкеспес еді, себебі, олар ешқашан діннен мемлекеттік деңгейде қол үзіп кеткен кезі болған емес. Сондықтан бұл ұғымды қолдану негізінен батыс елдері мен кезінде коммунистік-атеистік идеологияны ұстанған мемлекеттерге қатысты қолданған қолайлы. Секуляризация үрдісі батыстан басталғаны белгілі жайт. Осыған орай, батыстық ғалымдардың зерттеулері мен ойларындағы «постсекулярлық» ұғымы батыстық емес қоғамдарға қолдану қаншалықты сәйкес келеді деген ой туындайды. Ортақ теориялық алғышарттарға қарамастан (рационализм Ағартушылық, дінді ғылыммен ауыстыру), коммунистік қоғамдағы секулярлық мүлде басқа сарында жүргізілді. Негізінен кеңестік мемлекеттерде бұл үрдіс күштеумен жүргізілді. Кеңес Одағында дін батыстағыдай бейбіт түрде екінші орынға ысырылған жоқ, ол әлеуметтік тәжірибеден күшпен алынып тасталды. Мұндай сегрегацияның нәтижесі діни тәжірибенің профандалуына әкелді [5]. Сондықтан посткеңестік кеңістікте поссекулярлы қоғамның орын алуын батыстық үлгіден өзгешелеп қарастырған дұрыс.

Дін басқа қоғамда қоғамдық-саяси өмірге белсенді атсалыса алатынын да естен шығармаған жөн. Батыс Европада ортағасырларда болған схоластика ілімінің кереғар жақтары, инквицияның

жан шошырлық нәтижелері, шіркеудің құғынсүргіні іспеттес құбылыстар дінді толықтай жарамсыз дүниетаным, қоғамдық шындықтан алшақ жатқан алдамшы дүние, эмпирикаға мүлде сәйкеспейтін, демек қоғамға зиянынан басқа пайдасы жоқ бос әурешілік деген көзқарастарға әкелді. Осының нәтижесінде рационализм, сциентизм, гуманизм, либерализм сынды дүниетанымдық-әдіснамалық мақсаттар басты орынға шығып, олар негізінен діннің адамзат өміріндегі пайдалы жақтарын теріске шығарды. Европадағы ағартушылық дәуірі толықтай ғылымилықты абсолюттендіріп, оған оппозиция ретінде діни дүниетанымның пәрменін терістеген еді. Гуманизм идеясы қоғамдық және тарихи дамудың көзі деп тұлғаның догма мен ырымшылдық, соқыр сенімнен азат болып, сотериологизм, провиденциализм, эсхатологизм, теизм, креационизм секілді дәлелсіз түсініктерге бос уақытын өткізбейтін, сыни ойлай алатын, қандай да бір қияли ойдан тәуелсіз азамат ұғымын мұрат тұтты. Осындай үрдістердің қоғамдық өмірге енуі жеке адам өміріндегі құбылыстар мен заттардың десакрализациясына әкелді. Осының бәрі дінге қарсы жүргізілген идеологияның, әлеуметтік-мәдени және ғылыми-техникалық прогрестің әсерімен жүзеге асты. Десакрализация дінді аяусыз сынға алуға, оның жеке адам мен қоғам өміріндегі алар орнын жоққа шығаруға тікелей себепкер болды. Ахлақ, құқық, саясат, өнер, философия діннен толықтай арылып, одан іргесін аулақ сала бастады.

Десакрализация батыстан бастау алған секуляризация үдерісінің бір аспектісі болып табылады. Бұл үдеріс өз кезегімен жүзеге аса бастаған пантеизм, скепицизм, материализм, нигилизм, атеизмге келіп тірелді. Осы үрдістердің нәтижесінде қоғамдық санада секуляризм идеясы нық орын ала бастады. Ақыр соңында діни дүниетанымның орнын әлемнің ғылыми картинасы, креционизмнің орнын әлемнің жаралуы туралы ғылыми гипотеза, діни тыйымның орнын азаматтық құқық, діни ахлақтың орнын қоғамдық көзқарас пен мемлекеттік заңға сыйымды азаматтық ар-ұждан кодексі басты. Дінге сенушілердің өз іс-әрекеттеріне ақылға сыймсыз дүние деп қарауы қалыптасып, тіпті дінге деген жеккөрініш басымдыққа ие болды. К. Маркстың «Сананы тұрмыс билейді» деген нақыл сөзінің осы бастапқы өтпелі кезеңдегі орын алған үрдістерге қатысты өзектілігі шынтуайтында белгілі болды. Ф. Ницшенің «Құдай өлді» деген идеясы жұртшылыққа алғашында үрейлі естілгенімен, біртіндеп жүргізіліп жатқан секуляризм идеологиясы өз нәтижесін бере бастады. Бірақ бұл идеяны қолдаушылар да, оған қарсы шығушылар да уақыт өте келе діннің қоғамдық санадан мүлде ысырылып шығып қалуының мүмкін емес екендігін байқады. Дінді иллюзия немесе апиын деп есептеген К. Маркс пен Ф. Энгельстің де болашақта ғылыми рационалдылық діни иррационалдылықтан толықтай жоғары қойылып, үстемдік құрады деген идеялары да қазіргі таңда өз мәнін жойды деп сеніммен айта аламыз. Бұл теориялардан көп уақыт өтпейақ барлығы өзгеріске ұшырады. Соңғы инстанция деп есептелініп келген ғылымның беделі де мызғымас емес екендігі аян болды. Адам өмірінің барлық аспектілерін тек ғылыми критерийлермен өлшеуге болмайтыны белгілі болды. Қазіргі кезде жоғары білімі бар азаматтың дінге сенуі мен діндарлыққа берілуі және керісінше діндар адамның ғылыми-техникалық жетістікті меңгеріп, оны қажетті кезде пайдалануы, тіпті діни орындарда, құлшылық жасау орталықтарында осы ғылыми жетістіктерді қолдану әдеттегі нәрсеге айналды. Әрине, аса фанатизмге берілген теріс ағымдардағы «бидғат қосу» дегенді желеу етіп, ортағасырлық білімге қайтып оралуды құптайтын тұлғалар да баршылық, бірақ олардың үлес салмағы біршама төмен деп айта аламыз.

Қандай қоғамда өмір сүрмесін, адамзат саналы тіршілік иесі ретінде қандай да бір себеп-салдарлық қатынас пен руханилықтан қол үзе алмайды. Руханилық қазіргі кезеңде діндарлық ұғымымен сәйкес келеді. Дін қашанда қоғамда дүниетанымдық, мағына беруші, компенсаторлық, интеграциялық және дезинтеграциялық сынды әлеуметтік ролдерді атқарады. Діннің негізінде әлемді рухани тұрғыдан түсіну жүзеге асып, өмір, әлем жайлы қандай да бір бастапқы түсініктер қалыптасады, құндылықтар, нормалар, өмірлік мұраттар сияқты дүниетанымдық компонеттер құрылып, адамның жүріс-тұрыс, мінез-құлығын бағыттайтын бағдар анықталады. Діни сананың басқа дүниетанымдық жүйелерден айырмашылығы әлем-адам жүйесінде адамға көмекші ретінде қосымша тіршілік иелерінің болатынын растап, болмыстың ішіндегі құпия байланыстардың бар екендігін дәлелдейді. Бүтін болмыс әлемінде адам егер бір бостықты, жалғыздықты сезінетін болса, онда ол әлсіз, мүсәпір күйге түсіп, өмірдің мәнін жоғалтады. Ал егер ол не үшін өмір сүріп жатқанын, болып жатқан құбылыстардың заңдылығы мен мағынасын түсінер болса, онда оған күш-

қуат бітіп, қиындықтарды жеңуге мүдделі болып, төзімділік пен тағаттылыққа төселеді. Осының негізінде өмір мен өлім ұғымының шынайы мағынасын ұғынып, өлім алдындағы қорқынышты мағынасыз өмір сүру алдындағы қорқынышпен алмастырады. Парыз, ар-ұждан, ұят, адамгершілік, екінші дүниедегі тағдыр сынды түсініктер адамның іс-әрекеттеріне бастама болып, имандылық пен даналыққа жетелейді. Қазақтың «Өлімнен ұят күшті» деген даналығының мағынасы қайдан бастау алғанын осыдан аңғаруға болады.

Діннің дүниетанымдық функцияларының бір аспектісі – легитимизация. Егер тұлғалардың іс-әрекеттерінде қандай да бір шектеулер болмаса, онда әлеуметтік-мәдени ортаның өмір сүруі мүмкін емес екені белгілі. Бұл шектеулер белгілі бір жүріс-тұрыс, құндылықтар мен нормаларды қалыптастырады. Бұлар ахлақтық, құқықтық және эстетикалық жүйелерді тудырады, ал діни ғұрыптарды орындау арқылы адам оларды адамгершілік заңына сәйкес өмір сүру дағдысына айналдырады, яғни құндылықтық-нормативтік тәртіпті орнатады. Осылайша дін мінез-құлық, құндылықтар мен нормаларға адами болмысқа ешқандай да кеңістіктік және уақыттық себептерге қарамайтын, ешқашан бұлжымайтын абсолюттілік мәнін кіріктіреді. Бұл функция адамның рухани өмірін қалыптастыру арқылы жүзеге асады.

Дін сонымен бірге компенсаторлық функцияны да атқарады. Оның пайда болуы мен жұмыс істеуіне адамның қоршаған әлеммен толықтай үйлесімділікте өмір сүруіне ұмтылуы себеп болады. Дін сыртқы ортадағы күштерден тәуелсіз бола алатын сезімді тудырады. Діндар адам Құдайға сену арқылы табиғат пен социумға қатысты мүсәпірлік пен сенімсіздік сезімдерін жеңе алады және қандай да бір діни ғұрыптарды орындау арқылы өзінің ішкі қуатын жинақтайды. Мысалы, исламның бес парызын орындау арқылы белгілі бір қиындықтарды жеңуге талпынады және алдынан үлкен медет күтеді, атап айтсақ, ыстық мезгілдегі ораза ұстаудағы ағзаның талап етуіне қарамастан шөлге шыдау, таң намазына тұрудағы ұйқыны жеңу сынды сынақтар арқылы адам өзіне деген көңіл толушылық пен Жаратушының ризалығын аламын деудегі үміті оған қоршаған ортаның мағынасыздығы мен күрделілігін толықтай жеңуге бірден бір түрткі бола алады. Діннің негізінде трансцендентті бастама жатыр, ол осы өмірдегі тәуелділіктерден азат болуына, осылайша дін руханилықтың әлеуметтіктен, эстетикалықтан және басқа да құндылықтық бағыттамалардан жоғары тұруына ықпал етеді.

Дін отбасы, мемлекет, білім және өндіріс сияқты негізгі бес әлеуметтік институттың бірі болып табылады. Дін негізгі функциясы рухани қамсыздандырумен қатар экономикалық, саяси, мәдени және т.б. функцияларды орындай отырып, соцуимның өміріне өз ықпалын тигізеді. Тарихи даму барысында дін әртүрлі, тіпті қарама-қайшы функцияларды да атқаруы мүмкін. Мысалы, А. Рэдклифф-Браун діннің әлеуметтік функциясы топтың мүшелерінің ортақ қорқыныш пен үмітке тәуелді болып, осы арқылы әлеуметтік байланысты күшейтуге мүдделі болады деп атап көрсетті. Ол діннің әлеуметтік функциясы оның жалғандығы мен ақиқаттығына байланысты емес, себебі кейбіреулер қате немесе тіпті сандырақ деп есептейтін діндер әлеуметтік механизмнің құрамдас бөлігі болып табылады [6].

Интеграциялық функциясы адамдар арасындағы өзара түсінісу мен мәдени сұхбатқа, қандай да бір сенімдегі адамға толеранттылықпен қарауы мен жалпы адамды жаратылыс ретінде сыйлауы мен құрметтеуіне негізделген діни түсініктер мен сапаларға негізделген. Мұхаммед (с.ғ.с.) иудейлер мен христиандықтарды кітап иелері деп атап, оларға түсіністікпен қарап, егер өздері мұсылман қауымына қауіп төндірмесе, оларға да ешқандай қарсы шықпауға үндеуі тегін емес. Кәпір деп жалпы исламда Жаратушыны мүлде жоқ деп есептеушілерді атаған, қазіргі тілмен айтқанда атеисттер. Шынтуайтында діни тәрбие адамға тағаттылық пен сабырды, қоғамдағы реттілік пен тәртіпті уағыздау арқылы жақын адамыңды жақсы көр, басшыға бағын, оған қарсы шықпа деген секілді ғибратты істерге шақырады. Бұл әлемдік діндердің де, ұлттық діндердің де басты қағидаларының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда діннің саясилануына байланысты діннің дезинтеграциялық функциясы да өкінішке орай өз үлес салмағын қоғамдық ортадан ойып алуда. Әлемдік діндердің өзі бастапқыда ұлт пен ұлысқа қарамастан барлығын жаратқан ұлы Жаратушы деген ілімді ұстанғанымен, кейін келе өз ішінде идеологиялық тартысқа тап болып, жікке бөліну басталды. Исламның ішіндегі сунниттер, шииттер, хариджиттер сияқты ағымдар мен мазхабтарға бөлінуі, христиандық шіркеудің 1054 жылы батыстық және шығыстық болып жіктелуі, буддизмнің ішіндегі махаяна мен хинаяна сынды ағымдарының ерекшеленуі өзге дін түгілі өз діні ішіндегі тартыс-таласқа ай-

налып, тіпті қантөгіске ұласуына бірден бір себепкер болған факторға айналды. Қазіргі кезеңде бұл құбылыс қоғамдағы діни сарындағы сепаратизмге, қоғамдық дезинтеграцияға әкелуде. Діндарлар арасындағы «біз шынайы сенімді ұстанушылармыз, ал қалғандар дінсіздер, пұтқа табынушылар» деген сынды қатаң дихотомия конфессиялар арасындағы қақтығыстардың ең басты себебі болып отыр. Бұл әсіресе жаңа сектанттық бағыттарға тән негізгі ерекшелік. Қандай да бір құндылықтардың, нормативті ұстанымдардың, ілімдердің, культтер мен ұйымдардың әлеуметтік-мәдени бастамасы ретінде дін белгілі бір қауымдастықты басқа бір қауымдастықтарға қарсы қояды. Бұл қарама-қайшылық әртүрлі конфессиялар арасындағы қақтығыстың себебіне айналып, сыртқы дезинтеграцияны ушықтырып, ішкі интеграцияны күшейтуі әбден мүмкін. Осылайша, дін бір сенімдегілер арасындағы интеграцияны күшейте отырып, басқа сенімдегілерге деген агрессияның көзі болып табылады. Ғұлама ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар» деген өлеңінде:

«Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.
«Інжіл», «Құран» бәрі айтып тұрса-дағы,
Адасып ардан күсіп, қара басар, –

дейді. Шәкәрімнің сөзінен бағамдайтынымыз Інжілдің де, Құранның да негізгі идеясы – мейірімділік, әділеттілік, адамгершілік. Демек, діншілдіктің де өлшемі осылар болуы тиіс. Өкінішке орай қазіргі таңдағы әлемдік деңгейдегі саяси хал-ахуал бұған кері әсерін тигізуде.

Дін қанша жерден қоғамдық өмірге қайта оралып, бұрынғы мәртебесін қайта орнатуға тырысқанымен қазіргі қоғамдық ортада діни мен діни емес түсініктердің арасындағы айырмашылық азая түсуде. Постмодернистік құндылықтар дінді бұрынғы формасында емес, жаңа бейнеде көрсетуде. Қазіргі діндар адамдардың санасында синкреттілік, жаңа сарындағы идеялар басымдық танытып отыр. Осының негізінде әртүрлі жаңа, жат ағымдар қаулап өсіп, олар дәстүршілдіктен гөрі жаңа идеяларды басшылыққа ала отырып, нақтылықтан алшақ жатқан қарама-қайшылыққа толы ілімдердің санын көбейтуде. Бұл үрдіс дәстүрлі діндерге деген қарсы тұрушылыққа ұласып, қоғамдағы плюрализмнің бірден бір себебіне айналуда. Бұл да постсекулярлы қоғамның бір бетбейнесі болып табылады. Діни сферадағы плюрализм қазіргі таңдағы ақпараттық қоғамның жетістіктеріне сүйене отырып тез таралуда. Кез келген дінге қызығушылығы бар тұлға ғаламтор желісін пайдалану арқылы өзіне қажетті деген мәліметтерді игеріп, пайдаланып, ол үшін қандай да бір діни орталыққа бармай-ақ қолжетімді материалдарды әжетіне жарата алады. Ал бұл діннің қоғамдық ортада тез таралуына әсер еткенімен, діни сакральдылық пен оның шынайы бет-бейнесін мүлде басқа келбетте түсіну мен қабылдауға әкеледі.

Бұдан ой түйеріміз, постсекулярлы кезеңде дәстүрлі діндердің қайта оралуы мен өркендеуімен қатар дінді бетперде еткен мүлде басқа сарындағы дүдәмал бағыттардың да ролінің күшейе түсуіне толықтай жағдай жасалып отырғандығы. Бұл үдеріске халықтың діни сауатының әлі де болса кешеуілдеп жатуы мен атеистік қоғам қалдырып кеткен ойсыраған рухани саланың салдарлары да біршама ықпалын тигізуде. Көптеген авторлар постсекулярлы кезеңдегі діни жаңғырулар синкреттікке, оккультіке, эзотерикалыққа негізделген мистикалық қозғалыстар формасында көрініс табады дейді. Оған мысал ретінде осындай бір қозғалыс түрі Нью Эйджді (ағыл. New Age, «жаңа дәуір») алуға болады. Ресейлік дінтанушы Павел Костылев бұл ағымдар жайлы көзқарасын былай баяндайды: «Қазіргі таңда тарих сахынасына діннің орынын алып отырған жаңа күш шықты, оның нақты атауы да, анықтамасы да жоқ. Бұл күш діннің функциясын заңсыз иемденіп отыр, ол идеологияның билік ету феноменінен, квазиділдік формалардан, нью эйдж қозғалыстарынан көрініс тауып отыр [7].

Бұл қозғалыстар қазіргі постмодернистік мәнмәтінге толықтай кірігіп, руахни жолдағы адам ретінде ешқандай да нақты діни дәстүрлермен байланысы болмаса да Құдайға сенетін, ешқандай да қасиетті дұға оқымаса да Жаратушыға үнемі жүгінетін жан санала бастайды. Осындай жағдайда «діни» және «діни еместің» арасындағы шекара жойылады.

Ресейлік ғалым Дмитрий Разумовский Иса пайғамбардың (р.а.) туған күнін атап өту мерекесінің постмодерннің әсерінен болған трансформациясы жайлы пайымдай отырып, постсекулярлы кезеңнің басты белгісі діннің бейнесін өзгертуге деген талпыныс болатынын атап көрсетті. «Квазидін», «псевдодін», дін симуляциясы – бұлар постсекулярлы қоғамдағы жаппай діндарлықты бейнелеуге арналған терминдер.

Әдебиеттер

1 Байтенова Н.Ж., Демеуова А.Д. Религия и общество: современный дискурс. – Алматы, 20015. – 169 б.

2 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 233 б.

3 Хабермас Ю. Постсекулярное общество – что это? Часть 1 // Российская философская газета. – Апрель. – 2008. – №4 (18).

4 Гараев Д. Здравствуй, постсекулярное общество! (или спасибо Хабермасу). URL:http://www.muslimblog.ru/publ/avtory/danis_garaev/zdravstvuj_postsekuljarnoe_obshhestvo _ili_spasibo_khabermasu/16-1-0-176 (дата обращения: 28.04.2016).

5 Аникин Д.А. Конструкция религиозного пространства: механизмы и методы социализации // Социализация молодежи в современной России: проблемы и перспективы / под ред. Е.Н. Медведевой. – Саратов: Изд-во Саратовского ун-та, 2010. – С. 66–74.

6 Забияко А.П. Партиципация //Религиоведение. Энциклопедический словарь / под ред. А.П. Забияко, А.Н. Красникова, Е.С. Элбакян. – М., 2006. – С. 748.

7 Костылев П. Н. Танго для узурпатора: [Реален ли постсекулярный мир?] // Русский журнал [http://www.russ.ru]. – 2009. http://www.russ.ru/pole/Tango-dlya-uzurpatora.

References

1 Bajtenova N.Zh., Demeuova A.D. Religija i obshhestvo: sovremennyj diskurs. – Almaty, 20015. – 169 b.

2 Nazarbaev N.Ә. Tarih tolқynynda. – Almaty: Atamұra, 1999. – 233 b.

3 Habermas Ju. Postsekuljarnoe obshhestvo – chto jeto? Chast’ 1 // Rossijskaja filosofskaja gazeta. – Aprel’. – 2008. – №4 (18).

4 Garaev D. Zdravstvuj, postsekuljarnoe obshhestvo! (ili spasibo Habermasu). URL:http://www.muslimblog.ru/publ/avtory/danis_garaev/zdravstvuj_postsekuljarnoe_obshhestvo _ili_spasibo_khabermasu/16-1-0-176 (data obrashhenija: 28.04.2016).

5 Anikin D.A. Konstrukcija religioznogo prostranstva: mehanizmy i metody socializacii // Socializacija molodezhi v sovremennoj Rossii: problemy i perspektivy / pod red. E.N. Medvedevoj. – Saratov: Izd-vo Saratovskogo un-ta, 2010. – S. 66–74.

6 Zabijako A.P. Participacija //Religiovedenie. Jenciklopedicheskij slovar’ / pod red. A.P. Zabijako, A.N. Krasnikova, E.S. Jelbakjan. – M., 2006. – S. 748.

7 Kostylev P. N. Tango dlja uzurpatora: [Realen li postsekuljarnyj mir?] // Russkij zhurnal [http://www.russ.ru]. – 2009. http://www.russ.ru/pole/Tango-dlya-uzurpatora.

3-бөлім
САЯСАТТАНУ

Раздел 3
ПОЛИТОЛОГИЯ

Section 3
POLITICAL SCIENCE

Абилдаев А.

Основные социально-политические угрозы национальной безопасности Республики Казахстан в контексте трансформации энергетической отрасли в мире

Данная статья посвящена рассмотрению основополагающих тенденций изменению энергетической отрасли в Казахстане в частности и в мире в целом. Энергетические ресурсы становятся инструментом политики, который используется в определенных целях. Но вес этих инструментов зависит от состояния энергетической отрасли в целом. При проведении энергетической политики очень важно адекватно оценивать возможности данного инструментария, понимать и прогнозировать развитие событий в энергетической отрасли. В статье рассматриваются вопросы влияния энергетического фактора на внутреннюю политику Казахстана, также в статье делается прогноз совместного развития экономики Казахстана и энергетической отрасли Казахстана, выделяются основные угрозы социально-политической стабильности, связанные с изменением структуры энергетической отрасли в мире.

Ключевые слова: социально-политические угрозы, 5 институциональных реформ, Республика Казахстан, внутренняя политика.

Abildayev A.

Main socio-political threats to national security of the Republic of Kazakhstan in the context of transformation energy sector in the world

This article is devoted to the basic trends of change in the energy sector in Kazakhstan in particular and the world in general. Energy resources are the policy tool that is used for specific purposes. But the weight of these instruments depends on the state of the energy industry as a whole. In carrying out energy policy it is very important to adequately assess the capabilities of the tools to understand and predict the development of events in the energy sector. This article discusses the impact of the energy factor in the internal policy of Kazakhstan, as the article is a forecast of the joint development of Kazakhstan's economy and energy sector of Kazakhstan, highlighted major threats to social and political stability, related to changes in the structure of the energy sector in the world.

Key words: socio-political threats, 5 institutional reforms, the Republic of Kazakhstan, internal policy.

Абилдаев А.

Әлемдегі энергетикалық саланың өзгеруі негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің негізгі әлеуметтік-саяси қатерлері

Бұл мақала Қазақстанның энергетикалық саласының өзгеруінің негізгі тенденцияларын жекелей және әлемде жалпылай қарастыруға арналған. Энергия ресурстары нақты белгіленген мақсаттар үшін пайдаланылатын саясат құралы болып табылады. Бірақ бұл құралдардың салмағы тұтастай алғанда энергетика саласының жағдайымен байланысты. Энергетикалық саясатты жүзеге асыру кезінде аталған құралдардың мүмкіндіктерін дұрыс бағалауды, энергетика саласындағы оқиғалардың дамуын түсіну мен болжамдау өте маңызды болып табылады. Бұл мақалада Қазақстанның ішкі саясатына энергетикалық факторлардың әсері сұрақтары қарастырылады, сондай-ақ мақалада Қазақстанның экономикасы мен Қазақстанның энергетикалық саласының бірлесе дамуының болжамы жасалады, әлемдегі энергетикалық сала құрылымының өзгеруімен байланысты әлеуметтік-саяси тұрақтылықтың негізгі қатерлері атап өтіледі.

Түйін сөздер: әлеуметтік-саяси қатерлер, 5 институционалдық қайта құрулар, Қазақстан Республикасы, ішкі саясат.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 327(574:[338.23:620.9-0.27.45]

Абилдаев А.

Еврайзийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана
E-mail: a.almaz1976@gmail.com

ОСНОВНЫЕ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ УГРОЗЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В КОНТЕКСТЕ ТРАНСФОРМАЦИИ ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ ОТРАСЛИ В МИРЕ

Проблема энергетической безопасности стоит перед Казахстаном не так остро, как перед другими странами. Но проблемы в энергетическом поле Казахстана могут оказать более негативную роль, чем дефицит энергоресурсов в экономике. За годы независимости Казахстан пережил 2 больших и долгих этапа развития энергетической сферы Казахстана, 2 пятнадцатилетние экономические волны. С 1985 по 1999 годы во всем мире наблюдалось слабое развитие энергетической сферы экономики, вызванное низкими ценами на энергоносители. Отрасль переживала своеобразную спираль. Низкие цены заставляли ведущие компании не инвестировать в данную отрасль, так как прогнозируемая отдача была малой. При этом было стремление выжать из существующих мощностей максимум при минимальных вложениях. В итоге отсутствие инвестирования дало знать о себе в 1999 году, когда из-за сокращающегося предложения (более 10 лет не было серьезных инвестиций в данную отрасль для ввода в эксплуатацию новых мощностей) стали расти цены. В итоге мы стали свидетелями другой тенденции высоких цен на энергоносители. В 2014-2015 годах данный тренд также закончился. И на данный момент мы находимся в зоне начала нового понижательного тренда. Здесь стоит отметить, что Казахстан как государство очень сильно зависит от динамики цен на энергетических рынках мира. Фактически Казахстан, как сказал первый президент Казахстана и лидер Нации Нурсултан Абишевич Назарбаев, оказался в новой геоэкономической реальности. Переход к новым реалиям имеет сильные социально-политические последствия. Еще Майкл Росс оценивал влияние нефтяного фактора на политические институты [1]. Позже Дарен Аджемоглу и Джеймс Робинсон в своих исследованиях [2] показывали, как энергетический фактор влияет на появление экстрактивных политических институтов. Таким образом, теоретически данная тема разобрана на высоком научном уровне, но при это в Казахстане данные теоретические фреймы мало использовались при исследованиях энергетического фактора. Для того чтобы вообще говорить о влиянии энергетического фактора Казахстана на социально-политические процессы, стоит изначально проиллюстрировать динамику изменения энергетических показателей Казахстана. Здесь стоит

выделить отдельные данные по нефти, газу, углю, ядерной энергии, а также зеленой энергетики (возобновляемые источники энергии). В плане нефти, Казахстан, согласно статистическому отчету Бритиш Петролеум [3], обладает запасами в размере 3 млрд. 900 млн. тонн нефти. Это составляет 1,8% всех мировых запасов нефти. В 2015 году добыча нефти в Казахстане упала с 80 млн. тонн до 74-75 млн. тонн. В 2014 году добыча нефти составляла 1,9% от мировой добычи нефти. При этом в Казахстане за годы независимости выросли как добыча так и цена на нефть. Данные по 1992-2014 годам можно видеть в таблице 1.

Таблица 1

Год	Добыча нефти (млн. тонн)	Цена нефти марки Брент за баррель
1992	25,8	19,32
1993	23,0	16,97
1994	20,3	15,82
1995	20,6	17,02
1996	23,0	20,67
1997	25,8	19,09
1998	25,9	12,72
1999	30,1	17,97
2000	35,3	28,50
2001	40,1	24,44
2002	47,3	25,02
2003	51,5	28,83
2004	59,5	38,27
2005	61,5	54,52
2006	65,0	65,14
2007	67,1	72,39
2008	70,7	97,26
2009	76,5	61,67
2010	79,5	79,50
2011	80,0	111,26
2012	79,2	111,67
2013	81,8	108,66
2014	80,8	98,95
2015	74-75 (предварительные оценки)	

К сожалению, на данный момент, нет статистики по 2015 году, но, судя по всему, цена на нефть в 2015 году будет на 30-50% меньше уровня 2014 года. При этом данное снижение не будет носить краткосрочный характер, как было в ситуации 2009 года. Многие исследователи пишут о сланцевой нефти, но крайне однобоко. Большинство экспертов акцентируют внимание на возросших объемах добычи, показывая, что тем самым сланцевая нефть в долгосрочной перспективе будет бить по цене на нефть, существенно ее удешевляя. Но есть еще одно немаловажное следствие появления сланцевой нефти. Нефть теперь становится пластичным товаром, который более сильно будет реагировать на рынок и цену на рынке. К примеру, традиционные месторождения имеют другой характер разработки. Разработка нового месторождения от подписания контракта до получения первой нефти в среднем занимает от 4 лет до 15 лет (как в случае с Кашаганом). Тем самым люди принимают решение по одной цене на нефть, начинают разработку при другой, а получают первую нефть при третьей цене на нефть. К этому времени вся нефтяная конъюнктура может несколько раз измениться. В сланцевым месторождениях, от подписания контракта до получения первой нефти в среднем проходит 80 дней, тем самым нефтяники тут более привязаны к рынку спроса и предложения. Кроме того, скважину со сланцевой нефтью можно легко «заморозить», в то время как традиционную скважину очень трудно «заморозить». В общем, основными следствиями «сланцевой революции» стали низкая цена на нефть и более тесная привязка нефти к рынку. Таким образом, прогнозы экспертов, что такие цены сохранятся как минимум ближайшие 10 лет, обретают под собой почву. Исходя из этого, стоит понимать, что у Казахстана будут очень большие социально-политические последствия. По прогнозам разных экспертов денег Национального фонда хватит у Казахстана на 3-5 лет (в зависимости от выбранной стратегии борьбы с дефляционной спиралью), то есть в 2019-21 годах, Казахстан (если не будут реализованы запланированные реформы в полном объеме: «100 конкретных шагов» и т.д.) может столкнуться со своим вариантом внутриполитической дестабилизации.

Другие отрасли энергетики имеют меньшее значение для Казахстана. В плане газа с 1992 по 2014 годы, его добыча выросла почти в три раза.

Таблица 2

Год	Добыча газа (млрд. кубических метров)	Усредненная цена газа в странах ОЭСР (долларов за миллион британских единиц тепла)
1992	7,3	3,19
1993	6,1	2,82
1994	4,1	2,70
1995	5,3	2,96
1996	3,9	3,54
1997	5,7	3,29
1998	4,6	2,16
1999	6,2	2,98
2000	7,7	4,83
2001	8,6	4,08
2002	8,5	4,17
2003	11,1	4,89
2004	12,3	6,27
2005	12,7	8,74
2006	13,0	10,66
2007	15,1	11,95
2008	16,9	16,76
2009	16,4	10,41
2010	15,9	13,47
2011	17,5	18,56
2012	18,4	18,82
2013	18,6	18,25
2014	19,3	16,80

В 2014 году добыча газа достигла 19,3 миллиардов кубических метров, что составляет всего 0,6% от всей мировой добычи нефти. Запасов же газа в Казахстане 1,5 триллиона кубических метров газа, что составляет 0,8% от всех мировых запасов.

В плане угольной промышленности дела обстоят лучше. Казахстан в 2014 году имел следующие запасы: 33 миллиарда 600 миллионов тонн угля, что составило 3,8% от мировых запасов угля. При этом в 2014 году Казахстан добыл 108 миллионов тонн, то есть 1,4% от всей мировой добычи угля.

Таблица 3

Год	Добыча угля (млн. тонн)	Усредненная цена газа в Европе (долларов за тонну)
1992	126,5	38,53
1993	111,9	33,68
1994	104,6	37,18
1995	83,4	44,50
1996	76,8	41,25
1997	72,6	38,92
1998	69,8	32,00
1999	58,4	28,79
